Хикаятқа негіз болған пайғамбарлардың өнегелі өмірі мен ақыл-ойы туралы айтылатын дүниелердің шоғыры ұшан-теңіз. Соның бірі – Айуб пайғамбардың басынан өткен оқиғалары арқылы баяндалады. Онда отбасы тірлігі мен жұбайлардың бір-біріне деген риясыз махаббаты, жанашыр жақындығы бастарына түскен қиындықты бірге көтере білген асыл қасиеттері әңгімеленеді. Қиын жағдайды қалай еңсеріп, жеңуге болатыны туралы Айуб пайғамбар мен оның жұбайы арасындағы терең сүйіспеншілік арқылы берілген. Адамдардың бір-бірімен қандай қарым-қатынаста болуы керек екенін, адамдықтың қандай деңгейдегі асыл қасиет екенін осы хикаяттан да жан-жақтылы, терең ұғуға болатын секілді. Хикаятта әйел заты үшін бұрымы қандай қасиетті саналса да, сол қасиетті затты жұбайының бір жұғым сусыны мен бір шайнам тамағына, атап айтқанда жұбайының тағдырына бола құрбандыққа шалғаны баяндалады. (*Айуб алайһи саламның Пайғамбарлығы баянында*).

Хикаяттың өзі айтып тұрғандай істің мән-жайын түсінбеген Айуб пайғамбар әйеліне қатты ашуланып, реніш білдіргенімен, сауыға сап, ол әйеліне ауыр жаза қолданбады. Қайта, істің анық-қанығына жету үшін оны тектеп-тексеріп, ақ-қарасын айырып алып, өзінің ісінің қате, әйелінің кінәсіз екеніне көзін жеткізген соң, берген антын орындау үшін жүз шыбықты бірге байлап, ұру әрекетін ғана жасап қояды. Пайғамбардың бұл іс-әрекеті де кейінгі қауымға үлгі боларлықтай мысал екені белгілі. Бұл да бүгінгі қоғамдағы алды-артын ойламай, бірден дүрсе қоя беріп, қарсы тараптарды жазықсыз кіналайтын ерлі-зайыптылар үшін үлкен ақылдың көзі секілді көрінеді. Белгілі бір іске тез тұжырым жасап, алдын ала кесіп-пішуге болмайтынын, тек істің анық-қанығына, ақиқатына көз жеткізгеннен кейін ғана іс қылудың маңыздылығын аңғартып тұрғандай. Сонымен бірге бұндағы назар аудартатын және бір жай – ерлі-зайыптылар арасындағы сыйластық пен бір-бірінің амандығы үшін неге болса да баруға дайын болатын жанқиярлығы. Әйел үшін бұрым – абыройдың, адалдықтың символы болса, сол масқаралыққа төзіп, ерінің амандығы үшін сол қадамға баруды ерлікке парапар дүние деп бағалауға болатынын аңғартады. Бұның өзі де бүгінгі қоғамдағы ерлі-зайыптылардың болмайтын кішкене іске бола араларына сызат түсіріп, бүлініп жатуының еш себебі жоқ, жай бір дүние екенін аңғартқандай сезіледі. Сондай-ақ, осы хикаят арқылы ерлі-зайыптылар арасындағы сыйластық пен адалдықты, бір-біріне шынайы берілудің қаншалықты маңызды екендігін, отбасы құндылығының мәнінің зор екенін ұқтырса керек. Хикаят мәтіндеріне назар салып қарасақ – барлығының да дәріптейтіні адалдық, тазалық, бір-біріне деген сенімділік, сондай-ақ, асқан сабырлық пен кішпейілдікті көрсету.

Адамдардың хақын жемеу, олардың адамдық тұрғыдан да, о дүниелік жағынан да сұрауы болатыны хикаяттарда баяндалады. Бірде Хазірет Омар (р.а.) халифа болып тұрған кезінде бір күні түнде халқына, еліне байланысты іспен шұғылданып жатады.

Сол кезде біреу жеке басының шаруасымен оның алдына кіріп, келген себебін айтады. Хазірет Омар (р.а.) шапшаң орнынан тұрып, сол жерде жанып тұрған майшамды сөндіріп, басқа майшам жағады. Бұдан ештеңе түсінбей қалған қонақ Омардан (р.а.):

– Екеуі де майшам. Қараптан-қарап біреуін сөндіріп, екіншісін жаққаныңыз не? – деп сұрайды. Хазірет Омар (р.а.) оған былай деп жауап береді:

– Сөндірген майшам мемлекеттікі. Сенімен жеке шаруа жайында әңгімелесу үшін мемлекеттің мүлкін қолдануға хақым жоқ. Сондықтан оны сөндірдім де, өз ақшама алған майшамды жақтым (*Адам хақы туралы*).

Жоғарыдағы шағын мәтін – қазақтың «судың да сұрауы бар» деген мақалын еске салады. Бір елдің халифасының мемлекеттік мүдде мен жеке мүдде арасына назар аударып, бір-біріне араластырмай жеке іс ретінде қарауы үлгі боларлық жағдай. Осы аңызды тындап өскен кез-келген ұрпақ санасында сілкініс болатыны белгілі.

Шынында да, айтулы тұлғалар дүние жүзіндегі діни дәстүрлерде маңызды рөл атқарады. Олар өзіне сенушілерге этикалық мінез-құлыққа және рухани өсуге бағыттайтын ізгілік шамдары ретінде қызмет етеді. Оны төмендегідей бірнеше басқышта атап өтуге болады:

– Хикаятта аты аталатын пайғамбарлар мен айтулы тұлғалар өздеріне сенушілерді сөздері, әрекеттері және ілімдері арқылы шабыттандырады. Олардың үлгілі өмірі жанашырлық, кешірімділік, кішіпейілділік және сүйіспеншілік сияқты ізгі қасиеттерді бойына сіңіру жолын көрсететін бағдаршам ретінде қызмет етеді.

– Діни аңыздар мен жазбалар пайғамбарлар мен әулинелердің, ел есінде қалған танымал тұлғалардың өмірін баяндайды, олар қиындықтарды қалай жеңгенін, ізгі қасиеттерді қолданып, сенімінде берік болғанын суреттейді. Бұл әңгімелер ізгі өмір сүруге ұмтылатын сенушілер үшін құнды сабақтар мен түсініктер береді.

– Хикаят кейіпкерлері (пайғамбарлар мен әулиелер) тек құрметтеліп қана қоймайды, сонымен қатар үлгі ретінде де қарастырылады. Оларға сенушілер мен соңынан ерушілер олардың ілімдері мен құндылықтарын өз өмірлеріне енгізе отырып, олардың ізімен жүруге ұмтылады. Оларды үлгі ету арқылы сенушілер ізгі қасиеттерді дамытып, олардың рухани байланысын тереңдетуді мақсат етеді.

Пайғамбарлар мен белгілі тұлғалар нақты діни дәстүрлердегі орталық тұлғалар болғанымен, олардың ілімдері көбінесе діни шекаралардан тыс резонанс тудырады. Олар көтерген жанашырлық, әділдік және мейірімділік сияқты жалпыға бірдей қағидалар кең тартымдылыққа ие және әртүрлі мәдени және діни ортадағы адамдармен бағаланады.

Лұқман Хаким, яғни Лұқман дана – ислам әдебиеті мен фольклорында жиі айтылатын тұлға. Ол пайғамбар болмаса да, Сүлеймен пайғамбардың кезінде өмір сүрген дана және әділ адам болған деп есептеледі. Оның хикметтері мен сөздері ислам мәдениетінде кеңінен танымал. Оның даналығы өмірдің түрлі аспектілеріне, соның ішінде этикаға, отбасылық қарым-қатынасқа және руханиятқа қатысты өнегелі нұсқаулар мен практикалық кеңестер беретін нақыл сөздер мен даналық сөздердің топтамасын қамтиды (Abdullah Katutu, Abur Hamdi Usman 2015: 175-180). Лұқман Хаким өмірінің ерекшеліктері ел арасында кеңінен таралып, аңызбен көмкерілген. Оның әңгімелері өмірдің қиындықтарын сеніммен, даналықпен және адалдықпен

басқаруға ұмтылатын адамдар үшін шабыт пен әсердің сарқылмас бұлақ көзі болып табылады. Оның мысалы төмендегі хикаят мәтінінен айқын көрінеді.

Лұқман Хакімге бір сопысымақ адам бір жиылыста айтты:

– Сіздің ауруға ем етуіңіз күнә-дүр. Құданың жіберген қаза-бәлесіне себеп табамын деген Құдайға қарсылықтан табылады деп білемін, – дейді. Лұқман айтты:

– Олай болса сол айтылған сөзіңіз жазылған кітапты келтіріңіз. Сенімді кітап болса біз тәубе айтып дәрігерлікті қоялық, – депті. Сопы бұл сөзді еш кітаптан көргені жоқ, кітап алып келемін деп қозғалмады. Жиылып отырған халық шулап қоя берді және де халық айтады:

– Әй, сопы, Лұқман Хакім жесірге байдай, жетімге аттай болып неше мұңлы бейшаралардың көзінің жасын тыйды. Сен бұл істі күнә деп білсең, кітабыңды көрсет, болмаса қазыға алып барып жазалаттырамыз, – деп. Істің бұлайша зорайып бара жатқанын көріп Лұқман халықтан өтініш айтып, тысқа шығарып, сопыны оңашаға қалдырып айтты:

– Алла разы болсын, молдам, білген шамаңызша бізді күнәдан тыю үшін ақыл айтқаныңызға, бірақ бізден де сізге бір ақыл айтылсын. Қашан да бір істі істегіңіз келсе, ол іске әуелі ақылыңызды, онан соң көзіңізді жұмсаңыз. Сонан соң ақылыңыз дұрыстаса, көзіңіз көріп, жөнін тауып мақұл көрсе, тіліңіз бен көңіліңізге сонда ерік беріңіз. Екінші – сіздің айтқан сөзіңізден оқып жетпегендік көрінді. Құдай тағала адамға әр түрлі дене берді, қол берді жұмыс қылмақ үшін, көз берді көрмек үшін, аяқ берді жүрмек үшін, құлақ берді естуге, ақыл берді жаман-жақсыны ойланып білуге. Сол берген денелерді тиісті орнына жұмсасаң, Құдай бұйрығына қарсылық болып табылмаса керек. Оның үшін жүрмей, тұрмай, отырмай, көрмей, естімей Құдайға құлшылық ету де болмайды. Сол рәуішті жансыз нәрселердің де керексіз жаратылғаны жоқ. Бір шөпті у етіп жаратты, екінші шөпті оған бастық етіп жаратты. Бұларды да танып біліп, бұйрықты орнына жұмсамасаң, күнәлі боласың. Тиісті орнына жұмсаудан күнә болмаса керек, – дейді.

Бұларды жинақтай келгенде хикаяттағы кездесетін образдар ізгі және мағыналы өмір сүруге ұмтылатын, өздеріне сенушілердің таным-түсінігіне сілкініс тудыратын мәңгілік даналық пен басшылықты ұсына отырып, діни дәстүрлерде шешуші рөл атқарады. Өздерінің ілімдері мен үлгілері арқылы жеке адамдарды, ізгі қасиеттерді тәрбиелеуге ықпал етеді.

Пайғамбарлар өмірінен алынған хикаяттарда тек адал кәсіп, таза жолмен өмір сүрудің маңыздылығын ескертіп отыратыны білінеді. Арамдықпен, біреуді алдап-арбап оның хақын жеумен еш нәтижеге, жақсылыққа жетудің мүмкін еместігін аңғартады. Пайғамбарлар өмірінен кейін, көбінде үлгі-өнеге ретінде ел есінде қалып, санасында жаңғырғаны, әулиелер мен оқымыстылардың, әйгілі ғалымдардың өмір жолы мен олардың кейінге жазып қалдырған ғибратты хикаяттарынан айқын көрінеді. «Құран тілімен айтқанда олардың бойында «усуәтул-хасана», яғни көркем үлгі-өнеге бар. Дінді жеткізіп түсіндіру Аллаһтың таңдаулы құлдарының басты мақсаты болғандықтан, олар адамдарға айтқанын алдымен өздері орындап, өзгелерге мінсіз үлгі-өнеге бола білген. Олар Хақ тағала мен адамдар арасындағы қарым-қатынастың қалай болу керектігін өнегелі өмірлерімен өзгелерге үйретті. Пайғамбарлардың

періште немесе басқа болмыстан емес, адамдардың өз арасынан тандалу сыры да осында. Періштелерде ішіп-жеу, құмар тарқату, үйлену секілді адамдарға тән сипаттар болмайды. Олардың өмір сүру шарттары мүлде бөлек. Періштелердің ішіп-жемейтіндігі, бас құрап үйленбейтіндігі ислам ілім-білімінде қашаннан белгілі» (Сейітұлы, 2010: 20-21). Ел арасында адамдарға дүниеқоңыздықтың, шектен асқан дүниеқорлық, тойымсыздықтың соңы неге апарып соғатыны туралы да ғибратты хикаяттар тараған. Ол «Құдайдың нақсүйер құлы» деген хикаятта анық байқалады. Бірде Мұса пайғамбар: – Ей, Құдай, менен сүйікті осы күні пенден бар ма? – деді.

– Сенен сүйікті пәлен өзеннің бойында бір жігіт бар, – деді.

Мұса пайғамбар ол жігітті іздеп барады. Барса, бай жігіттің үйінде шошқаның қабаны мен мегежіні жатады. Бұның не жағдай екенін сұрайды. Жігіт әкесі мен шешесі екенін айтады. Олардың мұндай күйге түсуі өздерінің пиғылынан деп түсіндіреді. Әке-шешесі болғандықтан оларды ренжітпей бағып-қағып отырғанын айтады. Алғашқыда әке-шешесі кедей болып, бір байдың малшысы болады. Баласы өмірге келеді. Күн суық болғандықтан байдан көмек сұрайды. Бай түйесін беріп, ең бірінші жолыққан ағаштан ары өтпей, соны отын ғып ал дейді. Орманға барса, бірінші жолыққан ағаш өте жуан болады да балтамен шаба алмай жылайды. Одан ары өтейін десе, байдан қорқып, Құдайға жалбарынады. Сол кезде ағашқа тіл бітіп, жылауының себебін айтады. Ағаш: «үйіңе қайта бер, отын дайын», – дейді. Үйіне келсе, есігінің алдында отын үйіліп жатады. Бұл жағдайды әйеліне айтады. Әйелі тамақ сұрап кел дейді, барып тамақ сұрайды. Қарыны тоятындай тамақ дайын болады. Одан кейін байлық сұра деп тағы жібереді. Байлық та береді. Патшалықты сұра дейді әйелі. Ол талабы да орындалып, патша болады. Бәріне қолы жеткен соң, әйелі жер мен көктің қожасы Тәңірлікті сұра дейді. Бұл сөзді естіген ағаш оларды қарғап, біреуін қабан, екіншісін мегежіңге айналдырады. Тойымсыздығынан әке-шешесінің осындай күйге түскенін айтады. Бұл хикаятта екі түрлі ой жатқаны байқалады. Әуелгісі шектен шыққан қанағатсыз, тойымсыздықтың соңы өз басын жұтатыны, барға қанағат, шүкірлік ету керек екенін ескертеді. Адамдардың тойымсыздығының шектен асқаны соншалық, тәңір, жаратушы болуды да қалайтынын, қанағатсыздығын ашып көрсетеді. Екінші бір ой – баласының әке-шешесін далаға тастамай, бағып-қағуы. Яғни қазақ түсінігіндегі «әке-шешен жынды болса байлап бақ» деген қанатты сөзімен ұштасып жатқанын көреміз. Қалай болғанда да әке-шешесінің бұндай күйіне шыдас беріп, оларды бағып қағып, ренжітпей отырған баласының бейнесі тәлім алатындай тәрбиеге толы екені аңғарылады. Бұл хикаятта миф пен ертегінің элементтері араласып жүргенін көреміз. Ағаштың адам бейнесінде тіл қатуы – ең алғашқы мифтік түсініктің әсерінен болса керек. Алайда бұл хикаяда жаратушының шеберлігінен болған дегенді меңзейді. Сонымен бірге бұл хикаят пайғамбар өмірімен байланысты айтылғандықтан сенімсіздік тудырмай, тыңдаушысын иландырғандай болады. Жоғарыдағы мәтін тек Мұса пайғамбар туралы ел арасында тараған бір хикаят қана. Ал Мұса пайғамбар туралы туралы жан-жақты зерттеуді Hendrik Bosman мақаласы арқылы танысуға болады (Hendrik Bosman, 2007: 326-333)

Әрине, бүгінгі біздің қоғамдағы кейбір келеңсіз жағдайлардың орын алуы, ата-анасын қараусыз қалдырып, қарттар үйіне өткізіп жіберуге бейім болуы, өзі жүріп

тұра алатын, он екі мүшесі сау, өзін өмірге әкелген аяулы жандарына жанашырлық танытпай, безбүйрек болып бара жатқан бүгінгі қоғамды тәрбиелеуде бұл хикаяттың да алатын орны айрықша. Тыңдаған адамға ой салады. Жағымсыз хайуанға айналып кеткен әке-шешесіне қамқорлық танытып, бағып-қағып отырған жетелі ұрпақтың бейнесі әрбір тыңдарман қауымға ой салатыны шындық.

4. Зерттеу нәтижесі

Хикаят мәтіндерінің бір шоғыры пайғамбарлар мен сахабалар және әйгілі адамдардың өмірімен сабақтаса баяндалатыны бар. Нұх пайғамбар мен оның қауымы жайлы, Нұхтың қауымына жаза ретінде келген топан су туралы да хикаяттар көп тараған. Бұл тақырып ғалымдардың зерттеулерінен де тыс қалмаған (Науати Аудин, 2020: 19-26)

Ел арасында Сүлеймен пайғамбарға байланысты хикаяттар көп тараған: «Су патшасы Сүлеймен», «Сүлеймен пайғамбар», «Тақ Сүлеймен», «Бала Сүлеймен тапқырлығы», «Сүлеймен патша мен байғыз», «Сүлеймен пайғамбар мен байғыз», «Сүлеймен мен Құмырсқа», «Хазірет Сүлеймен мәңгі суының хикаяты», «Тағы да Сүлеймен пайғамбар туралы», «Қарға баласын «аппағым» дер, кірпікшешен баласын «жұмсағым» дер» (Әкімова, 2020). Жоғарыдағы мәтіндердің біразы қазақ ертегілерінің құрамында қаралып жүр. Бұл хикаяттардың әртүрлі сипатта ғибраттық мәні айқын көрінеді. Бірінде тәкаппарлық, енді бірінде тергеп-тексермей, анық-қанығын білмей тұрып сөзге ерушілік, тағы бірінде әркімнің өз баласы өзіне күннен жылы, оттан ыстық, сүттен ақ екені туралы айтылады. Хикаяттардың денінде Сүлейменнің асығыс шешім қабылдауы мен артынан ол шешімдерінің дұрыс болмағандығына көзін жеткізіп барып, қателесуден өзін сақтап қалғаны туралы әңгімеленеді.

Сүлеймен пайғамбар туралы хикаят еврей және христиан мәтіндерінде де кездеседі. Сүлеймен исламдағы ұлы пайғамбарлардың бірі болып саналады, оның даналығымен, әділдігімен және жануарлармен байланысып, жындарды (рухтарды) басқару қабілетімен танымал. Сүлеймен пайғамбар туралы аңыздың негізгі аспектілері төмендегідей болып келеді: Сүлеймен әртүрлі әңгімелерінде, соның ішінде Сүлейменнің әділдік үшін көрсеткен ерекше даналығы атап өтіледі, онда ол бір баланың анасымын деп мәлімдеген екі әйел арасындағы дауды шешеді. Баланы екіге бөлуді ұсынып, осылайша шынайы ананың болмысын ашады. Осындай бала тағдырына шешім шығару, әділ билік айту мотиві Едіге биге байланысты аңыздарда да кездеседі. Оның бірінде жоғарыдағы мәтінмен ұқсас бір балаға таласқан екі әйелге шешім шығаруы болса, екінші бір аңызда екі түйеге тел емген ботаның кімдікі екеніне шешім шығаруымен сабақтасып жатқанын көреміз.

Сүлейменнің жан-жануарлармен, құстармен, тіпті жәндіктермен де тіл табыса алатын қасиеті болған. Құранда оның құстар мен құмырсқалардың тілін түсінгені айтылады. Сонымен қатар, Сүлеймен ислам сенімінде табиғаттан тыс жаратылыстарды, жындарды жеңуімен танымал. Сүлеймен пайғамбар туралы хикаяттар даналықтың, әділеттіліктің, кішіпейілділіктің, Аллаға құлшылықтың маңыздылығын көрсететін адамгершілік тағылымдарына бай. Ол исламдағы және басқа да Ыбырайымдық сенімдердегі діни және мәдени әңгімелердің образы болып келеді.

Хикаяттардың біразында тәубаға келу, шүкірлік ету, тәкаппарлықтың соңы неге әкеп соғатыны туралы да айтылып, тыңдарман қауымды ондай жаман мінез-құлықтан арылуға шақырады. Оның жарқын мысалы «Дәуіт пайғамбарға» байланысты айтылатын хикаяттардан анық көрінеді. Құдайдың өзі оған пайғамбарлық міндет жүктеп, сүйген құлының таңдаулыларының бірі екенін ескерткені ол туралы хикаяттардан белгілі. Алайда отыз ұлы бар Дәуіттің күпірлігі Құдайға жетіп, бір күнде отыз ұлынан айырылып қалуы арқылы тыңдарман қауымға үлкен ой салады. Осы арқылы күпірліктің, барға шүкір етпеудің зиянын түсіндіреді. Астамшылық, асқақтаудың адам баласына жат қылық екенін, оны жаратушының өзі ұнатпағанын айту арқылы ондай жат қылықтан ада болуға шақырады. Әрине, пайғамбарымыз Құдайдың қалап қойған елшісі болғандықтан, оның күпірлігінен қайтып, шүкірлік еткені үшін отыз ұлға татитын бір ұл бергені туралы да айтылады. Осы арқылы қара халыққа төмендегідей ой салады. Құдайдың сүйген құлы пайғамбарлардың өзін сондай қиын, ауыр сынақ қарсы алғанда, жай адамның күнәсіне тәуба етпесе баратын жері мен тартатын азабының не екенін іштей бағамдауына ой салғандай әсер етеді. Қазіргі күндері мешіт-медреселер мен адамдар жиналатын ас-нәзірлерде осы хикаяттар туралы айтылып, адамдарды адалдыққа, адамдыққа шақырып, жат қылықтың соңы неге апарып соғатынын хикаяттар арқылы баяндап жүргеніне де куә болып жүрміз.

Бір хикаятта Ұлықпан Дәуітке бірнеше ай жолдас болып, одан тәлім-тәрбие алады. Бір күні Дәуіт Ұлықпанды шақырып алып:

– Бір қойды сойып, екі жақсы мүшесін алып кел, – деп бұйырады.

Ұлықпан бір қойды сояды да, қойдың тілі мен жүрегін алып келеді. Дәуіт тағы бір күні Ұлықпанды шақырып алып:

– Бір қойды сойып, екі жаман мүшесін алып кел, – деп тапсырады. Ол бір қойды сойып, оның да тілі мен жүрегін алып келеді. Дәуіт:

– Мен екі жақсы мүшесін алып кел деп едім, тілі мен жүрегін әкелдің. Ал, екі жаман мүшесін әкел десем де тілі мен жүрегін әкелдің. Мұның себебі не? – деп сұрайды.

– Тіл мен жүрек – жақсылық пен жамандықтың қайнары. Бұл екеуі жақсы болса, адам жақсы болады да, бұл екеуі жаман болса, адам жаман болады. Өйткені, тіл – жүректің жаршысы. Жүрек нені ойласа, тіл соны сөйлейді, – деп жауап береді Ұлықпан (*Ұлықпан хакім әңгімелерінен*). Бұдан түйетін ой бізге жеткен хикаяттарда дерлік ізгілік, мейірімділік пен қайырымдылық, жақсы әрекет-амалдың маңыздығылы туралы айтылатынын көреміз.

5. Қорытынды

Жоғарыдағы мәтіндерге қарағанда діни хикаяттар адамдардың психикасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарды. Оның адам санасына әсері күрделі және сан қырлы, таным, мінез-құлық, әлеуметтік құрылымдардың әртүрлі аспектілеріне әсер етеді. Діни хикаяттардың адам санасына әсер ету жолдарын төмендегідей тұжырымдауға болады:

- Адам болмысын қалыптастыруға әсер етіп, адамгершілікті және өмірдің мақсатын түсінуге негіз береді. Адамдар діни аңыздағы гуманистік ойларды іштей қабылдай алады;

- Діни хикаяттардан байқағанымыз тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді. Хикаяттарда адамдардың өзін қалай ұстауы және басқалармен қарым-қатынас жасауы керектігі туралы нұсқаулар беретін моральдық және этикалық ілімдер жиі кездеседі.

- Діни хикаяттар психологиялық жайлылықты қамтамасыз ете алады және қиыншылық, белгісіздік немесе қайғы-қасірет кезінде күресу тетіктері ретінде қызмет ете алады. Олар қайғы-қасірет, өлім және адам жағдайын түсіндіреді. Ақырғы өмір немесе Құдайдың әділдігі туралы уәде адамдарға өмірдегі қиындықтарды жеңуге көмектесе отырып, жұбаныш пен мақсат сезімін береді. Құдайдың жазасынан қорқу немесе ақыреттегі сыйлар туралы уәде адамдар үшін қоғамдық нормаларды ұстануға күшті ынталандыру болуы мүмкін.

Дүниетанымның қалыптасуына да өзіндік әсері бар екені белгілі. Діни хикаяттар болмыс, жаратылыс және болмыстың табиғаты туралы күрделі сұрақтарға жауап беру арқылы жеке адамдардың дүниетанымын қалыптастырады.

Олар адамдардың табиғи әлемді, адамдар арасындағы қарым-қатынасты және өмірдің мақсатын қалай қабылдайтынына әсер етеді.

Діни аңыздардың адам санасына әсері жеке адамдар мен мәдениеттер арасында әртүрлі болуы мүмкін екенін атап өткен жөн. Кейбір адамдар діни әңгімелерден жұбаныш, басшылық және мақсат сезімін табады.

Діни әңгімелер мен аңыздар қоғам үшін моральдық және этикалық нұсқаулардың бағдаршамы ретінде ұзақ уақыт бойы қызмет етті. Ежелгі мифтер, діни мысалдар немесе заманауи әңгімелер арқылы болсын, бұл мәтіндер адам табиғаты, таңдауларымыздың салдары және әділ және ізгі өмірдің негізін құрайтын принциптер туралы түсінік береді.

Адамдардың моральдық және этикалық ұғым-түсініктер үшін әңгімелерге жүгінуінің негізгі себептерінің бірі – олардың күрделі идеяларды қол жетімді және салыстырмалы түрде жеткізу қабілеті. Кейіпкерлер мен сюжеттік желілер арқылы әңгімелер әртүрлі әрекеттердің салдарын суреттейді, батылдық, адалдық және жанашырлық сияқты ізгі қасиеттерді көрсетеді және этикалық дилеммалардың орайын қарастырады.

Сонымен қатар, пайғамбарлар мен белгілі тұлғалар жөніндегі хикаяттар эмоционалды деңгейде сілкініс жасайды. Кейіпкерлердің моральдық қиындықтармен күресіп жатқанын және олардың шешімдерінің нәтижелерінің куәсі бола отырып, оқырмандар мен тыңдаушылар моральдық дилеммаларды өздері бастан кешіріп, этикалық мәселелерге үлкен түсіністік пен эмпатияны дамытады.

Сайып келгенде, діни хикаяттар мен әңгімелер біздің ұжымдық санамызда адам жай-күйі және өмірдегі ізгілік пен мағынаға ұмтылу құралы ретінде ерекше орын алады.

Әдебиеттер:

1. Алтын Орда әдебиеті: генезис, жанрлық ерекшелік, дәстүр жалғастығы. Ұжымдық монография. – Алматы: Evo Press, 2022. – 320 б.
2. Abdullah Katutu1, Abur Hamdi Usman. Lukman Al Hakim Messages: A Theoretical Model on How to Teach In Modern Era // Mediterranean Journal of Social Sciences 6(6 S4) DOI:10.5901/mjss.2015.v6n6s4p175

3. Әкімова Т. Қазақ фольклорындағы хикаяттардың сюжеттік ерекшелігі. «Керуен» ғылыми журналы, 67(2), 2020. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2020.2-04>
4. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. Т. 95: Хикаяттар. – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б
5. Edward M. Anson. Religion and Alexander the Great // Karanos. 2022. – №5. P. 51-74. <https://doi.org/10.5565/rev/karanos.94>
6. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
7. Қасқабасов С. Жаназық. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
8. Қыдыр Т. Мұхаммед пайғамбардың көркем бейнесінің әдебиетте жырлану ерекшеліктері // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. №1 (76). 2016. 241-245-бб.
9. Мәтбек Н. «Бақырғани кітабындағы» Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар жайлы жыр-дастандар.<https://www.kaznu.kz>
10. Misnal Munir, Moses Glorino Rumambo Pandin. The Prophet Joseph on Qur'an and The Historical Philosophical Perspective and Its Relevance for Human Development // Qubahan Academic Journal (QAJ), Vol.3, No.4, 2023. P. 219-233 <https://doi.org/10.58429/qaj.v3n4a175>
11. Сейітұлы Қ. Пайғамбарларға иман. – Алматы: Көкжиек-Б, 2010. – 120 б.
12. Hendrik Bosman. Remembering Moses as a model of Israelite and early Jewish identity // Scriptura 96 (2007). P. 326-333. <https://journals.co.za/doi/pdf/10.10520/EJC100851>
13. Hayati Aydın. The Prophet Noah, the Flood Based on the Qur'anic Revelation, the History Accounts and Archaeological Excavations // Journal of Islamic Studies and Culture 2020, Vol. 8, No. 2. pp. 18-26 ISSN: 2333-5904 (Print), 2333-5912 (Online) URL: <https://doi.org/10.15640/jisc.v8n2a3>

References:

1. Abdullah Katutul, Abur Hamdi Usman. (2015) Lukman Al Hakim Messages: A Theoretical Model on How to Teach In Modern Era // Mediterranean Journal of Social Sciences 6(6 S4) DOI:10.5901/mjss.v6n6s4p175 (in Eng)
2. Akimova T. (2020) Topic features of hikayat in kazakh folklor. *The Scientific Journal "Keruen"*, 67(2). <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2020.2-04> (in Kaz)
3. Babalar sozy (2013): Hundred volumes. T. 95: Legends. - Astana: Foliant. – 432 p. (in Kaz)
4. Edward M. Anson. (2022) Religion and Alexander the Great // Karanos. – No 5. P. 51-74. <https://doi.org/10.5565/rev/karanos.94> (in Eng)
5. Hayati Aydın. (2020) The Prophet Noah, the Flood Based on the Qur'anic Revelation, the Historical Accounts and Archaeological Excavations // Journal of Islamic Studies and Culture December, Vol. 8, No. 2, pp. 18-26 ISSN: 2333-5904 (Print), 2333-5912 (Online) URL: <https://doi.org/10.15640/jisc.v8n2a3> (in Eng)
6. Hendrik Bosman. (2007) Remembering Moses as a model of Israelite and early Jewish identity // Scriptura 96 pp. 326-333. <https://journals.co.za/doi/pdf/10.10520/EJC100851> (in Eng)
7. Kaskabassov S. (1984) Kazakh folk prose. - Almaty: Gylym. – 272 p. (in Kaz)
8. Kaskabassov S. (2002) Zhanazyq. - Astana: Audarma. – 584 p. (in Kaz)
9. Kyydyr T. (2016). Peculiarities of singing of the image of Prophet Muhammad in literature // Bulletin of KazNU. Oriental Studies Series. #1 (76). pp. 241-245. (in Kaz)
10. Literature of the Golden Horde (2022): genesis, genre specificity, continuity of tradition. Collective monograph. - Almaty: Evo Press. – 320 p. (in Kaz)
11. Matbek N. Poems and epics about Prophet Muhammed (pbuh) from «Bakirgani book». <https://www.kazn> (in Kaz)
12. Misnal Munir (2023) Moses Glorino Rumambo Pandin. The Prophet Joseph on Qur'an and The Historical Philosophical Perspective and Its Relevance for Human Development // Qubahan Academic Journal (QAJ), Vol.3, No.4, P. 219-233 <https://doi.org/10.58429/qaj.v3n4a175> (in Eng)
13. Seyituly K.(2010) Faith in prophets. – Almaty: Kokzhiek-B. – 120 p. (in Kaz)

О.Т. Абишева¹, Ф.М. Ержанова^{2*}, А. Ерлан³

^{1,2}Қазақстан Республикасының педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

³Военно-инженерный институт радиоэлектроники и связи МО РК, Алматы, Казахстан

E-mail: artbura@gmail.com¹, ferusa@mail.ru², anel-erlanova@mail.ru³

ORCID: 0000-0002-9292-5515, 0000-0003-0283-8758, 0009-0000-5268-2478

ИНТЕГРАТИВНЫЙ ПОДХОД В СКАЗКОТЕРАПИИ

Аннотация. Отрицательное воздействие цифровизации на психику подрастающего поколения является реальностью сегодняшнего дня. С развитием цифровых технологий и распространением искусственного интеллекта дети и подростки сталкиваются с рядом отрицательных воздействий на свое сознание. В 2023 году ЮНИСЕФ при поддержке МИД РК исследовало негативное влияние на детей и подростков использования интернета. Согласно «Kazakhstan Kids Online» 60% детей от 9 до 10 лет и 66% исследуемых от 11 до 12 лет являются обладателями аккаунтов в социальных сетях и на игровых платформах. Н.Ж. Оспанова, председатель Комитета по охране прав детей Министерства просвещения Республики Казахстан, обращает внимание на безопасные основы пользования интернетом детьми: «Необходимо продолжать улучшать навыки цифровой безопасности детей, а также повышать осведомленность родителей об их роли в обеспечении безопасного использования интернета детьми с учетом возрастных особенностей детей, и мы будем проводить широкомасштабную кампанию по подключению родителей к таким приложениям как родительский контроль. Мы считаем, что важную роль играют родители, педагоги, ИКТ отрасль, а также СМИ». Сказкотерапия на сегодняшний день представляет собой инновационное направление в педагогической психологии. Несмотря на то, что этот метод стал применяться относительно недавно, истоки его берут начало в глубокой древности. Сам жанр, используемый в терапевтических целях, является одним из древнейших форм словесного творчества, в частности, устного народного сказительства. Ключевым элементом сказкотерапии является способность клиента взглянуть на свою жизнь с новой, часто более объективной перспективы. Сказочные персонажи и их приключения служат зеркалом для внутреннего мира клиента, открывая ему возможность понять свои собственные чувства и реакции.

Благодарность: Исследование выполнено в рамках научного проекта ИРН АР19679368 «Интегративный подход в сказкотерапии как инновационной технологии сохранения психологического здоровья подрастающего поколения в условиях цифровизации образования», грантового финансирования КН МНВО РК.

Ключевые слова: сказкотерапия, символы, сюжеты, сказка, сказочная метафора.

О.Т. Абишева¹, Ф.М. Ержанова^{2*}, А. Ерлан³

^{1,2}Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

³ҚР ҚМ радиоэлектроника және байланыс-инженерлік институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: artbura@gmail.com¹, ferusa@mail.ru², anel-erlanova@mail.ru³

ORCID: 0000-0002-9292-5515, 0000-0003-0283-8758, 0009-0000-5268-2478

Ертегі терапиясындағы интегративті тәсіл

Аңдатпа. Цифрландырудың өскелең ұрпақтың психикасына тигізетін кері әсері бүгінгі күннің шындығы. Цифрлық технологиялардың дамуы және жасанды интеллекттің таралуы кезінде балалар мен жасөспірімдер олардың санасына бірқатар жағымсыз әсерлерге тап болуда. 2023 жылы ЮНИСЕФ

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен Интернетті пайдаланудың балалар мен жасөспірімдерге кері әсерін зерттеді. «Kazakhstan Kids Online» мәліметтері бойынша, 9 бен 10 жас аралығындағы балалардың 60%-ының және 11-12 жас аралығындағы балалардың 66%-ының әлеуметтік желілер мен ойын платформаларында аккаунттары бар. Қазақстан Республикасы Білім министрлігі Балалардың құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Н.Ж.Оспанова балалардың интернетті пайдалануының қауіпсіз негізіне назар аударады: «Цифрлық технологияларды жетілдіруді жалғастыру қажет. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, балалардың Интернетті қауіпсіз пайдалануын қамтамасыз етудегі олардың рөлі туралы ата-аналардың хабардар болуын арттыру, сондай-ақ ата-аналарды осындай қосымшаларға қосу бойынша кең ауқымды акция өткіземіз, ата-ана бақылауы ретінде. Ата-аналар, мұғалімдер, АКТ индустриясы және БАҚ маңызды рөл атқарады деп санаймыз». Ертегі терапиясы бүгінгі таңда педагогикалық психологиядағы инновациялық бағыт болып табылады. Бұл әдіс салыстырмалы түрде жақында қолданыла бастағанына қарамастан, оның шығу тегі ежелгі дәуірден басталады. Терапевтік мақсатта қолданылатын жанрдың өзі ауызша шығармашылықтың, атап айтқанда, ауызша халық әңгімелерінің көне түрлерінің бірі болып табылады. Ертегі терапиясының негізгі элементі – клиенттің өз өміріне жаңа, көбінесе объективті көзқараспен қарау қабілеті. Ертегі кейіпкерлері мен олардың шытырман оқиғалары клиенттің ішкі әлемінің айнасы болып, оның өз сезімдері мен реакцияларын түсінуіне мүмкіндік береді.

Алғыс: Зерттеу ҚР ҒЖБМ ҒК «Білім беруді цифрландыру жағдайында өскелең ұрпақтың психологиялық денсаулығын сақтаудың инновациялық технологиясы ретінде ертегі терапиясындағы интегративті тәсіл» ИРН АР19679368 ғылыми жобасы аясында орындалды.

Кілт сөздер: ертегі терапиясы, символдар, сюжеттер, ертегі, ертегі метафорасы.

O.T. Abisheva¹, F.M. Erzhanova^{2*}, A. Erlan³

^{1,2}Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

³Military Engineering Institute of Radioelectronics and Communications, Almaty, Kazakhstan

E-mail: artbura@gmail.com¹, ferusa@mail.ru², anel-erlanova@mail.ru³

ORCID: 0000-0002-9292-5515, 0000-0003-0283-8758, 0009-0000-5268-2478

An integrative approach in fairy tale therapy

Abstract. The negative impact of digitalization on the psyche of the younger generation is a reality of today. With the development of digital technologies and the spread of artificial intelligence, children and adolescents are faced with a number of negative impacts on their consciousness. In 2023, UNICEF, with the support of the Ministry of Foreign Affairs of the Republic of Kazakhstan, studied the negative impact of Internet use on children and adolescents. According to «Kazakhstan Kids Online», 60% of children aged 9 to 10 years and 66% of those studied from 11 to 12 years old have accounts on social networks and gaming platforms. N.Zh.Ospanova, Chairman of the Committee for the Protection of Children's Rights of the Ministry of Education of the Republic of Kazakhstan, draws attention to the safe basis of children's use of the Internet: «It is necessary to continue to improve the digital safety skills of children, as well as to raise awareness of parents about their role in ensuring the safe use of the Internet by children, taking into account age characteristics of children, and we will conduct a large-scale campaign to connect parents to applications such as parental controls. We believe that parents, teachers, the ICT industry, and the media play an important role». Fairytale therapy today is an innovative direction in educational psychology. Despite the fact that this method began to be used relatively recently, its origins date back to ancient times. The genre itself, used for therapeutic purposes, is one of the oldest forms of verbal creativity, in particular, oral folk storytelling. A key element of fairytale therapy is the client's ability to look at their life from a new, often more objective, perspective. Fairy-tale characters and their adventures serve as a mirror for the client's inner world, opening up the opportunity for him to understand his own feelings and reactions.

Acknowledgments: The study was carried out within the framework of the scientific project IRN АR19679368 «An integrative approach to fairy tale therapy as an innovative technology for preserving the

psychological health of the younger generation in the context of digitalization of education » grant funding from the CS MSHE RK

Keywords: fairy tale therapy, symbols, plots, fairy tale, fairy tale metaphor.

1. Введение

Сказка, как информация о мире знаков и символов, концентрируя в себе скрытые образы множества образов, знаков и функций, может быть рассмотрена как ценностный материал для раскрытия симптоматики, и как рецептура от тяжелых «болезней нашего времени». Современная сказка как симптоматика свидетельствует об изменениях ценностной шкалы и приоритетов. Как рецепт «болезней», она, приглашая в мир увлекательных чудесных сюжетов и мотивов, безусловно, содержит в себе «намеки», который следует извлечь, понять и осознать (Берн, 2008: 352). Человек, воспринимающий мир сказочных событий и сюжетов, с одной стороны, одновременно восполняет пробелы технологической цивилизации миром чудесных образов и персонажей, с другой, воссоздает себя как многомерное, гармоничное и целостное существо.

Исследование такого уникального явления как сказка заставляет прислушиваться к проблемам подрастающего поколения не только филологов, культурологов, педагогов, но и психологов, медиков, психиатров. Например, философия сказки, инвариантность сказочных сюжетов, тождественное решение для вымышленного героя, четкое деление на героев и антигероев, противостояние двух миров, добра и зла, взаимодействие реального и сказочного мира позволяет прийти к выводу о том, что сказка является, таким образом, самой устойчивой формой культурной трансляции, внедренной в ткань культуры во всех ее формах и видах.

Сказкотерапия может быть эффективным инструментом для уменьшения вредного влияния цифровой среды, особенно если цифровые технологии создают стресс, зависимость или другие проблемы в жизни человека.

2. Методы и материалы

2.1 Методы

Вот несколько идей, как использовать сказкотерапию для смягчения негативных эффектов цифровой среды.

1. *Негативные факторы цифровизации образования.*

Рассмотрим негативные факторы цифровой среды.

2. *Факторы отрицательного воздействия цифровизации на подрастающее поколение.*

Социальная изоляция и утрата эмпатии. Распространение социальных сетей приводит к тому, что живое общение становится одним из рудиментов общения. Самым простым и доступным средством межличностного общения на сегодняшний день стали мессенджеры, в частности, ватсапп, инстаграмм и др. Любое объединение людей превращается в группу пользователей. Отпала необходимость в очных встречах и тактильных ощущениях. Все заменяется на аудиосообщения, отправляемые ими, или видеочаты. Утрата личного контакта и реального общения приводит к тому, что возникает недостаток ощущений, чувств, которые могли бы сопровождать личное общение.

Молодёжь, углубившаяся в виртуальный мир, в том числе, в игровой, утрачивает эмпатию. Такие молодые люди, как правило, не любят разговаривать, их словарный запас беднеет, они не отзываются эмоционально на людей даже при личной встрече. Их круг общения сужен до пользователей соцсети, до компаньонов или противников по компьютерным играм и т.п. Такие молодые люди общаются сугубо с близкими родственниками, живущими на одной с ними территории ввиду невозможности (отсутствие средств, возраст и т.д.) сменить место жительства. Единственным желанием их становится одиночество. Они не нуждаются в разговорах, не делятся с родителями, братьями, сестрами своими проблемами, радостью или несчастьем. Типичный изолянт тщательно скрывает свои эмоции, что, как правило, накладывает отпечаток на его лицо. Оно становится бесстрастным. Молодые люди, изолированные от других – сверстников, соседей, родственников – неэмоциональны, бездушны. В них отсутствует привязанность к людям и животным. Если таковая имеется, то возможная их потеря воспринимается как невозможная потеря. Дети и подростки, изолированные от общения и не нашедшие поддержки в трагических ситуациях, чаще идут на суицид. Это происходит, прежде всего, в силу отсутствия широкого круга общения, что приводит к одиночеству. Социальная изолированность и гипотимпатичность приводят к нарушению социализации или полной ее отмене в одностороннем порядке самой личностью.

Экранная зависимость и физическая неактивность. Изолированные от общества сверстников ребенок или подросток, как правило, попадают в так называемую экранную зависимость. При отсутствии гаджета пользователь начинает испытывать физический и психологический дискомфорт. Например, у него могут возникнуть головные боли, головокружение или целый комплекс-симптом, состоящий из опустошенности, грусти, тоски. Постоянное времяпрепровождение у экранов гаджетов приводит к увеличению времени, проводимого в статическом положении, что, в свою очередь, способствует физической неактивности. Этот фактор может привести к проблемам со здоровьем, а также к психическим расстройствам, связанным с ограничением физической активности.

Информационная перегруженность. Бесперывный поток информации из цифровых источников может привести к перегруженности детей ненужной, неадекватной или опасной информацией. Чрезмерное получение информации может привести к стрессу и проблемам с концентрацией внимания и другим когнитивным нарушениям.

Онлайн-шантаж и кибербуллинг. Цифровые технологии могут способствовать также агрессии, направленной на детей, со стороны других пользователей. Так называемый хейтинг представляет собой кибербуллинг. Распространился тренд, согласно которому преступления в молодежной среде записывают на видео и выкладывают в сеть. К примеру, 2 марта 2023 года группа девушек избивала из-за личной неприязни девушку, сняла сцену избиения на видео и отправила ролик в Интернет (tengrinews.kz/kazakhstan_news/skandal-izbieniem-vko-rodnyie-postradavshey-asskazali-496398/).

Испытываемые детьми агрессивное и негативное воздействие со стороны сверстников в виртуальном пространстве может привести к серьезным проблемам

с психическим здоровьем. Примером такой опасности служит игра «Синий кит», которая распространилась в 10-х годах XXI века и массово склоняла подростков к суициду в игровой форме.

Снижение и краткосрочность внимания. Постоянный поток краткосрочных визуальных и звуковых стимулов в цифровом мире снижает уровень внимания и способности к глубокому анализу у подрастающего поколения. Это влияет на способность к обучению и усвоению информации в реальном мире.

2. Сказкотерапия как инновационный метод оздоровления сознания подрастающего поколения.

Одним из инновационных подходов, способствующих сохранению психического благополучия у детей и подростков, является сказкотерапия с использованием интегративного метода. Интегративный подход в сказкотерапии предполагает использование различных методов и техник из разных психотерапевтических направлений для максимального эффекта, не ограничиваясь простым повествованием или анализом сказок. Комплексный и интегрированный подход к психотерапевтической практике чрезвычайно важен.

2.2 Материалы

Факторы, приводящие к негативным последствиям влияния гаджетов на сознание детей и молодежи, заставляют педагогов и психологов искать и находить способы борьбы с психологическими отклонениями. В условиях образовательных практик психологическое здоровье подрастающего поколения становится приоритетной областью внимания многих специалистов.

Сказкотерапия – это форма психотерапии, в которой элементы сказок применяются для лечения и поддержки психического здоровья детей. Она позволяет детям и подросткам выражать свои эмоции, развивать креативное мышление и находить пути решения проблем. Сказкотерапевты могут создавать сказочные миры, специально адаптированные к потребностям каждого пациента, чтобы максимально эффективно учить его справляться с вызовами и проблемами.

Сказка имеет давние истоки. Главным предназначением сказки в древности была передача жизненного опыта от одного поколения другому. С начала девятнадцатого века сказки становятся объектом изучения (Гримм Э. и Я., 2014: 75).

Психологический потенциал сказок впервые исследован в работах К.Г. Юнга (Юнг, 1995: 125). Основой их стала теория архетипов. Психологическое предназначение сказок заключается в том, что через поиск архетипов внутренний конфликт находит положительный выход. Сказка, таким образом, является древним психотерапевтическим инструментом.

Т.Д. Зинкевич-Евтигнеева (Зинкевич, Евтигнеева, 2006: 147) определяет сказкотерапию как комплекс способов передачи знаний о духовной сути человека, отражающей настоящую суть человека. А. Гнездилов акцентирует внимание на воспитательной основе сказок, реконструируя изначальное предназначение этого литературного жанра (Гнездилов, 2019: 224).

Сказкотерапия также способствует развитию эмпатии и понимания как у самого терапевта, так и у пациента. Путем рассмотрения различных сюжетов и персонажей

сказки за двадцать жизни клиент может найти новые перспективы, освежая свое видение в привычных ситуациях.

Помимо последующих сеансов групповая сказкотерапия также может быть эффективным методом. Обсуждение сказочных сюжетов в группе создает атмосферу взаимной поддержки и понимания, позволяет участникам учиться на опыте друг друга и делиться своими историями.

3. Обсуждение

Сказкотерапия, таким образом, представляет собой глубокий и инновационный метод психотерапии, объединяющий традиционные методы с магией сказочного мира для достижения гармонии и внутреннего мира человека.

Обратимся к определениям термина. Его определяют как лечение сказками, процесс поиска смыслов, связь между сказочным и реальным поведением, активацию ресурсов, экологическое воспитание, способ реального взгляда на проблему, улучшение мира (Зинкевич, Евтигнеева, 2006: 147), комплекс способов трансляции знаний о духовном пути и как воспитательную систему, соответствующую духовной природе человека (И.В.Вачков, 2008), (Соколов, 2005).

К. Нартова-Бочавер была известным специалистом в области сказкотерапии и активно пропагандировала ее как эффективный метод психотерапии. Она считала, что сказки имеют особую силу воздействия на психическое состояние человека. В своих выступлениях и публикациях Нартова-Бочавер подчеркивала, что сказки могут стать инструментом самопознания, самораскрытия и личностного роста. Она говорила о том, что с помощью сказки люди могут исследовать свои эмоции, отраженные в героях и сюжетах и найти в них понимание и поддержку. Важным аспектом сказкотерапии, по мнению К. Нартовой-Бочавер, является символический язык, который позволяет обойти сознание и обратиться к более глубоким слоям подсознания. Сказки могут помочь вместить сложные эмоции и переживания, перенести их на персонажей и сюжеты и, тем самым, облегчить процесс их осознания и интеграции. Она признавала, что каждая сказка имеет свою уникальность, а каждый человек выбирает сюжет и героев, которые наиболее резонируют с его собственными переживаниями и темами. Поэтому в ходе сказкотерапевтической работы К. Нартова-Бочавер акцентировала внимание на индивидуальном подходе и подборе сказки, которая была бы наиболее значимой и актуальной для конкретного клиента.

Она уверяла, что сказкотерапия помогает осознать, принять и интегрировать различные аспекты личности, а также развивать творческое мышление и воображение. Кроме того, сказки могут быть использованы для работы с детьми, направленной на развитие эмоциональной интеллектуальности и укрепление самооценки.

Таким образом, К. Нартова-Бочавер уделяла большое внимание сказкотерапии как способу самоисследования, личностного роста и психологического преображения, а также воспитанию и развитию детей. К. Нартова-Бочавер анализирует конкретные сказки на предмет раскрытия смыслов и отмечает: «Основное содержание сказок, подобно содержанию снов, дано неявно, но эта неявность не ослабляет силы воздействия» (Нартова-Бочавер, 1996: 86).

Т.Д. Зинкевич-Евтигнеева выделяет следующие типы сказок: художественную, дидактическую, медитативную, психотерапевтическую, психокоррекционную.

Е.В. Улыбина разделяет тексты сказок на «правильные» и неправильные». К первым относятся те, которые несут позитивное начало, а вторые содержат сюжеты нарушения запретов. Оба типа текстов призваны защищать психику человека, привносить систему смыслов (Улыбина, 2001: 35).

И.В. Вачков отмечает следующие важные моменты сказкотерапии: сказки отражают древние ритуалы, осуществив которые герой переходит на качественно новый уровень жизни; сказки отображают глубинный уровень кризиса человека; сказка оставляет ребенка один на один со страхом в реальном мире. Сказочные образы воздействуют не только на сознательные, но и бессознательные уровни сознания. Для терапевтического эффекта необходимо совпадение семантического поля сказки и семантического поля души человека. Возникает потребность в учебе эстетической, художественной и этической. По мнению И.В. Вачкова, основа психотерапевтического потенциала сказки – метафора, позволяющая развить самосознание и через это развитие наладить отношения в социуме (Вачков, 2008).

Ряд исследований в области сказкотерапии связаны с терапевтическим воздействием на разные терапевтические группы. Так, М.С. Болотова, Т.Н. Казакова, Н.И. Полубояринова рассматривают сказкотерапию в детском саду. Они считают, что сказкотерапия среди дошкольников помогает быстрее адаптироваться в среде детского сада. К методам, используемым авторами, относятся создание иллюстраций, драматизация и другие. «Сказки – отличный способ победы над фобиями», – отмечают педагоги (Болотова, Казакова, Полубояринова, 2013)

Ю.В. Зуева, Ю.А. Майорова отмечают, что сказкотерапия может использоваться для развития речи. «Возможности сказкотерапии уникальны в коррекционной работе, поскольку никакой иной вид деятельности не может обеспечить такого комплексного воздействия на речевую сферу ребенка», – отмечают исследователи (Зуева, Майорова, 2016). Сказки, по их мнению, выполняют следующие функции: активизирующие, развивающие слуховую среду, становление речевой культуры в процессе драматизации; экспрессивную, развивая вербально-образный компонент речи; коммуникативную (способность к диалогу).

Исследователь также отмечает следующие аспекты использования сказкотерапии:

1. Сказочная метафора должна отображать внутреннюю жизнь.
2. Основная задача сказкотерапии – развитие по оптимальному социально-коммуникативному пути.

3. В процессе сказкотерапии осуществляется не только встреча с собой, но и встреча с другими, что помогает пациенту понять свои отношения с другими людьми.

Сказки всегда служили мостом между реальностью и волшебством, между повседневной жизнью и воображаемыми мирами. Однако, кроме того, что сказки развивают креативное мышление и способствуют формированию ценностных ориентиров, они также могут стать мощным инструментом в области психотерапии.

Далее мы рассмотрим введение в сказкотерапию и особенности интегративного подхода к этому методу лечения. Сказкотерапия – это уникальная форма психотерапии, где сказки служат ключом к пониманию себя, преодолению трудностей и восстановлению внутренней гармонии.

Сказки отражают культурные и исторические особенности различных народов и времен, что помогает лучше понять историю и традиции различных культур (Жакупов, Мейрамбекова, Аймухамбет, Ахметова, Еспекова, Сыздыкова, 2020). Сказки несут в себе мудрость веков, заложенную в форме загадочных персонажей и захватывающих сюжетов. Они являются зеркалом человеческой души, отражая радости, страхи, желания и борьбу. Сказкотерапия использует эту мудрость как инструмент для общения с подсознанием. В процессе сказкотерапии терапевт выступает в роли сказочного проводника, ведущего клиента по лабиринтам его собственных эмоций и переживаний. Задача терапевта – помочь пациенту прочесть свою личную историю в терминах сказки, расшифровать символы и найти ответы в мире воображения. Таким образом, сказка создает условия для встречи с самим собой.

Сказкотерапия предоставляет безопасное пространство для эмоционального выражения. Персонажи сказок становятся аллегориями чувств, и через них пациент может выразить свои радости и боль. Это освобождение эмоций способствует легкости и осознанности в отношениях с самим собой и окружающими.

Многие сказки повествуют о преодолении трудностей и испытаний. Литературные герои реальны во вторичном мире, поэтому не все из них кажутся реалистичными с точки зрения реальности первичного мира. Тем не менее, некоторые критики подчеркивают идею о том, что читателям все еще необходимо распознать в персонажах некоторые следы их собственной реальности (Мельнова, Нурманова, 2023). Аналогично, сказкотерапия помогает пациентам найти внутренние ресурсы для преодоления вызовов. Путешествие героя в сказке становится зеркалом собственного пути к самопознанию и исцелению. Каждая сказка уникальна, как уникален каждый человек. Именно поэтому сказкотерапия предоставляет индивидуализированный подход к каждому пациенту. Терапевт выбирает или создает сказку, которая наилучшим образом соответствует потребностям и контексту жизни клиента.

Сказкотерапия – это путешествие в мир волшебства, где каждая история несет в себе зерно исцеления. Она позволяет пересмотреть свою жизнь через призму волшебства и мудрости, обрести понимание и принятие себя, а также найти ресурсы для решения жизненных проблем. В мире сказкотерапии, где слова становятся заклинаниями, а персонажи – проводниками к глубинам души, каждая сказка становится купелью исцеления в бескрайнем океане человеческой психики.

Произведения Н. Черновой, посвященные казахской истории, всегда имеют глубокий идейный подтекст. Например, стихотворение «Легенда о верблюде, услышанная в Семипалатинской степи» – произведение, глубокое по содержанию, непростое по форме. Во-первых, в данном стихотворении представлена сложная система поэтических образов, расположенных на различных структурно-композиционных уровнях текста, без всестороннего анализа которого трудно проникнуть в идейно-тематическую сущность произведения. Название стихотворения «Легенда о верблюде» представляет скрытую, но сильную символическую позицию текста. Для лирического актора важно, чтобы реципиент после прочтения текста еще раз вернулся к его названию. Название произведения выступает в роли поэтической фигуры – метафоры, скрывающей дискурс не только о тяжелой степной жизни кочевников, но и его понимание свободы, воли, пути, скитания и др. В заглавии обозначен хронотоп: перед реципиентами лирической героини – странник, влекомый в путь неведомой силой и жаждущий бессознательно слиться со свободой верблюда в необъятном казахском степном просторе.

В контексте стихотворения обращает на себя внимание внутренняя композиционная форма текста, которая состоит из трех составных частей. В первой части поэтесса говорит о гордом, «как черная гора», верблюде.

Был горд верблюд, как черная гора –
Она горбатый профиль повторяла,
И облако, как пену с губ, роняла,
Когда искал верблюдицу бура (Чернова, 2000: 194).

Эпитет «черная» выполняет сквозную образную функцию. Он повторяется как семиотический знак, и его смысловая и эмоциональная нагрузка распространяются на весь текст. Более того, данный эпитет со словосочетанием «обречена на гибель» в конце стихотворения представляет формулу «пространственного психологического параллелизма» (термин Ю. Лотмана).

В первой части перед читателями время выступает как недвижимая и неизменная категория. Жизнь верблюда имеет славное прошлое: «И облако, как пену с губ, роняла», всю войну таскал «воду в бурдюках тяжелых», «ребятню домой везет из школы» и «ржавым плугом пашет целину». Однако, во второй структурной части текста поэтесса переходит к другому описанию сюжета: «А нынче – слег. / Свисает жалко шерсть. / И нестерпимо взгляд его печален. / На крик верблюдиц он не отвечает. / И ничего давно не хочет есть». Хозяин верблюда не спит «целых шесть ночей» и трудно дышит, но приговор ветеринара, предлагающего раскольниково решение (герой Ф. Достоевского), суров, что усиливает в синтаксической части стихотворной строки словесно-эмоциональный сбой и пропуск: «Уж лучше сам убей...». Но традиция кочевников иная: на седьмую ночь (число, свидетельствующее

о живой силе Вселенной, знаковое для номадов) хозяин открывает загон и отпускает верблюда в степь.

Образ «степь» равен образу «воля». При этом образ лирического актора необычен: «Там вылетал огонь из-под земли, / волною страшной всадников сбивая. / Там не росли колосья аккурат. / Там не пускали корни ковыли». Перед читателями предстает семипалатинская степная картина прошлого, трагическая и таинственная. В третьей части автор вновь сознательно вводит прием параллелизма – образ старого, уставшего хозяина. Пространственный параллелизм – гордый горбатый «верблюд, как черная гора» в начале произведения уступает место строке: «хозяин стал горбатым как гора» в конце стиха. Появляются мотивы «быстротечности времени» вместо прежнего застывшего процесса. Перекликаются и актуализируются образы-метафоры «молодость – старость». Второй образ («старость») более сложен. Отчетливо наблюдается синтетическое скрещивание скрытой метафоры и открытого сравнения. Это часто используемый художественный прием в произведениях Н. Черновой. Также противопоставлены образы «степь» – «загон». Степь символизирует свободу, загон – замкнутое пространство. Затем автор вводит свою главную идею: «Всесильна жизнь». Она является эстетической и смысловой доминантой всего стихотворения и связывающей со всеми структурно-композиционными уровнями лаконичного текста, которые работают на всемерное выражение авторского замысла. Герой стихотворения – путник, одновременно, созерцатель, ищущий волю. На раскрытие художественной идеи направлены не только образы и мотивы, но и выразительные средства произведения, в частности: эвфония стиха (чередование в строках согласных *ж* и *ш*), повторы (*то, там*), инверсии, строчные и антонимические параллелизмы «*сильный и слабый*» и т.д. Обилие звуковых повторов и параллелизмов также придают стихотворению музыкальность и благозвучие.

Концепция легенд и народных преданий, представленных в лирике поэтессы, направлена на глубинное раскрытие архетипов национальных степных мотивов и образов, сохраненных исторической памятью. Например, в произведении Н. Черновой «Легенда об аисте, услышанная на берегу Каспия» показано глубокое психологическое противоречие в сознании «скуластого властелина Тамерлана», у которого несмотря на то, что «в чалме горит рубин кровавый», «у ног лежат народы и державы», внезапно появляется жалость к «хромящему аисту», выющему гнездо на куполе его шатра. Образы «властелин» и «жалкий больной аист» представляют антитезу, с помощью которой раскрывается внутреннее драматическое состояние Тамерлана. Эпитет сказителя о «страшном одиночестве» Темира-Аксак выступает как приговор времени.

В бурьянный ров столкнул тебя палач.
И полумертвый, брошенный собакам,
Ты вдруг души своей услышал плач –
Кружился аист над тобой и плакал (Чернова, 2000: 192).

Сопоставительный образ «Тамерлан и аист» имеет скрытый смысл: «Темир-Аксак» и «хромой аист». Речь идет о хромом Тамерлане, для которого хромой аист олицетворяет его самого. У «палача» проявляются глубокие человеческие инстинкты.

В этом отношении «Легенда о зодчем, услышанная в Семиречье» имеет другую сюжетную структуру. Все композиционные части стихотворения направлены на раскрытие образа главного героя произведения, представляющего целостную идейную доминанту – «зодчего, обезглавленного тайком». Во вводной части стихотворения под образом «хитрое узорчье» скрыт важный смысл («То капли слез, то капли крови алой»), который долгое время был никому неизвестен. Каждый узор хранит тайну об Отчизне, какой-то «неспешный человек наносит на глину стен глаза, темнее ночи», через них «глядит на непрочный мир, не опуская утомленных век»:

И зодчий драгоценные часы

В раздумьях горьких медленно теряет (Чернова, 2000: 193).

Однажды длинный неустойчивый кол в фундаменте нарушил остов здания: «пошатнулся храм, и стал крениться. / И люди в страхе закрывали лица. / И на колени падали без сил». К зодчему направился разгневанный народ и стал угрожать. Но мудрец чудом «выдернул зловецкий кол» и выпрямил «зеленоглавый храм». Удивление и страх овладели окружающими людьми. Слишком «искусен мастер и умен без меры!», и опасен. «Соперники» решают «обезглавить зодчего тайком». С тех пор жителей храма преследуют таинственные голоса и мелькает чья-то тень, купола не хотят молчать и тщетно пытаются кричать о несправедливости, глаза глядят сурово под глиняными стенами, почерневшими от скрытых слез. Храм не хочет мириться с коварством и злом, но его возможности ограничены.

Итак, реципиент предстает перед эстетическим актом, затрагивающим непосредственно его личное эмоциональное состояние. В целом, лирический сюжет основан на эстетическом парадоксе, где конфликт как художественный прием показывает тревожность внутреннего состояния актора. Изображение беспокойной душевной жизни лирического героя в «легендах» выступает не только доминирующей поэтической концепцией, но и главной имперсональной эстетической категорией художественного текста. Образы «юрты», «домбры», «степи» и «коня» в поэзии Н. Черновой, представленные, в частности, в стихотворениях «Тучи над Баянаулом», «По взгорьям», «У трех юрт» и «Табунщик», превращаются в поэтический концепт и имеют целостный цикловой характер (Черновой, 2000: 168). Они, как знаковые системы, связаны с образами возлюбленного и живого существа. Образ «белой Юрты как птицы кочует» по степи, воспринимается как прощание с любимым человеком. Домбра звенит и плачет, аргымаки скачут в бескрайнюю Степь: «Там ветра из песен свиты, и там каскыр крадется». Но любовь к родной земле спасает человека. «Казахская душа», по представлению лирического актора, «как степь, просторна», и ее солнечные лучи озаряют не только небо, но и землю.

Устойчивая эволюция казахской тематики в творчестве Н. Черновой показывает незыблемость внутренних законов бытия, в котором художественное освоение мира глубоко обусловлено его реальной сложностью. Реципиент вынужден находиться в усложненной, противоречивой художественной реалии, может видеть признаки сопротивления национальной традиции процессу экстенсивной модернизации.

Здесь кровь лилась, гремели грозы,
И потому горька как слезы (Чернова, 2019: 156).

«Стремление к масштабности поэтического мышления», т.е. мощная тяга к новой широте охвата жизни, по мнению С.В. Ананьевой и Т.В. Кривошаповой, являются особенной художественно-эстетической чертой лирики Н. Черновой (Ананьева, Кривошапова, 2004: 93).

4. Результаты

В целом, в имперсональном сознании поэта мы наблюдаем присутствие эстетического импульса нового времени, т.е. актер соучаствует в сотворении прекрасной эпохи (эстетическое проявление послевоенного периода развития Казахстана), где рождается новая национальная поэзия и иная словесная степная культура. Это доказывает символический и эстетический образ страны – новое чудесное «рождение цветка» как ядра имперсонального восприятия казахстанской действительности во второй половине XX века. Всегда присутствует в произведениях Н. Черновой имперсональное восприятие («волнующее впечатления») национального мира, что сопровождается восклицанием: «Вот моя земля, планета, которая называется Казахстан!». Следовательно, «концепт Родины, родной земли находит отражение в мировой поэзии» (Shamsutdinova, Ananyeva, 2020: 58). Доминирует в поэзии образ степной страны, который проявляет своеобразную идиллию состояния ее души. При таком отношении к миру недостатки человеческой деятельности и проблемы общественного обустройства, по мнению автора, не являются важными. Нарратив ее поэзии: «Звезда горит прямо над головой, смотри, вот моя планета: как раз прямо над нами...». Любовь к жизни и земле – мотив ее творчества. Такой подход соотносится и с основным устойчивым мотивом восточной классической литературы, который направлен на воспевание человека и общества как творений Творца.

5. Заключение

Таким образом, в поэзии Н. Черновой, связанной с казахской тематикой, явственно выделяются социально – историческая и межкультурная имперсональные категории. Лирика поэтессы, безусловно, является феноменом специфического и ирреального отражения общественно-культурного сознания казахстанцев второй половины XX века. Это связано с процессом духовного обновления общества, стремлением к общечеловеческим ценностям и идеалам в Казахстане, где ведущая роль гуманитарного образования, в основе которой лежали классические произведения XIX и XX веков, усилила взаимодействие литератур, личные контакты писателей и общества.

Литература:

1. Ананьева С., Кривошапова Т. Русская литература Казахстана // Литература народов Казахстана. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2004. – С. 45-125. ISBN 9965-07-331-7.
2. Ананьева С., Сагинтаев Э. Евразийское пограничье: идея интеркультуральности // Казахстан и мировое литературное пространство: компаративные исследования / Отв. ред. С.В. Ананьева. – Алматы: Silver Press, 2022. – С. 5-29. ISBN 978-601-354-077-1.

3. Бадиков В.В. С вечностью – на чистоту: очерки современного литературного процесса Казахстана. – Алматы: Алаш, 2014. – 480 с. ISBN 978-601-7338-11-4.
4. Жакулаев А.М., Такиров С.У., Мингазова Л.И. Нарратив и исторический дискурс // «Керуен» ғылыми журналдары 78 (1) 2023. – С. 112-123. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.1-10>
5. Чернова Н. Алтын дала // Казахстан в моей судьбе. Хрестоматия современной литературы. 1 том. Поэзия. – Алматы: Print Express, 2019. – С. 156-157. ISBN 978-601-7946-32-6.
6. Чернова Н. Etcetera // Чернова Н. Кудыкины горы. – Алматы, 2018. – С. 208-462. ISBN 0131-5587.
7. Чернова Н. Летящие в тумане // Простор. – 2020. – № 7. – С. 3-115.
8. Чернова Н. Летящие в тумане // Простор. – 2020. – № 8. – С. 3-97.
9. Чернова Н. Приди и останься. – Алматы: Издательский дом «Жибек жоль», 2004. – 176 с. ISBN 9965-637-78-4.
10. Чернова Н. Солнцеворот. Стихи. – Астана: Елорда, 2000. – 384 с. ISBN 9965-06-038-X
11. Shamsutdinova R.G., Ananyeva S.V. (2020) Poems by V. Bryusov «Native Language» and G. Tukai «Tugan el» on the issue of inter-literary dialogues // Laplage em Revista (WoS), vol.6, n.Extra B, Sept. Dec. pp. 58-63. DOI: <https://doi.org/10.24115/S2446-622020206Extra-B592>.

References:

1. Ananyeva S., Krivoschapova T. (2004). Russian literature of Kazakhstan // Literature of the peoples of Kazakhstan. Almaty: Scientific Research Center "Gylm". – pp. 45-125. ISBN 9965-07-331-7 (in Russ).
2. Ananyeva S., Sagintaev E. (2022). Eurasian borderland: the idea of interculturality // Kazakhstan and the world literary space: comparative studies / Responsible ed. S.V. Ananyeva. Almaty: Silver Press. – pp. 5-29. ISBN 978-601-354-077-1 (in Russ).
3. Badikov V.V. (2014). From eternity to purity: essays on the modern literary process of Kazakhstan. Almaty: Alash. – 480 p. ISBN 978-601-7338-11-4 (in Russ).
4. Chernova N. (2019). Altyn dala // Kazakhstan in my destiny. Reader of modern literature. Poetry. Volume 1. Almaty: Print Express. – pp. 156-157 (in Russ).
5. Chernova N. (2004). Come and stay. Almaty: Publishing House "Zhibek Zholy". – 176 p. ISBN 9965-637-78-4 (in Russ).
6. Chernova N. (2018). Etcetera. Chernova N. Kudykin Mountains. Almaty. – pp. 208-462. ISBN 0131-5587 (in Russ).
7. Chernova N. (2020). Letyachsie v tumane (Flying in the fog). Prostor. 7. – pp. 3-115 (in Russ).
8. Chernova N. (2020). Letyachsie v tumane (Flying in the fog). Prostor. 8. – pp. 3-97 (in Russ).
9. Chernova N. (2000). Solstice. Poetry. Astana: Elorda. – 384 p. ISBN 9965-06-038-X (in Russ).
10. Shamsutdinova R.G., Ananyeva S.V. (2020). Poems by V. Bryusov "Native Language" and G. Tukai "Tugan el" on the issue of inter-literary dialogues // Laplage em Revista (WoS), vol.6, n.Extra B, Sept. Dec. – pp.58-63. DOI: <https://doi.org/10.24115/S2446-622020206Extra-B592>. (in Eng).
11. Zhakulaev A.M., Takirov S.U., Mingazova L.I. (2023). Narrative and historical discourse. *The Scientific Journal «Keruen»* 78 (1). – pp. 112-123. DOI: <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.1-10> (in Russ).

Г.Ж. Орда¹, Э. Мансурова^{2*}

¹ М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

² Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹Orda_68@mail.ru, ²elochka_02.05.95@mail.ru

ORCID: ¹0000-0001-5930-3784, ²0009-0009-5553-0897

ҚАЗАҚ ПОВЕСТЕРІНДЕГІ МАЗМҰНДЫҚ, ТҮРЛІК ІЗДЕНІСТЕР

Аңдатпа. Мақалада қазақ повестеріндегі дәстүрлер мен жаңашылдық, жазушылар шығармаларының мазмұн мен түр жаңалығы контекстіндегі көркем ізденістер қарастырылды. Қазақ повестерін тақырыптық жағынан топтастыру арқылы дискурстық талдау жасалды. Мақалада повестегі ұлттық құндылықтар, махаббат, адам мен табиғат экологиясы, туған жердің табиғаты сынды тақырыптар талдауға алынды. Мәселен, повестердің ұлттық құндылықтар тақырыбын көтерген Мұхтар Мағауиннің «Тазының өлімі», «Жүйрік», «Жыланды жаз», Қабдеш Жұмаділовтің «Сәйгүліктер», махаббат тақырыбында жазылған Серік Асылбекұлының «Рәбиғаның махаббаты», Нұрдаулет Ақыштың «Сезім жетегіндегі жігіт», Талаптан Ахметжанның «Сұлу мен суретші» повестерімен қатар, адам мен табиғат экологиясы, туған жердің табиғатының қазіргі жағдайын, табиғат мәселесін көтерген Қ.Ысқақов «Бұқтырма сарыны», Қ.Жиенбаевтың «Құлан жанарындағы ғұмыр», Сайлаубай Жұбатырұлының «Әнші аралдың құпиясы», «Тамұқ төріндегі қазына» сынды повестері талданды. Адамгершілік, махаббат мәселелеріне замандастарымыздың жеңіл-желпі қарауы, жауапкершіліктен қашуы, ар-ожданнан атақ пен даңқты жоғары қою сынды мәселелер ХХ-ХХІ ғасырлардың қасіреті ретінде көрсетілді. Мистикалық сюжеттік құпияларды қолданған шығармалар ретінде Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» Е.Аманшевтің «Албасты туралы аңыз», Т.Ахметжанның «Нобель сыйлығы» повестері мысалға алынып, мистикалық сарынмен қазіргі прозадағы көркемдік ізденістер ғылыми сараланды. Детективті шығармаларда жанр табиғатына сай қылмыстың ашылуы, шытырман оқиғаларға толы повестер қарастырылды. Мәселен, К.Тоқаевтың «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға», Б.Исаевтың «Қайта тергеуші» тәрізді шытырман оқиғаға құрылған детективті шығармаларын салыстыра зерттеу арқылы ұлттық әдебиеттегі дәстүр және жаңашылдық мәселесі қарастырылды.

Кілт сөздер: проза, әңгіме, повесть, дискурс, мистика, детектив, дәстүр мен жаңашылдық

Г.Ж. Орда¹, Э. Мансурова^{2*}

¹ Институт литературы и искусства имени М. О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

² Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

E-mail: ¹Orda_68@mail.ru, ²elochka_02.05.95@mail.ru

ORCID: ¹0000-0001-5930-3784, ²0009-0009-5553-0897

Содержательные, видовые поиски в казахских повестях

Аннотация. В статье рассмотрены традиции и новшества в казахских повестях, художественные изыскания в контексте содержания и видовой новизны произведений писателей. Проведен дискурсивный анализ путем тематической группировки казахских повестей. В статье были проанализированы такие темы, как национальные ценности, любовь, экология человека и природы, природа родного края. Например, были рассмотрены национальные ценности в повестях Мухтара Мағауина «Смерть тазы» («Тазының

өлімі»), «Скакун» («Жүйрік»), «Змейное лето» («Жыланды жаз»), Кабдеша Жумадилова «Скакуны» («Сәйгүліктер»), написано на тему любви в повестях Серика Асылбековича «Любовь Рабиги» («Рәбиганың махаббаты»), Нурдаулета Акыша «Чувственный парень» («Сезім жетегіндегі жігіт»), Талаптана Ахметжана «Красавица и художник» («Сұлу мен суретші»), а так же были рассмотрены темы поднимающая современное состояние природы родного края, проблему природы в повестях К. Искакова «Мотивы Буктурмы» («Бұқтырма сарыны»), К. Жиенбаева «Жизнь Кулана» («Құлан жанарындағы ғұмыр»), Сайлаубая Жубатырова «Секрет певческого острова» («Әнші аралдың құпиясы»), «Сокровище Тамуке» («Тамұқ төріндегі қазына»). В сравнительном исследовании произведений, написанных на одну и ту же тему, Такие проблемы как, легкое отношение современников к вопросам нравственности, любви, уход от ответственности, возвышение славы и славы над совестью отражались как трагедия XX-XXI века. В качестве произведений, в которых использовались мистические сюжетные тайны, были использованы повести Т. Асемкулова «Сокровище Бекторы» («Бекторының қазынасы») Е. Аманшева «Легенда про противоположного» («Албасты туралы аңыз»), Т. Ахметжана «Нобелевская премия» («Нобель сыйлығы»), мистическим подтекстом были научно дифференцированы художественные поиски в современной прозе. В детективных произведениях рассматривались повести, наполненные приключениями, раскрывающие преступления, соответствующие жанровой природе. Например, К. Токаева «Заговор» («Қастандық»), «Инцидент в Саргабане» («Саргабанда болған оқиға»), Б. Исаева «Повторный следователь» («Қайта тергеуші») в ходе сравнительного исследования детективных произведений, созданных в подобном приключении, была рассмотрена проблема традиций и новизны в национальной литературе.

Ключевые слова: проза, рассказ, повесть, дискурс, мистика, детектив, традиция и новизна.

G.Zh. Orda¹, E. Mansurova^{2*}

¹ M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

² Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹Orda_68@mail.ru, ²elochka_02.05.95@mail.ru

ORCID: ¹0000-0001-5930-3784, ²0009-0009-5553-0897

Substantive, specific searches in kazakh stories

Abstract. The article examines traditions and innovations in Kazakh short stories, artistic explorations in the context of content and typological novelty of writers' works. A discursive analysis was conducted through thematic grouping of Kazakh short stories. The article analyzed such topics as national values, love, ecology of man and nature, the nature of the native land. For example, national values were considered in the novels of Muhtar Magauin's "Death of Taza", "Skakun", "Snake Summer", Kabdesh Zhumadilov's "Skakony", written on the theme of love in the novels of Serik Asylbekovich's "Love Rabigi", Nurdaulet Akish's "Sensual guy", Talaptan Ahmetzhan's "Beauty and artist", as well as topics raising the current state of nature of the native land, the problem of nature in the novels of K. Iskakov's "Motives of Bookturma" were examined "Bukyрма saryny", K. Zhiyenbayev's "The Life of Kulan", Sailaubay Zhubaturov's "The Secret of the Singing island", "The Treasure of Tamuke". In a comparative study of works written on the same topic, Such problems as the easy attitude of contemporaries to issues of morality, love, avoidance of responsibility, the elevation of fame and glory over conscience were reflected as a tragedy of the XX-XXI century. As works in which mystical plot secrets were used, the novels of T. Asemkulov's "The Treasure of Bektor" by E. Amanshev's "The Legend of the Opposite", T. Ahmetzhan's "The Nobel

Prize" were used, the mystical subtext was scientifically differentiated artistic searches in modern prose. Detective works considered stories filled with adventures, solving crimes that correspond to the genre nature. For example, K. Tokayeva "Conspiracy", "Incident in Sargaban", B. Isaev's "Repeated investigator" in the course of a comparative study of detective works created in such an adventure, the problem of traditions and novelty in national literature was considered.

Keywords: prose, short story, novella, discourse, mysticism, detective, tradition and novelty.

1. Кіріспе

Шығарманың жанрына байланысты тақырыптың ауқымдылығы да әркелкі болады. Ғалымдардың айтуына қарағанда, орта және кең көлемді жанрлардың тақырыптары негізгі және жанама болып екіге бөлінеді. Повесть жанры әңгімемен салыстырғанда күрделі. Өйткені әңгіме адам өміріндегі тұтқиылдан кездесетін бір оқиғалы эпизодқа арқа тіреп жазылса, повесть не хикаят – бірер не әлденеше оқиғаны қат-қабатымен, дәуір-дәуірімен суреттеуге икемді жанр. Сондықтан да повестің тақырыбы ауқымды және әркелкі болады. Қай тақырыпқа қалам сілтесе де, бүгінгі повесть атаулы таптық көзқарастан, ресми нұсқау-нормативтерден азат. Қазіргі таңда кеңестік идеологияға, кеңестік санаға өзін қарсы қоятын сана қалыптасты. Сондықтан да тәуелсіздік тұсында жазылған шығармалар көркемдік-эстетикалық ізденіске бай. Дүниені жаңаша сезіну, еркін ойлап, ойлағаныңды ашық жазу бұрын қалам тартылмаған проблемаларға аттап баспайтын материалға жол ашты. Егемендік образды өмір философиясын жасауға, руханият, инсаният өлкесіне терең де батыл бойлауға мүмкіндік берді (Елеуқенов, 2006: 161).

Әдеби шығарма туралы әңгімені тақырыптан бастағанмыз жөн. Өйткені тақырып – өнер туындысының іргетасы. Тақырып арқылы жазушы жаратылыстағы түйткіл мәселелер мен қиын өмірлік жағдаяттарды ашып береді. Жалпы, филологиялық ілімдерде тақырыптарды жүйелеудің қилы жолдары бар. Мәңгілік тақырыптар, онтологиялық, антропологиялық болып бөлінеді. Пәлсапалық тақырыптар жалпы адамзаттық тауқыметтерді көтереді, яғни өмір мен өлім, діл мен дін, адам мен қоғам сияқты дихтомиялық құбылыстар сөз етеді.

2. Материалдар мен әдістер

2.1 Зерттеу әдістері

Мақалада салыстыру, жүйелеумен бірге жанрлық-типологиялық, тарихи-салыстырмалы, объективті-аналитикалық талдау әдістері қолданылды. Қазіргі қазақ повестеріндегі мазмұндық, түрлік ізденістерді саралауда бірсыпыра жазушылардың шығармалары тақырыптық тұрғыда жүйеленді, өзара салыстыра талданды. Адамгершілік гуманизм, сүйіспеншілік пен махаббат, адам және табиғат экологиясын көтерген повестердегі түрлі тақырыптар өзара салыстырыла зерттелді. Қазақ повестеріндегі мистикалық сарын мен шытырман оқиғаға құрылған детективті шығармаларға жанрлық-типологиялық талдау жасалды. Қазіргі повестердегі детективті шығамаларды талдауда қазақ әдебиетіндегі детектив жанрынан алынған мысалдармен салыстырылды. Повестердегі мазмұндық және түрлік ізденістерді ғылыми саралауда объективті-аналитикалық талдау әдістері қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

Қазақ повестерінің зерттелу тарихын ХХ ғасырдың басынан бермен қарай сөз етуге болады. Қазіргі қазақ повестері туралы зерттеулер қатарында соңғы отыз жыл көлемінде жазылған еңбектерді тілге тиек еткен жөн. Бұл тұғыда алдымен тәуелсіздік дәуір әдебиетін зерттеуге арналған он томдық «Қазақ әдебиетінің тарихы», «XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті», «Қазіргі әдебиеттегі жалпыадамдық құндылықтар», «Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар» тәрізді академиялық іргелі зерттеулер мен повесть жанрының типологиясы мен генезисін арнайы зерттеген С. Асылбекұлының «Қазақ повесі (Генезисі, эволюциясы, поэтикасы)» монографиясын атаған жөн (Асылбекұлы, 2021).

«XXI ғасырдағы қазақ әдебиеті» еңбегінде поэзия, проза, драматургия жанрларына жазылған шолу тарауларда әр жанр өз ішінен бірнеше түрге топталып зерттелді. Проза жанрын қамтитын әңгіме, повесть, роман жеке тараулар аясында қарастырылды. Сонымен бірге Әкім Тарази, Қабдеш Жұмаділов, Сәбит Досанов, Софы Сматаев, Дүкенбай Досжан, Төлен Әбдіков, Дулат Исабеков, Алдан Смайыл, Жұмабай Шаштайұлы, Тұрысбек Сәукетаев, Нұрдәулет Ақыш, Әлібек Асқаров, Төлөк Тілеуханов, Талаптан Ахметжан, Асқар Алтай, Айгүл Кемелбаева, Роза Мұқанова, Дидар Амантай сынды жазушыларға шығармашылық портреттер берілді.

«Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар» атты ұжымдық еңбекте жекелеген жанрларға берілген шолу тараулармен бірге қазіргі қазақ прозасының дамуына ерекше үлес қосып жүрген Ш. Құмарова, Ш. Бейсенова, Б. Нұржекев, Р. Ниязбек, Т. Нұрмағамбетов, Н. Қапалбекұлы, С. Асылбекұлы, Д. Әшімхан, Қ. Жиенбай, Қ. Түменбай, Р. Отарбаев, Н. Ораз, Д. Рамазан сияқты бірсыпыра жазушыларға берілген шығармашылық портреттерде олардың өмірі мен шығармашылығы толықтай қамтылды (Қазіргі қазақ әдебиеті, 2017). Осы еңбектегі «Прозадағы көркемдік ізденістер» деген тарауда қазіргі әңгіме, повесть, романдарының даму бағыттары ғылыми тұрғыда бағамдалды. Аталған кешенді зерттеулерде тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығындағы «Повесть, хикаяттар» тарауын Ш. Елеуқенов (Елеуқенов, 2006: 161-196), тәуелсіздіктің екінші онжылдығындағы «Қазіргі повестер» тарауын Н. Ақыш (Ақыш, 2011: 137-167), Қазақстан халықтарының әдебиетіндегі «Қазақстандық эностар повесі» тарауын Г. Орда зерттеген болатын (Орда, 2014: 423-436).

Түрлі өнер саласындағы жанр мен жанр теориясын зерттеп жүрген Баварши Анис пен Мэри Джо Рейфф тәрізді ғалымдар семиотикалық кодтар мен ішкі ақпаратты тасымалдай бастағанда жанр пайда болатындығын айтады (Bawarshi Anis and Mary Jo Reiff, 2010: 29). «Жанр экологиясы» еңбегінде Анис Баварши жанрлардың әлеуметтік тәжірибелерді, қарым-қатынастарды және сәйкестіктерді жаңғыртатын «риторикалық эокөжүйелер» екенін айтса, Вайсер Кристиан жанрды әлеуметтік контексттерді, тәжірибелерді және сәйкестіктерді жасайтын риторикалық эокөжүйелерді қолдайтын әлеуметтік мотивтерді түсіндіру және енгізу деп пайдаланады (Weisser, Christian, 2001: 70). Эми Девитт жанрлар шынымен динамикалық және үнемі дамып отырса да, оларды өзгерту қиын екендігімен келіседі (Devitt, 2013: 573-586). Девиттің пікірінше, жанрлар қайталанатын жағдайларға жауап беріп қана қоймайды, сонымен

қатар оларды құрастырады. «Жанрлар... әрқашан тұрақтылық пен өзгерістер арасындағы тартыс алаңы болып табылады. Олар табиғи түрде динамикалық болып табылады, жеке пайдаланушылардың әлеуметтік-когнитивтік қажеттіліктеріне жауап ретінде уақыт өте келе біртіндеп өзгереді», – дейді (Devitt, 2013: 573-586). Каролин Р.Миллердің 1984 жылы жарияланған «Жанр әлеуметтік әрекет ретінде» мақаласында жанрды қайталанатын әлеуметтік жағдайларға негізделген типтік әлеуметтік әрекет ретінде қарастырады (Miller, 1984: 151-167).

Қазіргі қазақ повестеріне жоғарыда аттары аталған жазушылардың барлығы да қомақты үлес қосып жүргені белгілі. Бұл мақалада бір топ қаламгерлердің ішінен өзіндік ерекшелігімен танылған Кемел Тоқаев, Мұхтар Мағауин, Қабдеш Жұмаділов, Қалихан Ысқақов, Нұрдаулет Ақыш, Талаптан Ахметжан, Серік Асылбекұлы, Таласбек Әсемқұлов, Ермек Аманшев, Болат Бодаубай, Сайлаубай Жұбатырұлы сияқты жазушылардың повестеріне талдау жасалды.

3. Талқылануы

Әдебиеттегі мәңгілік тақырыптардың бірі – адамгершілік-гуманизм мен махаббат. Әдебиеттанушы ғалым Қ.Жанұзақова тақырыпты шартты түрде екі топқа бөліп қарастырған: мәңгілік және тарихи тақырыптар (Жанұзақова, 2015: 46). Осылардың ішінде мәңгілік тақырып деп, біз махаббат тақырыбын айта аламыз. Әрбір жазушы өзінің шығармаларын махаббат тақырыбына арнайтынына күмәніміз жоқ. Қазіргі повестердің махаббат тақырыбына негізделген мазмұндық ізденіс, өмір шындығынан туындаған әдеби сұранысқа жауап тәрізді. Ғасырлар бойы қалыптасқан моральдық ұстанымдардың қазіргі уақытта құндылығы жойылып бара жатқандай көрінеді. Сондықтан да қаламгерлер өз шығармаларында мәңгілік махаббат немесе адамгершілік тақырыбын үнемі көтеріп отырады. Статистикалық мәліметке сүйенсек, елімізде отау құрған жас отбасының үштен бірі ажырасып жатыр, осы тұрғыдан алып қарағанда қазіргі махаббат тақырыбындағы повестерде махаббатқа адалдықтан гөрі өмірдегі адамдардың махаббаты азғындау мәселесі көтерілуде. Осы тақырыпта жазылған қазіргі қазақ повестерінен Нұрдаулет Ақыштың «Сезім жетегіндегі жігіт» повесінде «.. Ажырасудың не оғаштығы бар, қазір екінің бірі ажырасып жатыр ғой..» Ажырасу бүгінгі таңда әсіресе урбанизация кеңінен етек алған алдыңғы қатарлы елдерге тән қатардағы жәй ғана нәрсе. Адамзаттың озық ойлы алдыңғы легі неке мәселесіне онша мән бермейді. Ақыл-сана дамыған сайын жанұя мәселесі екінші кезекке қарай ысырыла бермек» (Ақыш, 2010: 110), - деп, Әлібек өзін ақтап алуға тырысады. Повесте уақытша сезім үшін атақ-даңққа құмар Әлібектің балашағасын тастап бір сәттік сезімге еріп кеткен ер адам туралы айтылады. Қисымбаев Әлібектің айдай жүзді әйелі Ақжанмен ауызынан түсіп қалған бір қыз, бір ұлы бар. Өзінің қызметі де жаман емес, білдей бір оқу министрлікте жұмыс істейді. Оның Қабылхан, Асқар дейтін достары – қарапайым ауылдың жігіті. Алайда Әлібек осының бәрін бір сәттік сезімге айырбастағанына өкінбейді. Талай жігіттерге арман болған Ақжан қасында шыр-пыр болып жүрсе де, Әлібектің таңдауы көрші үйде тұрған әйелге түседі. Ол әйелді Ақжан көргенде не айтарын білмей «апа» дегенінен бұл әйелдің жасы егде екенін аңғаруға болады. Ақжанға жаны ашып, не апа дегеніне кекетіп Әзизгүл «.....мен талай рет құдым, ол өзі келіп алады. Керек болса алып кет»

(Ақыш, 2010: 123), - десе де, Әлібектің кетер ойы жоқ. Шығарманың соңында Ақжан жалғызбасты әйел, балаларына өзі қамқор аяулы ана кейпінде қалады. Әлібек бір сәттік ләззаты үшін, отбасынан, бала-шағасынан бастартқан әке ретінде танылады. Қазіргі қоғамда ер адамның рөлі отбасына қорған болғаннан гөрі, өзінің сезіміне ерік беріп, сезім жетегіне кетіп қалған ер адамдарың бейнесін осы Әлібектен көре аламыз.

Махаббат пен сүйіспеншілікті Талаптан Ахметжанның «Сұлу мен суретші» шығармасынан көреміз. Автордың шығармаларына ортақ тақырыптар – махаббат, адалдық, мейірбандық. Аталған шығармасы – адамгершілік, махаббат, күйзеліс, жалғыздық сияқты сезімге толы туынды. Бұл шығармаға да бір сәттік сезімнің құрбаны болған суретші мен сұлудың оқиғасы арқау болған. Ұлы сезімге тұтқын болған сұлудың күйеуіне суретшімен шөп салуы, суретшінің махаббатының жерге тапталуы баяндалады. Көзге шөп салу әйелден де еркектен де болып жатқан қателіктер қазіргі махаббатқа адалдықтан гөрі өмірдегі адамдардың махаббаты азғындау мәселесі көтеріледі. Суретшінің қызды сипаттауы төмендегіше: «...*Сұлудың үстіндегі үлбіреген қара көйлек ашаң жүзіне әр қоса түскендей, мойнындағы гауһар моншақтары қимылдаған сайын жылт-жылт етеді, сұлудың бар болмысынан нәзіктік пен ибалық лебі есіп, кафедегі еркек біткеннің назарын өзіне аударып алған; ой тұнған қарақат көзінің тұңғиығына кісіні бірден баурап ала қояр тартылыс күшінің барына бағымдады суретші...*» (Ахметжан, 2003: 76). Шығарма суретшімен сұлудың бір-біріне деген сезімі, махаббаты, нәзік сезімдері лирикалық шегініс арқылы суретшінің естеліктерімен толығады. Суретші мен сұлудың бір-біріне деген ыстық ықыласын, махаббатын автор сұлу бойжеткенге қарап отырып есіне түсіреді. Және сол кезімді қайтадан басынан өткерген ол қайталанбайтын сезім екендігін сезеді. «...*Бүкіл теңіз маңы демін ішіне тартып тұрғандай: сұлудың мақпал алақанындай үлбірек самал үздіге сыбырайды; әлдеқайдан, теңіз бетінен баяу қалқып ұзап бара жатқан кеме жақтан ба, жоқ әлде санаторий айналасындағы сыңсыған қалың ағаштың ішінен бе, әйтеуір жүрек суырап нәзік музыка талып жетті құлаққа...*» (Ахметжан, 2003: 89). Басына ешнәрсеге бергісіз ұлы сезімді өткергенмен, бір сәттік сезім құшағындағы суретші сұлудың құшағынан қалай сытылып кетуді ойлады. Ұлы сезімнен қорыққан суретші ішінен бір сұмдықты сезгендей, сұлудың күйеуі бар екендігін білгенде осыншама құдіретті сезімнің жер асты болғанына күйініп, әрі жиіркенген сезімде болады.

Шығарма кейіпкерінің бір де бірінің нақтылы аты жоқ. Бірі – мамандығы бойынша аталған суретші шал. Екіншісі – атақ-дәрежеге маңдай термен емес, қулық-сұмдыққа алдына жан салмайтын шеберлігімен жеткен Қожайын. Үшінші мен төртінші – сұлу әйелдер. Біріншісі – суретшінің ғашығы. Және бірі – Қожайынның қалыңдығы, кейінгі некелі жары.

Қожайынның қожайын аталатыны – суретші шал ақысыз-пұлсыз тұрып жатқан үй иесі. Нағыз су жұқпастың өзі. Кешегі заманға да, бүгінгі заманға да бейімделіп, айқап-шайқап жүрген дию-пері.

Қожайын суретші шалды Орталық базарда картиналарын сатып отырған жерінен кездестіреді. Көз тоқтатып қарап еді, сақал-шашы дудырап өскен, сол жақ аяғы тізеден төмен протез, үстіндегі киімі алқам-салқам, қалтасында орталай ішілген

портвейн, көзінің асты көкпеңбек көлтілдеген, меншікті баспанасы жоқ бейшара екен. Бір алқаш орыстың ескі жапшасын айына отыз мың төлеп «бомжының» ар жақ бер жағында тұрып жатқан жәйті бар. Қожайынның ішкі есебіне жүйріктігі сондай, пайдаланбақ ниетте үйіне кіргізіп ала қойды. Қожайынның сөзіне қарағанда, бірталай жауапты қызмет атқарған. Арам ниетті қожайын көп ұзамай суретшінің арқасында танымал болып шыға келеді. Суретшімен сұлудың махаббатынан туындаған сурет сонау Парижде өткен дүниежүзілік конкурстың бас жүлдесіне ие болған. Авторы суретші болғанымен, қожайынның «жиырмасыншы ғасырдың Леонард да Винчиі» деп аспандатып, айтылған сөзіне Суретші шалдың «өне бойы ара шаққандай дуылдап, жүрегі атқақтап, ауызына тығылды». Себебі, картинаның авторы – Қожайын емес, сүмелек суретші болатын. Одан кейін Қожайынның ермекке алып келген кезекті сұлуы бұдан жиырма жыл бұрынғы өз ғашығы екеуінің махаббатынан жаратылған перзент екенін сезеді. Сол ғашығының ауызынан түсіп қалғандай... Бір күні іші әлемтапырық сілейе ішкен шал өз бөлмесіндегі столдың қырына жығылып жан тәсілім болады. Суретші шал өлімінің басқа өлімдерге ұқсамайтын бір сыры бар еді. Повесть сол сырды ақтарады. Ол – бүгінде аяқасты болып бара жатқан ар-ождан, адамгершілік мәселесі. Суретші ар сотының алдында өзіне үкім шығарды.

Махаббат тақырыбына жазылған повестердің көтерген мәселелері әр қилы, көбісі қазіргі қоғаммен байланысып, астасып жатыр. Сондай бір нәзік сезімді сипаттайтын шығарманың бірі – Серік Асылбекұлының «Рәбиғаның махаббаты». Автор жауапсыз махаббатқа құрбан болған оқушы қыздың сезімін, ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген сүйіспеншілігін сипаттайды. Повестің көтерген тақырыбы – оқушы мен мұғалім арасында жауапсыз махаббат. Бұл – кіршіксіз сезімге тұншығып өлген 10 «Б» сынып оқушысы Рәбиғанының мұғалімі Мадридке деген сезімі. Сезімін Мадридке хат арқылы жеткізгенінен қыздың батылдығын көруге болады. Мұғалімдердің көздеріне қарауға ұялатын оқушылар, қазірде мұғалімдермен құрдасы секілді қалжыңдасып жүруі – қазіргі таңдағы жастардың еркіндігі. Жастардың еркіндікке ұмытылуы, ойын еркін жеткізуі әрине өте жақсы қасиет, алайда үлкенді үлкен деп сыйлаудың ұмытылуы өкінішті. Шығармада ерлі-зайыпты Ұлықпан мен Айжамалдың бір-біріне деген сүйіспеншілігін көре аламыз. Повесть оқиғасы өмірден алынғандығын автор Айгүл Кемелбаеваның «Сағыныштан» «Рәбиғаның махаббатына» дейін деген Серік Асылбекұлымен сұхбатында айтқан болатын. Жоғарыда сөз болған туындыларға қазіргі қоғам өміріндегі боямасыз оқиғалар арқау болған. Махаббат, адамгершілік мәселелері қазіргі таңда екінші орында тұрғандай әсер береді. Жазушылар адамзат баласының пиғылы өзгергенін нақты кейіпкерлердің тағдырымен шынайы суреттеген.

Қазіргі қазақ әдебиетіндегі өзекті тақырыптың бірі – адам және табиғат экологиясы. М.Мағауин – «Тазының өлімі», «Жүйрік», «Жыланды жаз» повестері арқылы «Адам мен табиғат» мәселесін ұлттық сипаттағы сарынға көтерген жазушы. Жазушы шығармаларының негізгі ой адамзат – қоршаған орта дәстүр жүйесі арқылы беріледі. Автор өмірдегі адамның рөлі туралы идеяны жануарлар, ақсақалдар көзқарасы және автор сөзі арқылы тұжырымдайды. Мәселен «Тазының өлімі» повесіндегі тазы ит Лашын үшін құдіретті күш иесі, тәңір деп таныған – Адам. Оның қолынан келмейтіні

жоқ. Оған жылқы да, түйе де, сиыр да, ит те, тіпті темірден жасалған самұрық құс та бағынады.

Жазушы адам мен табиғат арасындағы үйлесімділіктің бұзылуын сан ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрдің ұмытылуымен көрсетуге тырысады. Сондай дәстүрлі кәсіптің бірі – аңшылық. Қазақтағы аңшылық кәсіпті жазушы «Жыланды жаз» повесінде мынадай сөздермен тұжырымдаған. «Аталары тегіс ит жүгіріп, құс салған аңшы болды. Мылтыққа құмар адамның оңғанын көрмедім. Тіпті деймін – ау, қуып жетіп немесе амалын тауып ұстаған емес, айдалада тұрып жайратқан обал ғой» (Мағауин, 1979: 99). Автор бұрынғы ит жүгіртіп, құс салудың орнына мылтықпен жаппай қырудың келгенін айта келе, екеуінің айырмашылығы жер мен көктей екендігін көрсетеді. Бұрынғы амалын тауып, айласын асырып, қуып жетіп немесе құспен алған емес, айдалада жайратқаннан не қызық бар дейсің. «Атаң өлсе – қойылар, атан өлсе – сойылар, күнде мұндай қансонар қайдан табылар» дейтін қазақ үшін қансонар қайталанбас сәттер. Жазушы «Тазының өлімі» повесінде осы бір өнердің бір аймақтағы тарихын баяндайды. Повестегі Қазы мен оның тазы иті – шын мағынадағы ит жүгірту өнерінің соңғы өкілдері. Повесте «қазақ сол кездің өзінде-ақ иттердің асылын біліп еді» деген ой айтылады және сол дәстүрдің барған сайын жоғалып бара жатқанына жауап іздейді. Лашын иесі қаза болғаннан кейін қараусыз қалды. Ал Қазының баласы әкесінің жолын жалғастырмады, ғасырлап бойы жалғасып келе жатқан ата кәсіптің үзілуі – трагедия.

«Жыланды жаз» повесінде тазы иттерінің адамдарды аштықтан құтқарғаны туралы оқиғаны баяндай отырып, тазы иттерге сипаттама береді. Тазы иттердің бүтін бір аймақта жойылуы – аңшылыққа деген көзқарасты да өзгерткені белгілі. Аңшылық, табиғат пен адам арасындағы қарым-қатынас М.Мағауиннің «Шақан-шері» романында да сәтті жалғасын тапқан. Адам және табиғат мәселесіне келгенде, көбіне қазақ жазушылары атбегілік, құсбегілік туралы шығармаларға қалам тербегендігін көреміз. Мәселен, М.Мағауиннің «Жүйрік» повесінде жазушы адам мен табиғат арасындағы үйлесімділіктің бұзылуын қазақ халқының ең ежелгі, дәстүрлі өнері атбегіліктің көзден бұл-бұл ұшуымен көрсеткен. Повесть оқиғасы бұрынғы тұлпар, Нарқызылдың ет комибинатына айдалып бара жатуымен басталады. Тұлпардың тағдырына әсер еткен – Мамай қарттың өлімі. Жүйрік бәйгеден зорығып, өлейін деп жатқанда шын тұлпар деп танып, бағып-қаққан да сол Мамай қарт болатын. Ол – «ата-бабадан мирас, қанша заманнан бергі машықты өнерді» жалғастырушы. Жылқының жанын түсінетін бірден-бір адам – сол. Жүйріктің бабын тауып, бағын ашқан Мамай қарттың өлімінен кейін ол қолаңсасына қастандықпен тығылған инеден арыла алмай бағы байланды. Жазушы қарттың ролін оның өлімінен кейінгі жағдаймен салыстыра отырып суреттейді. «Мал дәрігерлерінің қарамаған жері, жасамаған емі қалмады. Бірақ емі табылмады. Егер қарт Мамай тірі болса, осы бірдеңені оп-оңай табар еді. Қисынын біліп, ретін тауып алып тастаса Нарқызыл үш-ақ күнде ойнақтап шыға келмек». Бірақ дәстүр жалғасын таппай қалды. Мамай қарттың өнерін алға апарар ешкім болмады. Автор осы қарапайым мысалмен жылқы шаруашылығы, жайылымның азаюы сияқты өзекті мәселелерді көтерген. Жүйрікке сұғылған ине қазақтың тамағына қадалғанда әсер береді. Нарқызыл – дала төсін

дүбірлеткен жүйріктердің соңы болса, Мамай қартпен бірге ата кәсібіміздің жоғалуы – өмір шындығы. Жазушы жылқы тағдыры мен қазақты паралель суреттеген.

Қабдеш Жұмаділовтің «Сәйгүліктер» повесі «Жүйрік» повесімен сарындас. М.Мағауин адам мен табиғат қарым-қатынасын атбегілік тұрғысынан алып қараса, «Сәйгүлік» повесінде жылқы шарушылығы қарастырылған. Повестегі негізгі ой – жылқыға деген көзқарастың өзгеруінен бүкіл жылқы шаруашылығының біртіндеп құлдырап, жергілікті жылқы тұқымдарының азайып кетуі. Осының нәтижесінде адамдардың өздері табиғат берген сыйынан айырылып отыр. «Мінсең ат, ішсең қымыз, жесең қазы» деп таңданған, табынған жылқы заты бүгінгі таңда қазаққа неге керек болмай қалды. Жазушы мұны тек асыл тұқымды жылқыдан пайда түсіруді көздеу саясатының нәтижесі деп біледі (Жұмаділов, 1984: 107).

Қазіргі таңда адам мен табиғат, сонымен қатар экология мәселесіне арналған шығармалар жазушылар болашаққа аманат етіп қалдыратын басты нәрсе өзінің қайталанбас сұлулығымен басқа планеталардан ерекшеленетін жер деп түсіндіруде. Жазушылар шығармаларымен оқырманға ой тастаған. Табиғат ананы аялауды, ұлттық атбегілік, құсбегілік кәсіптерді есімізден шығармауға үндейді. Табиғат пен экология мәселесі қашан да өзекті. Экология мәселесі қарыштап дамып жатқан заманда алдыңғы кезекке шықты.

Туған жердің табиғаты көз алдымызда құрып жатқандығын, Арал теңізімен қорықтардың жағдайын, жануарлар әлемін суреттеп берген Қ.Ысқақов «Бұқтырма сарыны», Қ.Жиенбаевтың «Құлдан жанарындағы ғұмыр», Сайлаубай Жұбатырұлының «Әнші аралдың құпиясы», «Тамұқ төріндегі қазына» сынды повестерін мысалға келтіре аламыз. Сонымен қатар, аталған мәселені көтере білген прозалық шығармалардан Қуандық Түменбайдың «Періште», Роза Мұқанованың «Мәңгілік бейне» шығармаларын да айта кеткеніміз жөн. Қ.Түменбайдың шығармасы осы бір өзекті мәселені көтере білген жазушы «Періште» шығармасында Қазақстан жеріндегі экологияның нашарлығын, шалғайда жатқан Шерлі ауылының өмірін сипаттауымен көрсетеді. Атомдық сынақтың салдарынан зардап шеккен тұрғындар, уран өндірісі – жер асты байлығы болса да, жергілікті халыққа қаншама қасіретін тигізгенін айтса, «Мәңгілік бала бейне» шығармасы да Семей полигоны кезінде мүгедек болып дүниеге келген мүгедек Лэйл туралы сипатталады (Orda, 2019: 79- 89).

«Миф – адамзаттың рухани мәдениетінің алғашқы сатысы...» (Сәулембек, 2022: 242) деп мифология халқымыздың түпкі мәні және жауап таба алмай жүрген мәселелердің жауабы екенін айтады. Көркемдік шындықты ашу негізінде мифологиялық реализм, образдар мен мистикалық сюжеттік құпиялар қолданылған повестер біздің әдебиетімізде көп болмаса да, жазылу үстінде. «Перінің қызы», «періште», «албасты» сияқты образдар арқылы автор оқырманға көркемдік шындықты ашуда. Мистикалық сюжеттік құпияларды қолданған шығармаларға мысал ретінде, Т.Әсемқұлоатың «Бекторының қазынасы» Е.Аманшевтің «Албасты туралы аңыз», Т.Ахметжанның «Нобель сыйлығы» повестерін жатқыза аламыз.

Аталған повестердегі «Бекторының қазынасы» мифологиялық кейіпкер ретінде «Ертөстік» ертегісіндегі перінің қызы Бекторы арқылы идея ашылады. Қазіргі өмірдің шындығын ашуда перінің қызы Бекторыны қолданады. Негізгі кейіпкер Қайырбол

байлыққа, зәулім сарайға, дүние-байлыққа өзінің жүрегін айырбастайды. Адамзат келбеті, тойымсыз адам бейнесін Т. Ахметжанның «Нобель сыйлығы» повесінен көре аламыз. Мұндағы мистикалық кейіпкер – «періште». Періште аспаннан түсіп, түнде атақ-даңққа құмар дөкейлердің үйлеріне түнде кіріп оларға тәубесіне келуін сұрайды. Алайда сол кезде әзәзіл адамдардың құлағына теріс ниетті сыбырлап, адамдарды одан сайын азғырады. Бұл періште түнде қарапайым адамдарға емес ақшаға құныққан хирург, адам өмірін саудаға айналдырған хирургке, зейнеткерлерді жылатып, олардың ақшаларын толықтай төлемейтін банк қызметкерлеріне, банкирлерге, халықтың еңбегін жерге таптайтын дүниеқоңыз адамдарға келіп ескерту жасайды. Бұл – біз өмір сүріп отырған қоғам шындығы. «Ауызы қисық болса да, бай баласы сөйлесін» дегендей, қазіргі таңда біздің айналамызда ақшаға құмартып, қалай жеңіл жолмен ақша тапсам екен деп жүрген жастар жетерлік. Адамның өмірін саудаға айналдырған дәрігерлер де қазіргі өмірімізде бар. Повесте айтылған мәселелер біздің өмірімізбен тығыз байланысты.

Мистикалық повестің бірі – Е.Аманшаевтің «Албасты туралы аңыз» туындысы. Повесте қазақ фольклорындағы албасты жайлы түсініктер негіз болған. Бұл шығармада өткен мен бүгін магиялық өлшемде алынады. Повестің атауынан-ақ айтылар ойдың айрықша мазмұны аңғарылып адам санасында сақталып қалған мистикалық кейіпкер «албасты» образы жағымсыз кейіпкер ретінде танылады. Ал шығармадағы Албасты образы елес, сағым түрінде сипатталады. Себебі, фольклордағы албасты туралы хикаялар көркем емес, сондықтан әңгімеде оның да адамның сырт пішіні, келбеті анық суреттелмейді. Қазақ фольклорында «Албасты» көбінесе хайуан, қыз, әйел кейпінде келеді. «...Албасты! Иә, сол! Тіршіліктің адам безген құмдақ жағалауымен ырғала басып, теңселе қозғалған - Албасты. Әлгі тұман соны айналып, соны көзден тасалай, қаумалап алысқа алып барады. Және біз... Жағалаумен бұрқырата салып, жерден жеті қоян тапқандай анталған бота тірсек, ши борбай ауыл балалары. Есіл-дертіміз...

- Албасты ! Албасты! (Аманшев, 2001: 56).

Қазіргі қазақ әдебиетінде жаңаша қарқынмен дами бастаған жанрдың бірі – детектив. Қазіргі детективтерді сөз ету үшін ұлттық әдебиетте аталған жанрдың негізін қалаған Кемел Тоқаевтың «Қастандық», «Сарғабанда болған оқиға», Базарбай Исаев «Қайта тергеуші» повестерін қарастырған жөн. Бұл повестердің негізгі кейіпкерлері – тәртіп сақшылары, қылмыскерлермен күресетін милиция қызметкерлері, қылмысты ашушы із кесушілер. Повесть жанры туралы Қ.Нұрғали: «Определение жанра повести как некой формы между рассказом и романом является общепринятым в казахской литературоведческой традиции. В этой связи повесть – это не просто жанр, а пространство для взаимодействия различных литературных традиций» (Нурғали, 2023: 93), – дейді. Ғалымның пікіріне сүйенетін болсақ, әртүрлі әдеби дәстүрлердің өзара әсерін детектив жанрынан көруге болады.

Жазушының детектив жанрында жазған бірнеше романдары мен повестері бар. «Сарғабанда болған оқиға» повесі Рахымның анасы Сәндібаланың жиырма жастағы жалғыз ұлының сауығып кетсе екен деген дұғасымен басталады. Сарғабан ауылы қаладан қырық шақырым жерде орналасқан. Сәндібала ауруханаға бара

жатқанда медбике Аида Глухова жолығып, ұлының сауығып кететініне сендіріп, тыныштандыруға тырысады. Осылай басталған шытырман оқиғалы детективті повесть әрі қарай қызықты оқиғаларға ұласады. Түрлі сюжеттер, тосын оқиғаларға толы шығармада капитан Талғат Майлыбаев пен көмекшісі Нұржан үлкен қылмыстық істің құпиясын ашады. Алтын үшін адамды да өлтіруден тайынбайтын адамзат, дүниеге, атаққа құмартқан Цой өзінің айласымен қаншама қылмыс жасап кінәсіз медбикені жұмыстан шығаруымен көзге түседі.

Повесте бірнеше сюжеттік желі бар. Олардың бірі аудан көлеміне танымал маман, хирург Цойдың төңірегінде өрбиді. Цой қараусыз қалған үйде Борис Натанович Самсановпен жасырын кездескенмен, ізіне түскен ізкесушілерден сытылып кете алмайды. Борис Натанович хирургті алты келі алтын жоғалтты деп айыптайды (Тоқаев, 2007: 11). Осылайша оқиға күрделене түседі. Шытырман оқиғаларың бәрі де соңында анықталып, қылмыстылар айыпқа тартылады.

Шығарманы одан сайын қызықтыра түсуде автор нағыз қылмыстық іске байланысты әдістерді қолдана білген. Солардың бірі – қылмыскерлердің өздеріне ғана тән құпия сөздің болуы. Цоймен Самсановпен сөйлесуі телефон арқылы қауіпті болғандықтан, Цоймен байланысқа шығу үшін арнайы сөйлемді қолданады: «... - Мен көп жылдан бері демікпе ауруына шалдығып, жапа шегіп жүрген жан едім. Сіз соны емдеудің әдісін тапты деп естіп, әдейі жолаушылап келемін. Ауруым күн сайын асқынып барады. Қабылдай аласыз ба?...» (Тоқаев, 2007: 230). Осыдан кейін Цой кездесу уақытын, жерін айтатын. Капитан Талғат Майлыбаевтың нағыз өз ісінің шебері ретінде сипатталады. Ол әккі қылмыскерлердің түрлі айла-тәсілдерін айтып тіпті алдын ала болжап отырады. Осылайша детективті жанрдың қаншалықты қызық екендігін аталған шығарма арқылы оқырманның көңілінен шығып бұл жанрдың біздің әдебиетімізде жақсы дамып келе жатқанның бір айғағы ретінде көрсете аламыз. «Қастандық» повесінде капитан Майлыбаевпен және кездесеміз. Шығарма шытырман оқиғаға толы, бір адам түрлі қылмыс істеген, бүркеншік атпен жүрген, әккі қылмыскерді қолға ұстап, жазасын тартқызады, соңында әділет жеңіске жетеді. Шығарма із-түссіз жоғалып кеткен әйел Матерена Анефееваны табу туралы өтінішпен майорға Петрушкиннің келуімен басталады. Қылмыстың үстіне қылмыс, бірнеше сюжеттік желімен жазылған шығарма оқырманды еліктіре алып кетеді. Петрушкиннің аңқау болып көрінуі, қарапайым болуы ешкімді күдіктендірмесе де, Майлыбаевқа оның кейбір қылықтары оғаш көрінеді. Шығармада ол адам өлтіре алмайды деген адам, сонау Фашистердің жазалаушы отрядында қызмет істеген қызметкері болып шығады. Сол құпияның сырын біліп қалған Анефееваның көзін құртқан өзінің бірге отасқан жолдасы – Петрушкин болатын. Петрушкин – оған дейін де талай қылмыстарға араласқан қылмыскер. Ақырында әділдікке жол ашылып, іс-түссіз жоғалып кеткен әйелді Петрушкиннің үйінен табады. Әйелдің мәйітін үйінің цементінің астына тығып қойған, алайда үйді өртеп, өзі де өрттенген сияқты етіп көрсеткісі келген Петрушкин өзінің орнына Сигаловты өлтіріп, өрттенген үйге тастап кетуі – нағыз жауыздық, қанішерлік. Петрушкиннің соңынан түскен Майлыбаев оны ұстамақ болғанда жаралы болғанмен, қылмыскерді темірторға тоғытады.

4. Ахмеджанова З. Язык в социальном, культурном и коммуникативном контексте. – Ельтаным, 2012. – 147 с.
5. Бельгер Г.Л. Гармония духа. – Москва: Русская книга, 2003. – 288 с.
6. Елеукинов Ш.Р. Казахская литература:Новое прочтение. – Алматы: Алатау, 2003. – 344 с.
7. Есембеков Т.О. Парадигмы образа колодца в произведениях Х.Мураками и А.Кекильбаева. – Известия КазУМО и МЯ им Аблайхана. – 1(72). 2024. <https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.72.1.031>
8. Есембеков Т.О. Драматизм казахской прозы. – Алматы: КазГУ, 1997. – 380 с.
9. Кайшибаева Р.К. Восхождение к Абаю // Абай. Тридцать семь стихотворений. – Алматы: Дом печати «Эдельвейс», 2006. – С.8-12.
10. Симашко М.Д. Кочевники (пер на рус.яз.) – Алматы: Жазушы, 1998. – 127 с.
11. Smagulova A, Tusupova A, Orazbekova Z, Konyrbaeva G, Issayeva A. (2024) The subject of Kazakhstan in English minor genres of literary publicist. *Sci Herald Uzhhorod Univ Ser Phys.* (55). pp. 944-951. DOI: 10.54919/physics/55.2024.94nd4 *Corresponding *The subject of Kazakhstan in English minor genres of literary publicist*
12. Yessenberlin I. (1998) The Nomads. – Almaty: Zhazushy. – 292 p.

Ұ. Жанбершиева^{1*}, Г.С. Оралова², А.Т. Төлебаева³

^{1,2,3}Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда, Қазақстан

E-mail: ¹ulzhan1954@mail.ru, ²gulzi-oralova@mail.ru, ³aidyn42@mail.ru

ORCID: ¹0000-0001-7662-0343, ²0000-0002-7616-5499, ³0000-0003-1299-1641

ФИРДОУСИ «ШАҢНАМАСЫ» ЖӘНЕ ТҰРМАҒАМБЕТ

Аңдатпа. Мақалада Ә.Фирдоусидің түркі халықтары үшін өте маңызды Иран-Тұран тарихын суреттейтін «Шаһнама» дастаны туралы сөз болады. Дастанның Орта Азия халықтарының фольклорына енуі және қазақ поэзиясы мен Шығыстық сабақтастық айтылады.«Шаһнаманы» қазақ топырағында қайта жырлап, ұлттық бояумен дамытқан ақын Тұрмағамбет Ізтілеуовтің ерекшелігі айқындалады.Әдебиеттану ғылымындағы «Шаһнама» дастанының зерттелуін негізге ала отырып, қазақ әдебиетінде шығыстық дәстүрдің қалыптасуы сараланады. Ағылшын, француз, неміс, итальян, орыс т.б. шығыстанушы ғалымдардың «Шаһнама» туралы зерттеулері салыстырылып, дастанның рухани маңызына талдама беріледі.Фирдоуси мен Тұрмағамбет екі түрлі уақытта өмір сүргенмен дастан идеясындағы үндестігі әдеби ықпалдастық, тоғысулар танымдық тұрғыдан анықталады. Шығыстық классиканы қазақ даласында нәзирағөйлік әдіспен қайта жырлаған Тұрмағамбет ақынның даралығы, дүниетанымы, суреткерлік шеберлігі, көркемдік ойлауы ашылады.Фирдоуси «Шаһнамасы» мен Тұрмағамбет арасындағы ұқсастық, үндестік екі ақынды жақындата түскені сабақтастыра салыстырылды. Әлемдік әдеби байланыстарға терең бойлап, ғылыми танымдық тұрғыдан баға беріледі, дәйектемелер келтіріледі.Фирдоуси мен Тұрмағамбеттің үндестігі зерттеу нысанына алынып, бүгінгі көзқарас тұрғысынан қарастырылды.Тұрмағамбет Ізтілеуов «Шаһнамасындағы» Шығыстық дәстүрдің қалыптасуы ашылып, ұлттық руханиятымыздағы құндылық екені дәлелденді.

Алғыс: Мақала ҚРҒЖБМ Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен №АР19680346 «Сыр сұлейлері шығармаларындағы Шығыстық дәстүр» ғылыми жобасы аясында жүргізілді.

Кілт сөздер: фольклор, шығыстық дәстүр, рухани мұра, нәзирағөйлік әдіс, шығыстық ықпал, әдеби үндестік, гуманистік ұстанымдар, классикалық шығарма, әлемдік әдеби байланыс, дүниетаным, «Шаһнама» - патшалар тарихы.

У. Жанбершиева^{1*}, Г.С. Оралова², А.Т. Тулебаева³

^{1,2,3}Қызылорда университетінің атындағы Қорқыт Ата, Қызылорда, Қазақстан

E-mail: ¹ulzhan1954@mail.ru, ²gulzi-oralova@mail.ru, ³aidyn42@mail.ru

ORCID: ¹0000-0001-7662-0343, ²0000-0002-7616-5499, ³0000-0003-1299-1641

«Шахнама» Фирдоуси и Турмагамбет

Аннотация. В статье говорится о произведении-дастане А. Фирдоуси «Шахнама», в котором повествуется об Ирано-Туранской истории, имеющей большое значение для всех тюркских народов. Отмечается, что данный дастан вошел в фольклор всех народов Средней Азии. Наряду с этим в статье подчеркивается преемственность казахской и восточной поэзии. В статье особое внимание уделяется особенностям поэзии Турмагамбета Изтлеуова, который воспел дастан на казахском языке и придал ему национальную окраску. На основе литературоведческих исследований, посвященных произведению «Шахнама», рассматривается становление восточной традиции в казахской литературе. В работе сопоставляются исследования английских, французских, немецких, российских ученых – востоковедов о дастане «Шахнама», анализируется духовное значение данного произведения.

Несмотря на то что Фирдоуси и Турмагамбет жили в разные эпохи, идея дастана передана гармонично, прослеживается литературная интеграция, выявляются общие переплетения с познавательной точки зрения. Раскрывается индивидуальность, мировоззрение, художественное мастерство, художественное мышление поэта Турмагамбета, воспевшего восточную классику в казахской степи посредством метода назира. Созвучие «Шахнама» Фирдоуси и Турмагамбета показывает схожесть, близость творчества двух поэтов. Уделяя внимание мировым литературным связям, дается оценка с научно-познавательной точки зрения, приводится обоснование. Созвучие творчества Фирдоуси и Турмагамбета, взятое в качестве предмета исследования, рассмотрено с современной точки зрения. В статье отмечается, что в «Шахнама» Турмагамбета Изтлеуова показано формирование восточной традиции и произведение является ценностью нашей национальной духовности.

Благодарность: Работа над статьей была проведена в рамках реализации научного проекта №AP19680346 «Восточная традиция в произведениях сказителей земли Сыра» при грантовом финансировании Комитета науки МОН РК.

Ключевые слова: фольклор, восточная традиция, духовное наследие, метод назира, восточное влияние, литературная преемственность, гуманистические позиции, классическое произведение, мировые литературные связи, мировоззрение, «Шахнама» – история царей.

U. Zhanbershiyeva^{1*}, G.S. Oralova², A.T. Tulebayeva³

^{1,2,3}Korkyt Ata Kyzylorda University, Kyzylorda, Kazakhstan

E-mail: ¹ulzhan1954@mail.ru, ²gulzi-oralova@mail.ru, ³aidyn42@mail.ru

ORCID: ¹0000-0001-7662-0343, ²0000-0002-7616-5499, ³0000-0003-1299-1641

«Shahnama» Firdousi and Turmagambet

Abstract. The article talks about the work-dastan of A. Firdousi “Shahnama”, which tells about the Iranian-Turanian history, which is of great importance for all Turkic peoples. It is noted that this dastan has entered the folklore of all the peoples of Central Asia. Along with this, the article emphasizes the continuity of Kazakh and oriental poetry. The article pays special attention to the features of the poetry of Turmagambet Iztleuov, who sang the dastan in the Kazakh language and gave it a national coloring. Based on literary studies devoted to the work “Shahnama”, the formation of the eastern tradition in Kazakh literature is considered. The work compares the research of English, French, German, and Russian scientists - orientalists about the Shahnama dastan, and analyzes the spiritual significance of this work. Despite the fact that Ferdowsi and Turmagambet lived in different eras, the idea of dastan is conveyed harmoniously, literary integration is traced, and common interweavings are revealed from a cognitive point of view. The individuality, worldview, artistic skill, and artistic thinking of the poet Turmagambet, who glorified the eastern classics in the Kazakh steppe through the Nazir method, are revealed. The consonance of the Shahnama of Ferdousi and Turmagambet shows the similarity and closeness of the works of the two poets. Paying attention to world literary connections, an assessment is given from a scientific and educational point of view, and a justification is given. The consonance between the works of Firdousi and Turmagambet, taken as the subject of research, is examined from a modern point of view. The article notes that Turmagambet Iztleuov’s “Shahnama” shows the formation of the Eastern tradition and the work is a value of our national spirituality.

Acknowledgment: Work on the article was carried out as part of the implementation of scientific project No. AP19680346 «Eastern traditions in the storytellers work of Syr land» with grant funding from the Science Committee of the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Keywords: folklore, eastern tradition, spiritual heritage, Nazir method, eastern influence, literary continuity, humanistic positions, classical work, world literary connections, worldview, «Shahnama» - the history of kings.

1. Кіріспе

Әлем халықтарының ауызша және жазбаша әдебиеті өте бай, әсіресе Шығыс елдерінің гуманистік ойларға толы классикалық туындылары ғасырдан-ғасырға

ұрпақтан-ұрпаққа өтіп, біздің ұлттық сананың өркендеуіне жол салған. Шығыс жұлдыздары Фирдоуси, Сағди, Физули, Жамси, Науаи, Низами сияқты ақындардың бай әдеби мұралары өзге халықтар әдебиетіне ықпал етіп, сюжет алмасулар, әдеби тоғысулар болып отырған. «Әрбір ұлттың өзіндік ерекшеліктері, ұлттық мінезі, моральдық нормалары, әдет-ғұрыптары, рәсімдері, дәстүрлері мен өмір сүру салты бар. Әр ұлттың жүздеген жылдар бойы қалыптасқан өз мәдениеті бар, ол уақыт көшіне ілесе ғасырдан ғасырға жалғасып, халықтың өмір сүру дағдысы мен білім беру үдерісіне айрықша әсер етеді. Осыған орай ой түйер болсақ, әрбір ұлттың ұрпағын прогрессивті дәстүрлер мен озық моральдық рухта тәрбиелеуде және оны жақсы қасиеттерге баулуда халықтың сан ғасырлық жинақталған бай әдет-ғұрыпын өмірге енгізуге ұмтылу – заңдылық әрі көрегендік екені анық» деген ой түйеді (Tulebayeva, Aitimov, 2019: 253).

Шығыс – қазақ әдебиеті мен мәдениеті дәстүрлерінің тоғыса келе, қазақ әдебиетінің жанрлық түрғыдан дамуына игі ықпал жасаған. Халық өмірінің әр кезеңдегі айнасы болған әдеби туындылар тіршілік мәйегі, философиялық даналыққа толы. Шығыстық бай дүниелердің ішінде парсы әдебиеті мен араб әдебиетіндегі жыр-дастандардың маңызы зор.

Қазақ халқына классикалық туындыларды жеткізуде ХІХ-XX ғасырда өмір сүрген ақын-жыраулар еңбегін ерекше атауға болады. Шығыстанушы Ө.Күмісбаев: «Шығыс сюжетін қуып жазған қазақ ақындары көп болған жоқ, бірақ біразының аттары шығармалары ұмытылып, уақыттың өзегіне түсіп кетіп, көзден де, көңілден да ғайып боп кетті. Шығысты біліп те, білмей де жазғандар бар еді, көпшілігі көзсіз еліктеуден асып кете алмады», - деген (Күмісбаев, 2012: 14).

Ғалымның осы пікіріне сүйенсек, Шығыстық үлгідегі шығармалар жазған қазақ ақындарының көпшілігі еліктеуден аспаған, Тұрмағамбеттің ойшылдығы парсымен араб әдебиетін жетік игеруі «Шаһнама», «Мың бір түн», «Тотынаманың» идеялық-көркемдік дәстүрлерін сақтай отырып, жаңа нұсқада жазып шыққанын атап өтеді.

Парсы әдебиетінің бастауы «Авестадан» бастап, Фирдоуси, Әбу Әли ибн Сина, Зиаддин Нахшави, Носир Хосрау, Мухаммед Хайдар Дулати, Рудаки, Омар Хайям, Сағди, Ширази, Әбдірахман Жәми, Низами, Әлшер Науаи шығармалары қазақ, еуропа және орыс әдебиетіне ықпал етіп, сюжеттер Орта Азия фольклорына еніп, Шығыстық дәстүрді қалыптастырған.

Сыр елінде Шығыстық гуманистік ойлар мен классикалық шығармалардың сюжетіне жазылған туындылардың тарауына түрлі себептері болды. Сыр елінен Орта Азиядағы қалаларға барып білім алған ақын-жыраулар, Шығыстың бай кітапханасымен танысқан.

Мектеп-медреселерде білім алған ағартушы ақындар Шығыстық дәстүрді ұстап, Шығыстық сюжетке құрылған дастандарды қайта жырлаған.

Ислам діні қазақ поэзиясындағы адамгершілік-имандылық мәселесін көтеріп, тың туындыларды өмірге әкелді. Географиялық орналасуы жағынан қазақ елі Орта Азияға жақын, экономикалық қарым-қатынас, түрлі сауда-саттық арқылы жиі араласқан, әдеби байланыстар болған. Сонымен қатар ХІХ-XX ғасырда Шығыстық білім алған қазақ ақын-жыраулары Шығыстық дәстүрде адамгершілікке толы дидактикалық гуманистік үлгідегі шығармаларын халыққа таратып отырған.

2. Материалдар мен әдістер

Шығыстанушы ғалымдар Польш Гумберд Шах, В.А.Жуковский, С.Соколов, А.Е.Крымский еңбектерінде талданған шығыстық ықпал, қазақ әдебиетінде Шығыстық дәстүрдің қалыптасуында іргелі зерттеулер жүргізілген ғалымдар Ө.Күмісбаев, Ә.Дербісәлин, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, А.Қыраубаева зерттеу еңбектеріне де арқау болған.

Біздің зерттеу нысанымыз Сыр сүлейі Т.Ізтілеуов дастандарындағы Шығыстық дәстүр болғандықтан Шығыстың классикалық әдебиетінің үздік туындыларын нәзира дәстүрімен жырлаған ақынның ойлау жүйесін, дүниетанымын танытуды мақсат тұттық. Ойымызды ғалым Б.Кәрібозұлының пікірімен сабақтасақ: «Сыр өңіріндегі әдебиет өкілдері Шығыс әдебиетінің дәстүріне ерекше ден қойып, Шығыстың классикалық әдебиетінің үздік туындыларын нәзира дәстүрімен немесе Шығыс сюжетіндегі аңыздар мен ертегілерге өз жанынан қосып, қисса-хикаяттарды дүниеге келтіріп отырған», - деп ой түйеді (Кәрібозұлы, 2005: 30).

Тұрмағамбет жазған дастандар нәзира дәстүрімен Шығыстық сюжетке құрылып, классикалық туындыларды жаңаша сөйлетіп, әлем әдебиетіндегі гуманистік идеяларға үн қосып, Шығыстық дәстүрді қалыптастырған.«Шығыстық дәстүрді қазақ әдебиетінде қалыптастыра отырып, Т.Ізтілеуов ұлттық санаға ықпал еткен. Шығыстың ең үздік шығармаларын ел игілігіне айналдырып, рухани-адамгершілік ой-пікір дамытқан. Сөйтіп қазақ пен шығыс мәдениетінің тоғысып, ықпалдасуы арқылы ұлттық әдебиетте шығыстық дәстүрді қалыптастырған. Шығыстық «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» сияқты классикалық шығармаларды қайта жырлап, қазақ әдебиетіне жаңалық енгізді, сол жаңалық дамып келе дәстүрге айналды. Өнегелік тағылымы бар даналардың үлгілерін ғана ескеру керектігіне назар аударып отырған», - дейді (Жанбершиева т.б., 2023: 127).

Т.Ізтілеуов – Шығыс классикалық әдебиетінен еркін сусындап, соның жақсы дәстүрлерін меңгерген, қазақ поэзиясын түр, форма, жанр жағынан байытқан ақын. Фирдоусидің классикалық шығармасы «Шаһнаманы» қазақ тілінде қайта жырлап, нәзира әдебиетінің дәстүрімен қазақша сөйлеткен.

Тарихы, мәдениеті, тұрмыс жағдайы өзара жақын Орта Азия ақындарының сөз даналығын негізге ала отырып, әр қырынан суреттеп шығыс поэзиясының арасындағы алтын арқау, терең тамырлы сабақтастық барын айқындап берді.

Ақынның нәзира әдісімен дастан жазудағы ерекшелігіне тоқталар болсақ, идеялық көркемдік ойы образды сомдауы, нақыштауы өзгеше болды.

Қазіргі бүкіл қоғамдық ой-сананы қайта құрып жатқан кезде қазақ әдебиетінің өзге елдермен әдеби-мәдени байланысы, ықпалдастық, үндестік тарихи тамырластығын зерттеп, зерделеудің мәні зор. Осы орайда, Сыр өңірі әдебиетінде Шығыстық классикалық әдебиеттің үздік туындыларын нәзира дәстүрімен жырлаған ақын-жыраулар гуманистік идеяларға өзіндік үлес қосқаны, қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүрді байытқанын атап өтуге болады.

2.1 Зерттеу әдістері

Тақырыпты зерттеу барысында қол жеткен тұжырымдар мен түйінді нәтижелерді Фердоуси мен Тұрмағамбеттің үндестігі кеңінен насихатталады. Әдебиеттану

ғылымындағы жалпы теориялық методологиялық әдістер қолданылды. Атап айтқанда, салыстырмалы-типологиялық, жүйелі сараптау, жинақтау, баяндау әдіс-тәсілдері басшылыққа алынды. Дәйектер мен іргелі зерттеулерге сипаттама жасау, деректерді талдау жасалды.

2.2 Материалға сипаттама

Фирдоуси мен Тұрмағамбет ақынның «Шаһнама» дастанындағы ұқсастық, үндестік, сюжеттік желілер бұрын-соңды зерттеу нысанына айналған емес. Сондықтан бұл тақырыпты арнайы зерттеу және қазақ ақындарына Шығыс поэзиясының әсері, рухани байланысы әдебиеттану ғылымы аясында қарастыру жұмыстың зәрулігін көрсетеді.

Тұрмағамбет жырлаған «Шаһнама» дастаны Фирдоуси сюжеттерінен алыстап кетпейді, дегенмен, өзіндік ерекшеліктері бар. Жырды қазақтың батырлық жырларындай жымдастырып, ұлттық болмыс, таным аясымен береді.

Фирдоусидің «Шаһнаманы» жазу себептерімен Тұрмағамбет нұсқасын салыстыру ерекшеліктерін ашу бағасын беру, ғылыми тұжырым жасау жұмыстың өзектілігін айқындайды.

Тақырып Фирдоуси мен Тұрмағамбеттің «Шаһнама» дастанындағы үндестік болғандықтан, зерттеу алдына бірнеше күрделі мәселелер қояды. Ең бастысы Фирдоуси дастанының жазылуы, зерттелуі, әлем халықтарындағы нұсқасы және Тұрмағамбет нұсқасын салыстыра талдау, нәзира дәстүрінің маңызын нақтылау, гуманистік ойлар мен авторлық идеяны дәлелдеу. «Шаһнама» дастанының сөз өнеріндегі алар орнын айқындаумен қазақ әдебиетіне Шығыс әдебиетінің ықпалын зерделеу.

3. Талқылау

Әлемдік мәдениеттің мәңгі жасар мұраларының бірі – иран-тәжік әдебиетінің «Шаһнама» дастаны. Дастан авторы Әбілқасым Фирдоуси бұл шығарманы жазуға отыз бес жыл өмірін арнаған екен. Шығыс шайырларының бірі Дакаки 1000 жолдық жырдан тұратын Иран патшаларының тарихын Әбіл-Муаил Балхидың қара сөзбен жазған шығармасын өлеңмен өрнектеген. Өмірден 30 жасында өткен Дакакидің осы шығармасын Фирдоуси жалғастырған.

«Шаһнама» - Иран патшалығының 4 династиясын, 53 патшасын суреттейтін 60 мың бәйіт, 120 мың жолдан тұратын шығарма. Дастан үлкен 3 тараудан мифологиялық, аңыздық және батырлық жырлардан тұрады.

Шығыс елдерінде Шаһнаманың аудармасы туралы 400-ден астам шығарма жазылған. Оның тарауларын жатқа айтып тарату мәдени дәстүрге айналған. Кейін «Шаһнаманың» жеке тараулары өз алдына «Жәмшиднама», «Самнама», «Дарабнама» т.б. қисса-дастан болып тарайды.

«Шаһнама» нұсқасы бойынша ағылшын Лонес, неміс ақыны Ф.Рюккерт «Рүстем-Зораб» бөлімін аударған.

Француз ғалымы Поль Гумберд Шах дастандағы араб сөздерін зерттеген.

XIV ғасырда «Шаһнама» қара сөзбен араб тіліне аударылады.

XV-XVI ғасырда түрік тіліне аударылады.

XVIII ғасырда ағылшын тіліне аударылып, XIX ғасырда А.Е.Крымский украин тіліне, В.А.Жуковский мен С.Соколов орыс тіліне аударды. Түркі халықтары үшін

маңызды шығарманы қазақ тіліне алғаш аударған. Ораз молда деген Сыр елінде өмір сүрген ақын еді. М.Сералин «Рүстем-Зораб» тарауын орысша нұсқадан аударып, 1914 жылы «Айқап» журналында жариялап отырған.

«Шаһнаманың» Ташкенттен шыққан нұсқасын қара сөзбен Айманкүл Тәжібаева аударады.

«Шаһнаманы» қазақ ұғымына үйлестіре жырлаған Сыр сұлейі Тұрмағамбет Ізтілеуов болды.

«Шаһнаманы» баспаға әзірлеп, алғы сөз жазған ғалым Ислам Жеменей: Тұрмағамбет «Шаһнаманы» толықтай аудармаған әйтсе де оның аударып жазған «Рүстем-Дастаны» мен Фирдоуси «Шаһнамесінің» мазмұнына көз жүгіртсек, шығарманың негіздерін сақтағандығын байқауға болады. Бірақ Фирдоуси «Шаһнамасында» айтылған бірқатар кейіпкерлер мен оқиғаларды жырына қоспайды», - деп тұжырым жасайды (Жеменей, 2009: 17).

Тұрмағамбет «Шаһнамасына» сюжеттік желіге қарай талдама түсінік береді де ақынның ерекшелігіне тоқталған. Кіріспеден кейін иранды 30 жыл билеген тұңғыш патша Киомәрс туралы мағлұмат берген, сонан соңғы он бір тарау Кейқұсырау мен Афрасиабтың шайқасын суреттеуге құрылғанын 64 жыл патшалық еткен Кейқұсыраудың тарихын «Құсыраунаме»деп бірнеше тарауларға бөліп жырлағанын сөз етеді деп жазады.

Ақын «Шаһнамадағы» батырлық бөлімге тоқталған, басты идеясы – жақсылықтың зұлымдыққа қарсы күресін суреттеу, ерлікті дәріптеу.

М.Әуезов: «Ерлікке бара-бар, алабөтен үлкен еңбегі деп «Шаһнамаға сіңірген еңбегін айтар едік. Бұл әрине «Шаһнаманың» тұтас түрі емес және толық мағынасындағы аудармасы да емес. Бұл Рүстем батыр есіміне байланысты батырлық романтикалық қимыл-әрекеттерді жинақтап, сюжет желісіне тұжырымдап, қазақ ұғымына бейімдеп алған «Рүстем-Дастан» атты вариант», - деп баға береді (Әуезов, 1970: 95). Осы пікірге сүйенсек, Тұрмағамбет жырлаған дастан Фирдоусиден толық аударма емес, қазақ ұғымына жақындата, жырлаған жаңа нұсқа деп білеміз. Дастан кейіпкерлері – тарихи тұлғалар, батырлар Сам, Зал, Сұһраб, Рүстем және елін сыртқы жаудан сақтап қалған Тұран-түркі елін басқарған патшалар Фирдоуси мен Тұрмағамбет сияқты екі алыптың сюжет алмасуларын салыстыратын болсақ, негізгі сюжеттер сақталғанмен біршама өзгерістер бар. Мәселен, Фирдоуси нұсқасындағы Иражды екі ағасының өлтіретін жері Тұрмағамбетте жоқ.

Фирдоуси:

Жендеттерге ұқсамаңдар,

Менің ізім жоғалады.

Дән тасиды құмырысқалар,

Өмір тәтті оған әлі (Ізтілеуов, 2009: 454) - деген Ираж соңғы сөзіндегі ағаларына өлтірмеуін өтінеді. Бұл эпизод Тұрмағамбетте басқаша Ираждың Кейқұбат аты Құланның үркіп, жерге құлап түседі, басынан тәжісі ұшып кетеді. Осы уақытта Сәлім қылышпен шауып өтіп, Тұр басын кеседі деп суреттелген. Дастанда халық поэзиясымен үйлесетін тұстар көп кездеседі.

Мәселен, түс көру мотиві Фирдоуси түсіне кейіпкері Рүстем кіреді. Иражағалары өлтіретінін түсінде көреді.

Тұрмағамбет:

Түсімде жеді етімді екі ит талап,
Тамсанып қан-жынымды тұрды жалап
Ол екі ит осы жатқан Сәлім мен Тұр
Өздерін өлмейтінге жүрген балап (Ізтілеуов, 2009: 213).

«Шаһнама» сюжетін жырлауда Тұрмағамбет ұлттық болмысқа лайықтап үйлестіруі оның ақындық өнердегі даралығын аңғартады.

Фирдоуси «Шаһнамада» жырлаған сюжеттерден Тұрмағамбет алшақ кетпейді, дегенмен өзіндік ой, ұлттық нақыш, адамгершілік мәселесін қозғайды. Кейіпкерлердің атын өзгертіп қолданады, зұлымдықты әшкерелейді. Мәселен, Фирдоусидің Қаюмарын-Тұрмағамбет Қиямарыс, Хумантты-Хушнақ, Тахмурасты-Тақымұрыс деп өзгертіп береді. Екі ақын да Жамшид патша дін мен дәулет иесі, оның тұсында халық рухани байи түскенін зұлымдықтың азайғанын баян етеді, осы сюжетті сақтай отырып, Тұрмағамбет өзіндік өзгеше ой толғайды. Жамшид патшалығын екі бөлімге бөліп, әр тарауға қорытынды, түйін жасаған.

Жамшидтің Зукахтің қолынан өлуін өзінше жырлаған. Мысалы:

Айқайлап әскерімен кіріп ішке,
Қуанып Зүкәх залым мінді күшке.
Жамшидтің ордасына кіріп бірден,
Адамды кесе тұрған тартты іске.
Жамшидттен ұстап Зүкәх қалған мөрді,
Биледі болып патша ой мен өрді (Ізтілеуов, 2009: 454).

Ал Фирдоуси Зүкәх араб болған дейді, Тұрмағамбет болса Зүкәхтің араб екенін жырға мүлдем қоспаған.

4. Нәтижелер

Фирдоуси эпопеяда батырлық, ерлікті, Иран мен Тұран арасындағы соғыстарды суреттеумен береді. Тұрмағамбет нұсқасында Рүстем ерлігімен жеке дастан етіп көрсетіп, батырлар жорығын Рүстемнен бастайды. «Шаһнамадағы» мифологиялық бөлім «Авестада» баяндалатын оқиға төңірегінде өрбейді. «Шаһнама» дастанындағы ең көне мифтер адам санасының дамуында философиялық ой тудырады. Халықтық шығармалардағы ертегілік мотив кездеседі. Залды асырап өсірген Самұрық бейнесі немесе Рүстемнің дүниеге келуі Рудабаның босана алмай, Самұрықтың өз қанын аузына тамызып, баланы әйел ішінен жарып алуы сияқты желілер – шығыс елдеріне ортақ мифтер. Адам өмірінен алшақтау, қиял-ғажайып оқиғаларға толы дүниетанымның көрінісі мифтер туралы А.Қыраубаеваның: «Бұрыннан бар сюжетті қайталай жазып, белгілі мифтер мен культтерді жаңғырту – Шығыста ежелгі Ассирия-Вавилон дәуірінен бастап дамыған үрдіс», - деуі дәлел болады (Қыраубаева, 1997: 3).

Рүстемнің әкесі Залдың дүниеге келуін Тұрмағамбет былай таныстырады:

Баланың түсі сары, қара көзі,
Рас болса бұрынғының айтқан сөзі.
Қайтпайтын қара тастан қасқыр жүрек
Болады Баһадүрдің нағыз өзі (Ізтілеуов, 2014: 212).

Фирдоуси нұсқасында Рүстем батырдың дүниеге келуі былайша суреттеледі:

Қараса жамбасында жатыр бала,
Айбаты арыстандай көзі ала.
Көзінен айналайын қарағым,-деп
Қуанды қолына алып көре сала (Ізтілеуов, 2009: 268).

Ақындар дастандағы батырлардың дүниеге келуін ерекше суреттеп ауыз әдебиетінің сарынымен үндестіріп, дүниетанымының биіктігін танытқан.

Тұрмағамбет Ізтілеуов пен Фирдоусидің үндестігі туралы сөз қозғағанда осы екі ұлы есімді жақындататын «Шаһнама» аталады. Екі түрлі заманда өмір сүрген осы екі есім уақыт өткен сайын бір-біріне жақындай түседі. Қазақ даласына Фирдоусиді таныстырып, оның әйгілі шығармасы «Шаһнаманың» мотивтерін таратып, өзінше толғады. Сөйтіп, Фирдоусиді тек парсы-тәжік әдебиеті білген жоқ, Орта Азиядағы елдер әдебиетіне үлкен әсер етті. Осы тұрғыдан келгенде Фирдоуси және Тұрмағамбет арқылы әлем халықтарының әдебиетіндегі байланыс, ықпалдастықтың орны ерекше екенін білу абзал. Бұл екі үлкен суреткердің ішкі үндестігін Шығыстың классикаға өзіндік үн қосуынан байқаймыз. Тұрмағамбет Фирдоуси «Шаһнамасынан» нәр алып, өзінше дамыта жырлаған. Тың мотивтер, өзгеше сюжеттер қосып, ғибраттық үлгі берудің ең ұтымды жолдарын ұсынған. «Шаһнама» дастаны – ұлттық дәстүрге, ұлттық жан дүниемізге айтулы үлес қосқан, рухани-мәдени өркендеуімізге әсері мен танымдық-рухани құндылығы зор шығарма екені сөзсіз.

Әлемдік әдеби байланыстар, оның әдеби ықпалдастығы, үндестігі, әдеби тоғысулардың қазақ әдебиетіндегі көрінісін академик Р.Нұрғали сөзімен сабақтасақ: «Еш уақытта ешбір елдің әдебиеті ұлттық шеңберде томаға тұйық өсіп жетілген емес. Өзге жұрттың асыл қазыналарынан нәр алып байығанда ғана өркен жаймақ. Әдеби байланыстар дегеніміз ғасырлардың өн бойымен арқырап аққан өзендер секілді», - деп тұжырым жасаған (Нұрғалиев, 1991: 92).

Орта Азия қалаларында білім алған, Шығыс тілдерін жетік білетін Тұрмағамбетке шығыстың классикалық әсері, сюжеттер алмасуы болғаны, яғни, әдеби байланыс ұлттық шеңберден шығып, шығыс ақындарынан нәр алғанын байқатады.

Бүгінгі күн тұрғысынан қарағанда, Шығыстың классикалық әдебиетіндегі дәстүрлі ұлттық сипатты насихаттау, осы мақсатта Шығыстық дәстүрдің қалыптасуы ұлттық руханиятымыздың маңызды саласы екеніне дау жоқ. Демек, көркем әдебиет пен әдеби байланыстар үлгілері қай кезде де маңызды.

5. Қорытынды

Тұрмағамбет «Шаһнаманы» тың оймен түрлентті, шығарма композициясындағы тартыстар Фирдоусимен түйіседі. Адамды қастерлеу, ана мен бала мейірімі, ел

басқарған патшалар, ел қорғаған батырлар, дүниенің ең асылы адам деп зұлымдыққа қарсы лағнет айтады.

Екі ғұлама да өздері арқылы артында тұрған халықтың мұны мен мүддесін көксеген.

Фирдоуси: «Мен парсы тіліне өлмейтін сөз қалдырдым», – деген қағида ұсынса, Тұрмағанбет: «Кейінгіге сұлу сөзді сүйіріктей етіп сөз қалдырдым», – деген үлкен жүректер осылай үндескен.

«Шаһнамада» екі ақын да батырларды суреттеуде астарласып отырады, кейде Тұрмағанбет өсиет сөздермен өлең өрмегін тарқатады.

Фирдоусимен жарыса жырлап, терезесі тең түсіп отырған Тұрмағамбет Сырда қазақ дастанының туын тікті. Бүкіл адамзат баласына қалдырып кеткен «Шаһнама» екі ақынды жақындата түсті. Адамгершілік, ізгілік, әділдік үшін күресте, мейірімділік пен зұлымдық, достық пен қастыққа баса назар аударған.

Т.Жүргеновтің туысқан халықтарды рухани жақындастыруда тәржіманың алар орны ерекше екенін айтып әдеби байланысты нығайту мақсатында үкімет қаулысымен Тұрмағамбет ақынға «Шаһнаманы» жазуды жүктейді.

«Қалай да қапада өтіп кетем бе?» – деп,
Кітабын «Шаһнаманың» еттім ермек.
Өлеңмен он бір буын он ай жазып
Бітірдім басым сипап, шаршап терлеп, – деп (Нұрғалиев, 1991: 576).

Он айда толық аяқтап, қазақ ұғымына үйлестіре жазып шыққан.

«Соңғы жылдары Тұрмағамбет жырлаған «Шаһнаманың» толық нұсқасы жарыққа шыққанын ерекше атап өткеніміз жөн. Десек те Шәді жырлаған нұсқаның әлі күнге табылмауы өкінішті жағдай. Әрине, түпнұсқа болмағандықтан да бұл мәселеге, яғни Шәдінің «Шаһнаманы» аударғанына күдікпен қарайтындар да табылар. Алайда Шәдінің Атбасар уезіндегі Қалменбайға жазға өлең-хаты көңілімізге демеу болары анық», - деп тұжырымдайды (Қыдыр, 2010: 56).

Ақынның 125 жылдық мерейтойында М. Құл-Мұхамед: «Шығыстың жеті жұлдызының бірі Фирдоусидің «Шаһнама» дастанын қазақша сөйлетіп, өзінің асқан дарын иесі, сөз мәйегін ағызған қас шебер екенін тағы бір дәлелдеді. Мұндай баға жетпес туындының қазақ поэзиясына қосылуы ұлттық әдебиетіміздің мерейін биікке көтереді, ұлттың ұлы қазынасына айналады»-деп құнды пікір айтқан (Ізтілеуов, 2007: 3).

Тұрмағамбет – «Шаһнамада» гуманистік ойды қайталап, әдеби ықпалдастықпен қазақ әдебиетін тақырып, мазмұн, форма, жанр жағынан байытқан ақын. Шығыстық ықпалдың әсерімен ұлттық сананы жаңғыртып, қазақ поэзиясының сарқылмас бұлағына айналдырған.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. Әр жылдар, ойлар. – Алматы: Жазушы, 1970. – 204 б.
2. Жанбершиева Ұ.Н., Оралова Г.С., Төлебаева А.Т., Камисева Г.А. Сыр сүлейлерінің (Тұрмағамбет, Жүсіп, Омар) мысал өлеңдеріндегі Шығыстық дәстүр. Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Хабаршысы, Филология сериясы. №4 (145) 2023. – 121-131 бб. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-121-131>
3. Жеменей И. Шаһнамаға алғы сөз.Т.1. – Астана: Сарыарқа Баспа үйі, 2009. – 452 б.
4. Кәрібозұлы Б. Беталыс. – Алматы: Арыс, 2005. – 200 б.
5. Күмісбаев Ә. Алтын қазық. – Алматы: Қайнар, 2012. – 512 б.
6. Құл-Мұхамед М. Тау тұлға Тұрмағамбет. – Алматы: Мақала, 2007. – 3 б.
7. Қыдыр Т. Фирдоуси «Шаһнамасының» алғашқы аудармасы туралы. ҚазҰУ Хабаршысы. Шығыстану сериясы. №4 (53) 2010. – 53-56 бб.
8. Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі Шығыстың кисса-дастандардың түпкі төркіні мен қалыптасуы ф.ғ.д.автореферат. – Алматы: РГПЭО АҚ, 1997. – 55 б.
9. Нұрғалиев Р. Арқау. Т.2. – Алматы: Жазушы, 1991. – 576 б.
10. Tulebayeva A.T., Aitimov M. K., Oralova G. S., Kamisheva G. A., Serdali B. K. (2019) Philosophical Worldview and Pedagogical Perspectives of the Poets-Zhyrau of the Aral Sea and Syr Darya Areas. Special Issue of Journal of Research in Applied Linguistics, 10, Spring. pp. 253-271 <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57205673196>
11. Ізтілеуов Т. «Рүстем-Дастан – Фирдаусиден желісімен жазылған қаһармандық жыр». – Алматы: Жазушы, 2014. – 165 б.
12. Ізтілеуов Т. «Шахнама».Т.2. – Астана: Сарыарқа Баспа үйі. 2 том. 2009. – 454 б.
13. Ізтілеуов Т. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Дешті Қыпшақ Баспа үйі, 2007. – 420 б.

References:

1. Auevov M. (1970) Every year, thoughts. – Almaty: Zhazushy. – 204 p. (in Kaz)
2. Iztileuov T. (2014) “Heroic poem written in the line of Rustem-Dastan - Firdausiden”. – Almaty: Zhazushy. – 165 p. (in Kaz)
3. Iztileuov T. (2009) “Shahnama”. Т.2. – Astana: Saryarka Publishing House. 2 volumes. – 454 p. (in Kaz)
4. Iztileuov T. (2007) A collection of selected works. – Almaty: Deshti Kypchak Publishing House. – 420 p. (in Kaz)
5. Karibozuly B. (2005) Betalys. – Almaty: Arys. – 200 p. (in Kaz)
6. Kumisbaev O. (2012) Golden peg. – Almaty: Kaynar. – 512 p. (in Kaz)
7. Kul-Muhamed M. (2007) Mountain person Turgamambet. – Almaty: Makala. – 3 p. (in Kaz)
8. Kydry T. (2010) About the first translation of Ferdowsi’s Shahnama. Herald of KazNU. Oriental Studies Series. No. 4 (53). pp. 53-56. (in Kaz)
9. Kyraubaeva A. (1997) The origin and formation of stories of the East in Kazakh literature PhD. author’s abstract. – Almaty: RGPEO AK. – 55 p. (in Kaz)
10. Nurgaliev R. (1991) Back. Т.2. – Almaty: Zhazushy. – 576 p. (in Kaz)
11. Tulebayeva A.T., Aitimov M.K., Oralova G.S., Kamisheva G.A., Serdali B.K. (2019) Philosophical Worldview and Pedagogical Perspectives of the Poets-Zhyrau of the Aral Sea and Syr Darya Areas. Special Issue of Journal of Research in Applied Linguistics, 10, Spring. pp. 253-271 <https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57205673196> (in Eng)
12. Zhanbershieva U.N., Oralova G.S., Tulebayeva A.T., Kamisheva G.A. (2023) Eastern tradition in example poems of Syr Suleys (Turmagambet, Yusip, Omar). Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Philology series. No. 4 (145). pp. 121-131. DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-145-4-121-131> (in Kaz)
13. Zhemenei I. (2009) Preface to the Shahnama. Т.1. – Astana: Saryarka Publishing House. – 452 p. (in Kaz)

Е. Хуатбекұлы

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан

E-mail: erema_k91@mail.ru

ORCID: 0000-0002-7426-2973

**Б. БАБАЖАНҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЭСТЕТИКАЛЫҚ
ӨЛШЕМДЕР**

Аңдатпа. Бұл мақалада өзінің шығармашылық қолтаңбасы қалыптасқан, соңына шәкірттер ерткен ақын Б.Бабажанұлының шығармалары талданып, көркемдік-идеялық ерекшеліктері қарастырылды. Әр жылдары жарық көрген өлеңдері ғылыми-теориялық тұрғыдан талданды. Ақынның поэзия әлеміне аяқ басқан шақтағы өлеңдерінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі өлеңдеріне шолу жасалып, талдау жүргізуде көркемдік ерекшеліктеріне жете мән берілді. Б. Бабажанұлының ақындығымен қатар замандастар мұрасын жинаушы адал достығы мен қамқорлығы да зерттеу нысанына алынды. Сонымен бірге солақай саясатты өткір сынаған жырларының поэтикалық ерекшеліктеріне тоқталып, шындықты жеткізуде қолданған тәсілдерді, ауыз әдебиетіміздің үлгілерін қайта жаңғыртып, аңыз-әпсананың идеясын пайдалана отырып заман шындығын жырлаған шығармалары талданды. Мақалада салыстыру, топтау, психоаналитикалық әдістер қолданылды. Әдебиетті теориялық тұрғыда зерттеп, баға берген ғалымдардың еңбектері басшылыққа алынып ақынның еңбектері бірнеше топқа жіктелді. Өткен шаққа лирикалық шегініс жасаған өлеңдеріне тоқталып, идеялық ерекшеліктері мен құндылықтары қоғамға оң қырынан әсер ететін, ұлттың рухани баюына септігін тигізетін шығармаларына талдаулар жүргізілді. Ақын өлеңдерінің философиялық, психологиялық астары терең, көркемдік және идеялық тұрғыдан сауатты жазылғандығы анықталды. Ғылыми мақаланың нәтижесін қазіргі поэзияны оқытуда, зерттеуде, насихаттауда пайдалануға болады. Бүгінгі күнгі әдебиетті зерттеуде, теориялық, әдіснамалық еңбектерді басшылыққа алауға болады.

Алғыс. Мақала AP13067815 «Қазіргі поэзия модификациясы: стиль, ритм, форма» жобасы аясында жазылды.

Кілт сөздер: поэзия, қазақ поэзиясы, лирика, идея, рухани мұра, сюжет

Y. Khuatbekuly

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

E-mail: erema_k91@mail.ru

ORCID: 0000-0002-7426-2973

Aesthetic dimensions in the poetry of B. Babazhanuly

Abstract. This article analyzes the work of the poet B. Babazhanuly, whose creative style was formed, and examines the artistic and ideological features. Poems published in different years are analyzed from a scientific and theoretical point of view. An overview of the poet's poems from the moment of his entry into the world of poetry to the present day, with great importance in the analysis given to artistic features. In addition to the poetry of B. Babazhanuly, his faithful friendship and care, collecting the heritage of his contemporaries were also studied. At the same time, we focused attention on the poetic features of poems that sharply criticized leftist politics, on methods of conveying truth, samples of our oral literature were revived, as well as works that glorified the truth of the time. Using the idea, legends and myths were analyzed. The article uses comparison, grouping, and psychoanalytic methods. The poet's works were classified into several groups based on the work

of scientists who studied and evaluated literature theoretically. Focusing on poems that made a lyrical retreat into the past, an analysis was carried out of works whose ideological characteristics and values have a positive impact on society and contribute to the spiritual enrichment of the nation. It has been established that the poet's poems have a deep philosophical and psychological background and are artistically and ideologically well-written. The results of the scientific article can be used in teaching, research and promotion of modern poetry. When studying modern literature, one can be guided by theoretical and methodological works.

Acknowledgments: The article was written within the framework of the program «Modification in modern poetry: style, rhythm, form» AP13067815.

Keywords: poetry, Kazakh poetry, lyrics, idea, spiritual heritage, plot.

Е. Хуатбекулы

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

E-mail: erema_k91@mail.ru

ORCID: 0000-0002-7426-2973

Эстетические измерения в поэзии Б. Бабажанулы

Аннотация. В данной статье проанализировано творчество поэта Б. Бабажанулы, у которого формировался творческий почерк, рассмотрены художественно-идеологические особенности. Стихи, опубликованные в разные годы, проанализированы с научной и теоретической точки зрения. Обзор стихотворений поэта с момента его вступления в мир поэзии до наших дней, при этом большое значение при анализе уделено художественным особенностям. Помимо поэзии Б. Бабажанулы изучались также его верная дружба и забота, собирание наследия современников. При этом мы акцентировали внимание на поэтических особенностях стихотворений, резко критиковавших левую политику, на методах передачи истины, возрождались образцы нашей устной литературы, а также произведения, воспевавшие правду времени. С использованием идеи были проанализированы легенды и мифы. В статье использованы сравнение, группировка, психоаналитические методы. Произведения поэта были классифицированы на несколько групп на основе работ ученых, изучавших и оценивавших литературу теоретически. В центре внимания стихотворений, совершивших лирическое отступление в прошлое, был проведен анализ произведений, идеологические характеристики и ценности которых положительно влияют на общество и способствуют духовному обогащению нации. Установлено, что стихи поэта имеют глубокую философско-психологическую подоплеку, художественно и идейно грамотно написаны. Результаты научной статьи могут быть использованы в преподавании, исследовании и пропаганде современной поэзии. При изучении современной литературы можно руководствоваться теоретическими и методическими работами.

Благодарности: Статья написана в рамках программы «Модификация в современной поэзии: стиль, ритм, форма» AP13067815.

Ключевые слова: поэзия, казахская поэзия, лирика, идея, духовное наследие, сюжет.

1. Кіріспе

Сан алуан құбылыстар мен өмір иірімдерін, қалт етпе тұстарын қаперде ұстап, сұлу өрнектеп, көркем кестелеу де, шындықты көркем кеңістікте көрсету де ақын жанын сауып отырып жазатын анық. Ғалымдардың «поэзия – өнердің ең сезімтал түрі» (Әскербекқызы, 2008: 15) деп атауы да содан болар. Барын салып, сарқып жазатын ақындардың ішінде де өлеңнің техникасына көңіл аударып, шығармаларында техникалық құралдарды барынша көбірек пайдалануға тырысатын авторлар мен көңіл сүзгісінен қалай өтті солай жазатын авторлар легі бар. Біз талдап отырған ақын екінші лектен десек жаңсақ болмас.

Б.Бабажанұлы – өлеңінде азаматтық позициясын анық көрсетіп, елде болып жатқан әртүрлі оқиғаларды назарда ұстайтын ақындардың бірі. Әдетте бұндай авторлар көп жағдайда реалист болып келеді, ал Б. Бабажанұлының жалпы шығармаларына қарап лирик ақын деп айта аламыз. Көмейге тірелген ойды нәзік теңеулермен, оқырманның жан дүниесін дір еткізер салыстырмалы тәсілдерді, параллелизмді пайдаланып жазуы ақынның әдеби-поэтикалық ізденісінің көптігін аңғартады.

Бұған дейін Б. Бабажанұлының ақындығы ел арасында, қатарластары мен кейінгі толқын арасында кеңінен тарағанымен оның шығармашылығы туралы жазылған пікірлер некен-саяқ. Көбінде оның қызметтік жолына, атқарған еңбегіне басымдық берілген көзқарастар жиі ұшырасады. Осыған орай поэтикалық потенциялы жоғары ақынның шығармашылығына тоқталып, талдау жүргізу өзекті деп есептейміз. Сондықтан бұл мақаланың басты мақсаты ақынның шығармашылық әлеуетін барынша ашып, көркемдік ерекшеліктеріне назар аудару.

Өз замандастарының артық тұсын жарияға жар салып, мақтанышпен насихаттайтын, өмірден ерте озған тең қатар құрбысының жоғын жинап, әдебиет айналымына түсуге атсалысатын ағаден ақынның жалпы шығармашылығын, өмір дерегін кеңінен талдауды жөн көрдік.

2. Материалдар мен әдістер

2.1. Зерттеу әдістері

Мақалада Б. Бабажанұлының жеке қасиеттері мен шығармашылық жолын анықтауда биографиялық әдісті, ақынның өлеңдерінің астарына үңіліп айтқысы келген ойдың мәнін ашуда психологиялық, психоаналитикалық, философиялық тәсілдерді, шығарманың көркемдігіне тоқталуда әртүрлі поэтикалық тәсілдерді пайдаландық.

2.2. Материалдарға сипаттама

Ақын Б. Бабажанұлының әр жылдары жарық көрген өлеңдер жинағы мен мерзімді басылымдарда жарияланған шығармалары, интернет мәліметтері пайдаланылды. Сонымен қатар ғылыми дәйектеме ретінде ғылыми теориялық еңбектер мен зерттеу материалдары қолданылды.

Б.Бабажанұлының «Аспан мен жердің арасы», «Уәде», «Ниетқабыл» жыр жинақтары мен «Қазақ әдебиеті», «Парасат», «Орал өңірі» т.б. газет-журналдарда жарияланған өлеңдері, ақын шығармашылығы туралы пікір білдірген С. Дәрібай, Н. Әбжан т.б. сынды авторлардың мақалаларын пайдаландық. Сонымен қатар Ж. Дәдебаев, С. Қасқабасов, С. Негимов, Ж. Әскербекқызы т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері басшылыққа алынды.

3. Талқылануы

Өлеңнің эстетикалық, көркемдік сипаты ойды ойнақы жеткізуде, ішкі иірімдері қағаз бетіне түсіруде ерекшеленеді. Қоғамдағы әр алуан қайшылықтарды көңіліне түйіп, барынша үнсіз қалмауға тырысқан ақын сан түрлі тақырыпқа қалам тербейді. Өзге ақындардан Б.Бабажанұлының бір ерекшелігі замандастары туралы, олардың шығармашылығы хақында тосылып қалмайды. Өлеңдеріне көлемді мақалалар жазып, бірге өткізген жақсы күндеріне естеліктер жазудың хас шебері. Өмірден ерте озған

замандастары мен ағаларына деген ақжарма көңілі де естеліктерінде көрініс алады. Ө. Балтабайдың шығармашылығына інілік лебізбен жазылған естелігі оқырманды бейжай қалдырмасы анық. Замандас ақындар Ө. Ботпанов пен Т. Досымов, Ө. Балқыбек жайлы жазған естеліктері де көркемдігі мен тереңдігі үйлесім тапқан құнды дүние. Өмір сызығы немен түгесілгені беймәлім ақын Ө. Ботпановтың өлеңдерін жинап «Өмірзая» деп кітабын құрастыруы, Т. Досымовтың «Із тастап аққан бір жұлдыз» атты өлеңдер мен естеліктер жинағын құрастыруға да атсалысуы азаматтығының белгісі. Тең қатар құрбыларына деген бала көңілді тазалығы ақынның өлеңдерінде де көрініс алады. Кіршіксіз таза, риясыз, бояусыз көңілі жырына сіңеді. Ақынның қиыннан қиыстырып теңеу іздеп, құбылтудың түрлерін түгендеп жатпай-ақ жазылған өлеңдерінің көркемдігі шынайылығымен астасып жатады. Біз бұнымен ақынның өлеңдері бір сыдырғы баяндау, жайдақ сөздерден құрылған деуден аулақпыз. Б. Бабажанұлы өз болмысынан ауытқымай, ішкі менін жоғалтпай жазу арқылы қазақ поэзиясына елеулі үлес қосуда.

С. Негимовтің: «Поэзия тілі – сиқыршы. Поэзиялық ассоциацияның, қиыннан қиыстырудың ондаған, жүздеген амал-жолдарын көзді ашып-жұмғандай уақыттың ішінде-ақ алдына жайып тастайды. Жалпы алғанда, шексіз кеңістіктің, табиғат дүниесінің және адам қоғамының барлық құбылыстарын, жай-күйін, қозғалысын, түр-түстерін, заттарын, байланыстарын қамтып, ішіне сыйғызып тұрады» (Негимов, 2015: 163) – деген пікірі тек поэзияға берілген баға емес, поэзия тудырушы автордың шеберлігіне берілген баға. Хатқа түскен жырдың бәрі бірдей көркем суреттеліп, қолмен қойғандай жүйелі бола бермесі анық. «Қиыннан қиыстырып», тұшымды, ойға қонымды өлең жазу – авторға қойылатын негізгі талаптың бірі. Б. Бабажанұлы сол талаптың үдесінен шығуға тырысатын ақын. Өлеңінде артық көсемсу, ақыл айту жоқ, өзін жазу арқылы оқырманының ішкі меніне әсер ете білетін нәзік тұстары жиі кездеседі.

Ел тәуелсіздігін алғалы күрмеуі шешілмеген күрделі мәселелер жетіп артылады. Шенді мен шекпендінің ұрты майланып, «ақ дегені алғыс, қара дегені қарғысқа» айналған, әділдікті белінен басып төмендегілердің төбесіне бишігін ойнатқан топ өкілдері бар. Олардың қасында жағымпаздықпен күнелтіп, орайы келсе басып қалуды көздеп, омақасса жалт беретін екі жүзділік шоғырланған. Қара халықтың қабырғасы майысып, бірін екі қыла алмай әлек, ақын жаны осы жайтты өзгеден бұрын сезіп, өзгеден бұрын көреді. Б.Бабажанұлын да ел ішіндегі екіұдай күй бейжай қалдырмаған. Ел арасындағы түрлі кезеңді әр қырынан, жан-жақты сипаттайды. Оның «Үстем тап», «Ескендірдің мүйізі», «Сүлейменнің жүзігі», «Сапар», «Біржан шайырдың өлеңі», «Ойын», «Бір ағамның айтқаны», «Өтірік», «Қамырық», «Қарқыл», «Қазақстан», «Жиналыс», «Этнографиялық өлең», «Сүю», «Жаяу Мұса», «Ақ пен қара» т.б. өлеңдері бүгінгі қоғамның бет пердесін көрсетеді. Өлеңнің атауынан-ақ өзгеше сипатты байқауға болады. Ұр да жық ұран, құр айқай емес, сөз құдіретіне үстемдік берілген жолдар. Тақырыбы да, идеясы да әртүрлі. Бірі аңызға құрылып астарына үңілсе, бірінде мысал, бірінде сарказм басым. «Үстем тап» өлеңі ерте кездегі бай-бағыландардың тұрмыс тіршілігін сипаттай келе бүгінгі күнді параллель суреттейді, екі заманды салыстыра келе бүгінгі күннің үстем таптары

кім деген сұрақтың шешімін оқырманның өзіне қалдырады. Ақынның «Үстем тап тірілді! – деп... Мен сенбеймін» деуінде қарсы мән, кекесін бар. Ол ойымызды мына бір шумағы толықтырады:

«Ел үшін шыбын жанын қинап жүрген
Қиындықтан айылын жимай... күлген,
Шекпендінің бәрі әйбәт. Дәл соларды
«Үстем тап» деуге тіпті қимаймын мен» (Бабажанұлы, 2014: 18).

«Ескендірдің мүйізі» өлеңі – эпсаналық сюжетке құрылған туынды. Ел аузында Ескендір патшаның қос мүйізі туралы эпсананың бізге бірнеше нұсқасы жеткені белгілі. Адам мен табиғаттың әрқашан бір-бірімен тығыз байланыста екенін, шаш алушының сөзін естіген қамыстың сыбызғы әуенінен «Ескендірдің мүйізі бар» деп үн қатуы, оның сөзін жел ала қашып жер жүзіне жар салуы сынды мифтік элементтер бар. «Ескендірдің қос мүйізі» деп эпсананы өлең жолына алғашқылардың бірі болып М. Жұмабаев түсірген. Эпсананы поэтикалық тұрғыда баяндай келе ақын бөлек шешім шығарып, ақыл айту, әр істен ғибрат іздеу керектігіне басымдық береді. Ал Б. Бабажанұлының «Ескендірдің мүйізі» өлеңі эпсананы қайта жырлау емес, эпсананы мысал ретінде алып бүгінгіні суреттейді. Өлеңде ақын «Ескендірдің мүйізінің» эпсаналық сипатына емес, мифтік элементтеріне назар аударған. Сол арқылы өлеңнің көркемдігі өзгеше сипат алып, бүгінгі күнмен біте қайнасып, өмір шындығын айтуда көмекші құрал бола білген. Ғалым С. Қондыбайдың «миф – ежелгі заманнан танымның, ақиқаттың ақпаратын сақтаған «техникалық тіл», бұл тіл астарлап беріледі, яғни ол – сегіз қырлы, бір сырлы жәдігер» (Қондыбай, 2004: 30) деген тұжырымы біздің айтар ойымызға дәнекер. Ақынның астарлап жеткізуде мифтік элементтерді пайдалануының да сыры осында. Түйіні жазылмаған көп дүниені эпсанаға сүйене отырып жазу арқылы ақын халықтың көкейіндегі ойды поэтикалық сипатта жеткізеді.

«Мазасыз ой тап болды неге маған,
Тыныштығын күйттеген өлең аман...
Шекпен киіп жайланып, үнсіз қалды,
– Ел мұңы – менің мұңым! – деген ағам» (Бабажанұлы, 2014: 19)

– деген алғашқы шумағында көптеген әлеуметтік мәселе жатыр. Шенді мен шекпендінің билікке дейінгі және кейінгі өмірі екі тармаққа ғана сыйып тұр. Ақын ел ішіндегі қыжылды, халықтың хал-ахуалын айтуға дәрменсіздікті құдыққа келіп «Ескендірдің мүйізі бар» деп айқайлайтын шаш алушымен параллель суреттейді. Ескендір заманының шындығын жеткізе алмаған шаш алушы образы, бүгінгі қоғамда көп екендігін өлең жолдарымен анық көрсетеді. Қазіргі әдебиетте ертегі мен аңыздарды түрлендіру арқылы жазу ревизионизмге негізделген деконструкция, бұл әдеби фокустың ауысуы (Nurgali, Gilea, 2023: 207) ескіні қайта жырлау арқылы, мәтіннің мағынасын, мазмұнын ашу үшін бастапқы құрлымды бұзып, қайта баяндау. Б. Бабажанұлы өлеңдерінде осы тәсілді тиімді пайдаланған:

«Ақиреттен үмітсіз пенделердей,
Басын тықты топ қарға көңге өлердей.
Алтын сандық үстінде ел тарықты,
Мысалы, теңіз кезіп шөлдегендей» (Бабажанұлы, 2014: 19)

Өлеңде бүгінгінің алдамшысына алданып, ақиретін, халқын ойламаған тапты көңге үйірсектеген қарғаға теңейді. Жұтаған халықтың жағдайы «Алтын сандық үстінде ел тарықты» деп қойнауы кенге бай, жерінің асты мен үсті бірдей байлыққа толы мемлекеттің халқы жұтаң күн кешіп отырғанын меңзейді. Ақиқатты айтуға ұмтылу, «кұдық» шындықты айтатын негізгі арна ретінде сипат алады. Ол заман мен бұл заманның таразысы екі бөлек екендігін, ақиқат айту бүгінгі таңда оңайға соқпайтынын: «Кұдыққа кеп... жақындап бара алмадым, Айналыпты ол біреудің меншігіне» деген екі тармақ арқылы бәрінің сатылып кеткенін, ақиқаттың өзі сатылған заманда күн кешіп жатқанымызды суреттейді.

Ақын хикаяттың желісінде жазған «Сүлейменнің жүзігі» өлеңінің де көркемдігі өзгеше. «Сүлейменнің жүзігі» туралы хикаяттың да бізге бірнеше нұсқасы мәлім. «Жүзігі барда Сүлеймен, жүзігі жоқта сүмірейген» деген мәтелдің ел аузында кеңінен тарауы – жүзіктің сиқырлылығы туралы хикаяттың ел ішінде кең тарағанының белгісі. Ақын «Сүлейменнің жүзігі» өлеңінде толықтай хикаят сипат алмайды. Тек жүзіктегі жазуға басымдық беріледі. Бүгінгі күннің бейнесін сипаттау арқылы ел ішіндегі түйінін шешеді.

«Кісі ақын деп, біршама елді жылатқан,
Бір ағама жүрген жері хан жайлау.
Сыйлар едім жүзігімді, бірақ та

Сиыр қосып берсем де ол алмайды-ау» (Бабажанұлы, 2014: 21) деп, ақиқатты мойындағысы келмейтін дөкейдің бейнесін көрсетеді. Одан әрі ақын қиялына ерік береді, егер сондай жүзікті қолында бишігі барларға берсе қалай болар еді деген поэтикалық сауалды ортаға тастайды. Өлеңнің соңында:

«Соңына ерген көп итіне үргізіп,
Енді тізе батырмас деп мына елге.
Тым болмаса, түссе көктен бір жүзік

Кигізер ем, шіркін, ана біреуге» (Бабажанұлы, 2014: 22) деу арқылы ақын елдің жайын ғана емес, өзінің ішкі қыжылын да анық көрсетеді. Бұл арада ақынның авторлық мені анық көрініс алған. Ашынудың, ел мүддесіне егілудің жауыр болған жолын емес, халықтың сөзін ұйқасқа тізіп баяндау емес, көркемдік ізденістің нәтижесінде өмір шындығы, халық тұрмысы өткір сыналған.

Ақынның «Этнографиялық әңгіме» өлеңінде мысқыл, сарказм басым. Бұл өлең тікелей билікті сынаған, дегенмен «жер», «тіл», «қытай мен өзге ұлт өкілдерінің көбеюі», «елдің мүддесі екінші сатыға жылжуы» туралы қоғамның негізгі мәселелері көтерілген.

«Жер сатамыз...»
Тулады көнбей бауыр,
Бірақ желді қоймады жеңбей Дауыл...
Біраз ауыл қаңырап...
Онда не тұр?
Билік дұрыс айтады: «Өлмейді ауыл» (Бабажанұлы, 2014: 22)

Жерді шетелдіктерге сату мен жалға беру ел арасында өзекті мәселенің бірі болған, бірқатар ұлт жанашыры халықтың сөзін сөйлеп жұртты соңына ілестіре білді. Бірқатар елдің жоғын жоқтайды деген азаматтар үнсіз қалды, кей белсенділер тіпті сотталып та кетті. Сондай әділдігі бұлдыр, болашағы бұлыңғыр жағдайда, егіндік пен жайылымы жоқ жұрттың сөзі сарказммен айқын жеткізілген. Бұл жердегі билік бір адамға қатысты дүние емес, тапсырыс орындаушы машина іспеттес, команда берілді орындалуы тиіс, талқыға түспейді. Ақын осы мәселені көтереді. Бұның бәрі бүгінде өзектілігін жоймаған, ертең де маңыздылығын сақтайтын мәселелер.

Жоғарыда талдағандарымыз ақынның бір шоғыр азаматтық өлеңдерінің ішінен теріп алған екі-үшеуі ғана. Халықтың көкірегіндегі шерді қағаз бетінде сөйлеткен жырлардың қатары Б.Бабажанұлының шығармашылығында жиі кездеседі. Оның бәрін бір мақала аясында талдау мүмкін емес. Ел мүддесін айтқан жырларынан ақынның азаматтық позицияға беріктігін аңғарамыз. «Жалпы, заманның шығармашылық тұлғалар алдына қоятын элеуметтік тапсырысынан бөлек, шын ақын болып танылуы үшін халықтың көкейіндегі сөзін дөп басып айту керек» (Солтанаева, 2024: 131) деген үддеден Б. Бабажанұлы шыға білді десек болады.

Ақынның мифтік элементтерді пайдаланған өлеңдерінен бөлек діни өлеңдері де кездеседі. «Сөз», «Уәде», «Қиямет-қайым», «Дінсіз өлең», «Мұсылман» т.б. сынды өлеңдерінің өзегі бір болғанымен әртүрлі тақырыпта, әртүрлі бағытта жырланып, бірнеше проблемаларды көтереді. Діни өлеңдеріне зер салғанда байқағанымыз ақынның діни сауаттылығы. «Сөз» өлеңінде ата-бабамыздың ислам дінінің негізгі қағидаларын салт-дәстүрімізге біте қайнастырып, өмірі мен тұрмыс-тіршілігіне сіңіп кеткендігін, ұлтты тіл, діл, дін үшеуінен бөліп қарау мүмкін еместігін қаузаиды.

«Бабам мүлде өзге еді,
Тілі келген тобаға.
«Ел анасы – сөз!» деді,
Бас иіп сол анаға» (Бабажанұлы, 2006: 4).

Тобасын аузынан тастамаған бабаларымыздың сөзге тоқтауы, бір сөзді болуы, сөзді қасиет тұтуы бәрі салтпен, санамен сабақтасып жатқан үрдіс екенін жырлай келіп ақын бүгінгі күннің бейнесін бірінші жақта баяндайды.

«Атасы өлген келіндей

Именбейтін боп алдым» деген теңеуінің көркемдігімен бірге философиялық тереңдігінің өзі оқырманды ойландырмай қоймайды. «Атасы өлген келіндей» тармағынан бүкіл бір ұлттың мәдениетін көре аламыз. Ата мен келін арасындағы

айнымас қағида мен сыйластық, құрмет бәрі бір тармақта көрініс алады. Ақын неге «именбеді» «Атасы өлген келінмен» параллель суреттейді? Қазақ мәдениетінде келіннің байы өлу, апасы өлу, атасы өлуде әртүрлі құндылықтар бар. Ибаның, биязылықтың нағыз өзегі ата мен келін арасындағы байланыста жатыр. Ақын осыны поэзияда ұтымды пайдалана білген. Ақынның киелі кітаптағы «Әуелі сөз болды» деген аятын эпиграф ретінде ала отырып дін мен мәдениетті қатар суреттейді. Бұдан ақынның Хақтан түскен төрт кітаптың негізгі өзегінен нәр алғандығын көреміз.

«Уәде» өлеңі: «Әлмисақтан Рух болып танысып» (Бабажанұлы, 2006: 36) деп бастауы да хадистерден хабар береді. XIX ғасырдың тумасы атақты Ш.Жәңгірұлының:

Ғаламнан он сегіз мың әуел бұрын,
Жаратты пайғамбардың Алла нұрын.
«Әуелі жаратты Алла нұрым!» – деген,

Хақында дәлел болды хадис мұның (Жәңгірұлы, 2016: 18) – деген өлең жолдары да осы «Уәде» өлеңімен мәндес. Б.Бабажанұлы осы тарихи деректерді сәтті қолдана отырып хадис пен салт-дәстүрдің сабақтастығын ұтымды пайдаланып, ата дініміз бен салт санамызды бөліп жарып қарастыру мүмкін еместігін айтады.

Ақынның «Қиямет-қайым» өлеңі – асыл дінімізді тәпсірлеген, махшар күнінің бір сипатын баяндаған өлең. Нұх а.с., Мұса а.с., Ғайса а.с. туралы діни дастандарда, аңыздар мен эпсаналарда көп айтылады, соңғы пайғамбарымыз Мұхаммед а.с. қиямет-қайымда өз үмметіне араша болатындығы бізге жеткен хадистерде белгілі. Ақынның:

«Менікі тек жай ғана қайталау ғой,

Шалдардан жеткен аңыз-әңгімеден» (Бабажанұлы, 2014: 81) деп аяқтауы да, жоғарыда талданған екі өлеңнің өзегімен сабақтасады.

Б. Бабажанұлының «Дінсіз өлеңі» ел тәуелсіздігін алып, жетпіз жыл езгіде келген халықтың асылын іздеп, жоғын түгендеуде ешбір сүзгісіз, көптеген ағымдардың дендеп еніп кеткендігін баяндайды. Өз уызынан өзі жеріген, діннің сыртқы формасын ұстап, ішкі руханиятын елемеген бір топы суреттейді.

«Бір досым «уахаб» болды, сақалы бар,
Бірінің «... жамағатшы» атағы бар.
Інімізді қамады абақтыға,

«Салафи» дегенімен шатағы бар» (Бабажанұлы, 2014: 97) деп әртүрлі ағымның құрбаны болғандардың халық арасында ірткі салып, жан-жаққа сүйреуі түбінде жақсылық әкелмейтінін баяндаған ақын: «Біреудің ала жібін аттамай-ақ, «Қисық» жолмен өтіп пе ең, ата-бабам!?» деп, тіршілігін дінмен байланыстырған бабамыздың мұрасын аңсайды, насихаттайды. Ақиқаттың сол жәдігерімізде екендігін, шындықты ұлттық кодтан қарау керектігін жырға қосады. Ақынның «Мұсылман» өлеңі – әкесінің соңғы сәтін баяндай келе Құранның қасиетін сипаттаған көркем туынды. «Мұсылман» мен «Шүкір»-өлеңдері – нағыз мұсылмандықтың белгісі қандай болу керек дегенді поэтикалық сипатта жырлаған шығармалар.

Ақынның мезгілді, белгілі бір циклді жырлаған өлеңдері де сан алуан. Зерттеу барысында аңғарғанымыз Б.Бабажанұлы шығармашылығында «көктем» мен «күз» тақырыбы «қыс» пен «жаз» мезгілдеріне қарағанда жиі жырланған. «Күз туралы», «Күз. Шындық», «Кұдағай», «Күз. Ауыл», «Күз. Көңіл-күй», «Ән», «Күз кірді берекелі бай секілді» т.б. өлеңдері күз мезгілін сипаттай отырып әртүрлі тақырыптарға иек артады. Сол секілді «Қыз күткен», «Көктем», «Көктем. Өлең», «Қыз-Көктем» т.б. сынды көктемнің әр алуан құбылыстарын сипаттап ішкі көңіл-күйді қозғайтын, нәзік лирикалық өлеңдері бар. Бұдан ақынның аралық уақытты ұнататынын аңғарамыз.

Б. Бабажанұлының лирикалық өлеңдерінде оқырманының тамырын басатын ұтымды тұстары жиі кездеседі. Сан түрлі тақырыпты қаузаған шығармаларында белгілі бір оқиғаны өлеңнің негізгі өзегі етіп ұтымды пайдаланған. «Адам баласының өмірі – өнердің негізгі объектісі, негізгі мазмұны» (Қаратаев, 1969: 186) болғандықтан ақын балалық шағына жиі-жиі лирикалық шегініс жасап отырады. «Алғашқы мұғалім», «Сары бала», «Ғарышкер» атты өлеңдерінен балалық шаққа сағыныштың лебі сезілсе, «Әйел», «Салиха», «Шалдың баласы», «Саясат», «Біздің ауылдың драмасы», «Адасқақ» т.б. өлеңдерінен шынайы ауыл көрінісі, мінезі, қазақы салт-дәстүр көрініс алған.

«Алғашқы мұғалім» өлеңінде ақынның балалық шағындағы қарбыз ұрлаған «батырлығы» баяндалады. Бірі жасаған істен екіншісі асыра орындауға ұмтылу бала табиғатына тән құбылыс. Б. Бабажанұлының «Алғашқы мұғалім» өлеңі баланың бойындағы осы бір қасиеті арқылы өрбиді. Қатар құрбыларының түн ішінде қарбызды қалай ұрлағанын естіген баланың, нағыз «ерлікті» қарбызды түнде емес, күндіз ұрлау арқылы көрсеткісі келіп, «қылмысы» үстінде ұсталып қалғаны баяндалады. Тентекті тезге салатын шақтағы ұстазының әрекеті арқылы нағыз педагогтың болмысын ашады.

«Дұрыс ұста қаламды.
Тыңда, бала-ай,
Өшіргішті былай қой, жұлмаламай».
Содан кейін ақырын сыбыр етті:
«Сен енді қауын-қарбыз ұрлама олай...»

«Жарайды...»
Өз даусымды естімедім,
(Сол сәтте жоқ еді өзге еш тілегім).
Айқайламай, ел-жұртқа дабыра етпей,
Ағайым бар күнәмды кешті менің» (Бабажанұлы, 2014: 175) – деген

екі шумақта оқушы мен ұстаз арасындағы байланысты айқын көре аламыз. Баланың ішкі сезімін, астан-кестен күйін, шарасыздығын «жұлмаланған өшіргішпен» жеткізу сәтті айтылған. Мұндағы көркемдік образды ойда. Баланың психологиясын, сол сәттегі жан дүниесін, маңайын, сырғыған уақыт пен кеңістікті бір тармақ арқылы жеткізе білген.

Әйел бойындағы төзім, ана бойындағы сезім, сабырлылық, бір әйелдің бір елдің анасы бола білетін дәрежеге дейінгі баспалдағы, өмір жолы «Салиха», «Үндемес», «Әйел» өлеңдерінде айтылады. Қазақ әйеліне тән қасиетті, болмысты сипаттаған бұл өлеңдерде ұлтқа қажетті тәлім мен тәрбие бар.

Салт-дәстүрінен айнымаған ауыл бейнесі «Шалдың баласы», «Салиха» өлеңдерінде сипатталады. Тұңғыш немерені атасы мен әжесі бауырына басып алуы, оған ұлы мен келіні ешқандай да қарсы уәж айтпайтын ұлттық салт санамыздың еш өзгеріске түспеген кезін суреттеген «Шалдың баласы» өлеңінде есі бар тентектің «ерліктері» сипатталады. Бұл өлеңде екінші фонда көрініс алып отыратын образ әке бейнесі.

«Содан соң тойдың қамын жеді әкеміз,
Көрмеді бұл күндері нені әкеміз.
«Тұңғышың отау құрып...» – деп жатты жұрт,
«Иә, інім келіншек ап...» – деді әкеміз» (Бабажанұлы, 2014: 180)

Атасы мен әжесінің баласы болып, өз әке-шешесін аға, жеңге деп өсу, қазақ өмірінде тұңғышқа тән дүние. Қарттардың өзі кетсе де сол үрдісті бұзбай «інім» деп атауында да мән бар. Ақын өлеңде бұған бекер басымдық бермеген. Сол арқылы әке мен бала арасындағы қатынас, аруаққа деген құрмет, уәдеге деген беріктік сипат алады.

Ертеден келе жатқан ел аузындағы әңгімелер мен ел арасындағы оқиғалардан тұрмыстық, әлеуметтік мәселелерді шешуде ру аралық, әулет ішлік талқының рөлі бөлек. Бір атадан тараған ұлдардың бір жұдырықтай жұмылуы да айналып келгенде тәрбиеге тіреледі. Қазақы тәрбиенің өзегінде ана тұрады. Қазақұғымында әке тұлғасын көтеру арқылы бала-шағаның алдында ер адамның дәрежесін арттырып отырған. Бұл жерде ананың рөлі өте маңызды. Ағайын арасындағы бірліктің сақталуы да әйелге қатысты, «абысын тату болса, ас көп» деген мақал да осыған негіз. Сол секілді ел арасында бедеулікке артылатын сын да ауыр. Ақынның «Салиха» балладасы абысын арасындағы байланыс пен ағайын арасындағы татулықтың негізгі дінгегіне айналған оқиғадағы Салиханың ерлігі баяндалады.

«Әйелі Таңжарбайдың Салиха еді,
Бірді екі қылуға бар икемі.
Келін боп түскенінде кім ойлаған,
«Батыр» дерін ауылдың тарихы оны...» (Бабажанұлы, 2014: 183)

Бұл шумақ өлеңдегі негізгі оқиғаның басталуына кіріспе. Ақынның оқырманды тарту әдісі десек те болады. Ойдың негізгі салмағы «Батыр» сөзіне түседі. Сол арқылы Салиханың батырлығы неде деген сұрақтың жауабын іздейді. Әуелі әулеттегі келіннің рөлі, келін тәрбиесіндегі ененің маңызы, ағайынның татулығына әйелдердің қаншалықты әсер етуі, тәрбиелік мәні барынша сипат ала келіп, кенже ұлдың әйеліне бала тұрақтамауына келгенде оқиға шарықтау шегіне көтеріледі.

Осындайда «бауырына бала салып беру» дәстүрі көрініс алады. «Бір келін бауырына салып тұрып, Баланы қимай тағы... қайтып алды» тармақтары арқылы Салиханың ерлігін көтермелей түседі.

«– Тұралатып тастады-ау, сірә, қайғың...
Көзіңнен қашсын, көкем, құралай-мұң.
Мына бала – сенікі! Адам түгіл,
Алла алдында, оллаһи, сұрамаймын!» (Бабажанұлы, 2014: 185)

«Уәде құдай ісі», уәдеде тұру, антқа берік болу халықпен бірге жасап, біте қайнасқан ізгі қасиетіміз еді. Нотариусі жоқ елдің арасындағы алыс-беріс уәдемен бекіген замандардың сарқыншағы қылаң береді. Бауыр еті баласын абысынына беріп, ол туралы өле-өлгенше жақ ашпауы, қасында ойнақтап жүрген балаға назар да салмауы – безбүйректік, тас жүректіктен емес, адам алдындағы, Алла алдындағы уәдеге беріктігі. Қиын шақта бір елдің тұтқасына айналар ананың мінезі осындай өлеңдер арқылы сомдалады. Батырлық жау алдында ерлік көрсетумен ғана өлшенбейді. Әр заманның, әр сәттің өз батыры болатынын Салиха образы арқылы жеткізеді.

«Біздің ауылдың драмасы» – қоңсы орналасқан қазақ пен өзбек өмірін салыстырмалы суреттеген, жатып ішерлік пен тоғышарлықты аяусыз сынаған шығарма. Өзбектің еңбекқорлығын әжуалағыш мінездің түбі жақсылыққа әкелмейтінін айтады:

«Содан соң...
Күзде тағы «қапы қалып»,
«Түстен кейін» кіргесін ақыл анық,
Қыс бойы отырады көршісінің,
Картобы мен сәбізін сатып алып...» (Бабажанұлы, 2014: 188).

Ақынның мысал өлеңінің бірі – «Ақ тазы». Күшік кезінен қансонарға тәрбиеленбеген тазыны қырға шығып түлкі ұстамай, күш қуаты тасыған уақытта ауылдың тауықтарына шауып, елдің берекесін кетіреді. Соңында зәрезап болған көршісі тазыны атып тастайды.

«...Иілуді біреуге ар санаған,
Әйтеуір мал табудан шаршамаған
Тірлікте сол тазыдай бабы болмай,
Ілінді-ау, қарауылға қаншама адам...» (Бабажанұлы, 2014: 191).

Ақын бала мен ата-ана, адам мен қоғам арасындағы байланысты, жолын таппай, саласын таппай, көңілі қаламаған іспен құлқынын асырып, күнелтіп, әр тарапта уақытын жоғалтып жүрген сан мың адамның өмірін таразыға салады. Еркісіз ойландырады, ой туғызады. Тіршіліктің көзін дұрыс таба алмаған пенденің парықсыз өмірі қарауылға ілінген тазы секілді қадірсіздігін тұспалдайды.

Б. Бабажанұлының өлеңдеріндегі бір ерекшелік, әке, ана тақырыптары белгілі бір оқиғаны арқау етіп, сол тақырып аясында жырланады. Тікелей әке, ана тықырыбы қаузалмайды. «Шүкір», «Үндемес», «Мұсылман», «Кермек», «Қайрақ», «Жұлдыздар» өлеңдері – адамның ішкі сезімдеріне әсер ететін, көркем туындылар. «Шүкір» өлеңі әке мен бала арасындағы диалог арқылы өрбіп өмірдің бақыты, байлығы не деген сұрақтың жауабын іздейді. Айналып келгенде қазақы тәлім «шүкірдің» аясына бәрі сыяды деп қортындылайды.

Ақынның анасына арнаған «Үндемес» өлеңі – нағыз класикалық туынды, қазақ әдебиетіндегі шоқтығы биік өлеңдердің бірі. Анаға сағыныштың лебінен туған бұл өлеңде құндылық та, тәлім-тәрбие де, ұлттық болмас та, мейірім де, биязылық та бәрі үйлесім тапқан.

«Жүргенінді... көрместен шарқ ұратын,
«Үндемес» деп қойғанды халқың атын...
Бірақ сенің көзіңнен төгілген нұр,
Миллион сөздің орынын толтыратын» (Бабажанұлы, 2014: 203).

Көзінен мейірі төгілетін, жүрек сөзін тілмен емес көзбен жеткізетін ана махаббатын сезінеміз. Нағыз ананың сұлбасын көреміз. Қазақ әйелінің, анасының бейнесін танимыз.

«Әулие тұтып шалынды,
Бірдеңе айтсақ:
– Әкең білед, соған айт! – деп жүргенде

Ол кетіп қап...
Арылмай мұнды елестен,
Сағындың ба, күндерді бірге кешкен
Қарағыштап қыр жаққа жүруші едің,
Кетіп қалдың бір күні үндеместен» (Бабажанұлы, 2014: 203-204)

Еріне деген құрметін сөзімен емес ісімен көрсететін әйел өнегесі әр шумақта құйылып түскен. «Әкең білед» деген сөздің қадірі қашқан бүгінгі таңда осы сөзге қаншама отбасы зәру. Ақын анасына деген ішкі сағынышын жырмен жеткізе отырып әкенің тұлғасын, отбасындағы рөлін алдыңғы фонға шығарады. Баланың анаға деген сағынышы, әйелдің жарына деген сағынышы қатар сипат алады. Өлеңнің өн бойынан сағынышты көресің, сезінесің. Шынайылыққа сенесің. Бұл өлең – жәй өлең емес сұлу өлең, қай уақытта болса да, қандай кезеңде болса да құндылығын жоймайтын тарихи мәні бар туынды.

4. Зерттеу нәтижесі

Ақын махаббат лирикасына да біршама өлеңдер жазған. «Қара өлең», «Күрсінісің – тамұқ ед, жымыысың – жұмақ-тым», «Аңсар», «Сағыныш», «Хат», «Көріп тұрып жете алмау», «Ақ жауын», «Ғашық», «Мойындағым келмей», «Қыз бен мұрын» т.б. нәзік сезімнің әртүрлі иірімдерін өлеңіне арқау еткен туындылары оқырманын

қиял көгіне жетелейді. Лирикалық өлеңдердің басым көпшілігінен балғындықтың, жігіттікке енді иек артқан албырт шақтың лебі еседі. Әр жапырақтан өлең көретін ақын көңіл сұлулықтан сезім іздейді, «жеті дүркін өткен қыздарға» аңсары ауған жүректің шырылы естіледі. Бір-біріне ұқсамайтын көңіл құбылыстары жыр жолдарына түсіп адамның әртүрлі хәлін сипаттайды.

Сырты күліп, іші алай дүлей болып, бір-біріне сыр білдірмес ғашықтардың адам ұғып болмас әрекеттерін ақындық түйсікпен сезінеді. «Көздерің «сүйем» дейді, «Сүймеймін дейсің өзін»..., «Көзіңнен жылынам да, Сөзіңнен тоңып қалам» (Бабажанұлы, 2014: 2029) т.б. екі түрлі хәлді сипаттайтын тармақтар, адамның ішіндегі алай-дүлей сәтті баяндайтын шумақтар сәтті шыққан.

«Сен күлесің: бәрі-бәрі тамаша,
Мен күлемін: бәрі-бәрі тамаша.
Ішін бермей түнереді қараша,
Адам деген – сезімдердің моласы, ә?» (Бабажанұлы, 2014: 238)

«Кездесу» өлеңіндегі осы бір шумақ жалпы адам психологиясын аша білген. Тек махаббатқа ғана тән дүние емес, жалпы адамның сан қилы оқиғаларға байланысты реніші, күрсінісі, қуанышы, қайғысы, көп жағдайда ішінде қалатын адам болмысы «сезімдердің моласы» екендігін ақын түйсіне білген. Ғашықтық ғазалдарында біраз ақындардан, халық ауыз әдебиетінен эпиграф алып, сол ойды дамытып жазған өлеңдерін де сәтті шыққан туындылардың қатарына қоса аламыз.

Б. Бабажанұлы – жалпы өлеңді сирек жазатын ақындардың бірі, ал поэма сынды көлемді поэтикалық туындыларынан «Ниетқабыл», «Жаумытбай» атты екі поэмасы бар. «Ниетқабыл» поэмасы Түгел есімді кейіпкердің өмірінен сыр шерте отырып. шүкір мен қанағатты, ақкөңілділік пен кеңпейілділікті насихаттайды. Қазақы ұғымда тұқым жалғасу, ұрпақ сабақтастығына үлкен мән берілген. Ақын сәби сүюді армандаған отбасының қандай сәтте де шүкірін аузынан тастамауын, Аллаға тіл тигізбегенін жырлай келіп, поэманы сөздің киесімен түйіндейді. Құдайдан ұзақ жылдар бойы тілеп алған құлындарының ойнақшып жүргенінде асылық сөз айтып қоймауға ұмтылған ана бейнесінен, ұрпағына ұрысса да бата айтып ұрсатын (мысалы, көсегең көгергір) қазақы болмысты көреміз. Әр шығармасында ұлттық болмыс қылаң беріп отыратын ақынның шығармашылығы арқылы автордың дін мен ділге бірдей сауатты, рухани уыздан нәр алып өскен дала мәдениетінің өкілі екендігін байқаймыз.

«Жаумытбай» поэмасында тентегін тезге салған дала болмысы мен сол болмысты ескілік санаған лектің алғашқы астасқан уақыты мен кеңістігі сипатталады. Поэманың өн бойында Табынбай образы айтылып, басымдық, негізгі екпін Табынбай бейнесіне түсіріліп отырады. Сол арқылы оның жүріп өткен жолын әртүрлі кейіпкерлердің диалогы арқылы баяндайды. Табынбай образын жан-жақты ашуда автор диалогтарды сәтті пайдаланған, сан-саққа тартқан пікірлер арқылы оның буыны бекімей тұрып қолы қанға малынғанын, екі рет сотталып келгенін, осы жолы тағы екі адамды өлтіру арқылы қаныпезер бейнесіде көрінеді, кейіннен

Табынбаймен жүздескен шалдардың диалогынан бойындағы күшін бей-берекет жұмсай бермейтін, ашуын ақылына жеңдіре алатын, бірақ жанынан намысын биік қоятын кейіпкерді көресің, Табынбайды ақтауға да, даттауға да болатын деталдарды кезіктіресің. Алып кетуге келген милицияның үйіне кіре алмай айналшықтап жүруінен-ақ Табынбайдың мысын байқайсың. Бұл – шығарманың бірінші бөлімі. Екінші бөлімде Жаумытбай образы сыйпатталады. Оның ел алдындағы беделі, тік мінездігі айтылып, негізгі шешуші түйін, адамдық, әділдік, кешірімді болуы секілді құндылықтар Жаумытбайдың диалогында көрініс алады. Өзінің ұлын өлтірген адамды ақтауы, кешірім беруі қандай әкеге болса да оңай соқпасы анық, бірақ әке шешуші сөзді, соттан Табынбайды босатуын сұрау арқылы оны өмір бойы ар сотына тартады.

«...Тоқтатып көзін бұзылған жұртқа сабындай,
Бұрылды Жәкең қалпынан тіп-тік жаңылмай.
«Апыр-ай, Жауке, өлтіріп кетсең жақсы еді!» –
Сылқ етіп жерге отыра кетті Табынбай» (Бабажанұлы, 2006: 131)

Бірінші тармақта сан-саққа тараған пікірлердің жиынтығын сәтті суреттесе, ұлының қазасы ішін өртесе де сыртқа сыр білдірмеген Жаумытбай бейнесі екінші тармақта даралана түседі. «Апыр-ай, Жауке, өлтіріп кетсең жақсы еді!» деп белі кеткендей отыра кеткен Табынбай бейнесінен өкінудің, ұялудың, қателігінен сабақ алуды көреміз. Тентекті, есі бар тентекті тезге салудың далалық дәстүрін Жаумытбай бейнесінен көреміз. Ар сотына шыдамаған Табынбай жазасын өтеп түрмеден келгеннен кейін ауылдан бір жола көшіп кетуі де ар сотының азабы ауырлығын көрсетеді.

5. Қорытынды

Б.Бабажанұлының жалпы шығармашылығын шолу арқылы ақынды сан қырынан тануға тырыстық. Өз замандастарының жоғын жинаушы, жанашыр пейілінің куәсі болдық. Ел тәуелсіздігін алғаннан бүгінгі күнге дейінгі ел ішіндегі саяси ахуал мен халықтың тұрмыс тіршілігіне назар аударып, шындықты поэзия тілімен үйлесімді жеткізе білген өлеңдері талданып, озық тұстары мен ұтымды ойларына тоқталдық. Халықтың жоқшылық күй кешуін, тіліміздің алашұбарлығын, бишігі қолында болған пенденің құдайын ұмытып жалғанды жалпағынан басуын шебер суреттеген ақынның тілдік қолданысы мен ой орамына баға берілді.

Балалық шақтың түрлі суреттерін жырға қосқан ақынның әртүрлі кезеңдегі түйген ойлары уақыт сүзгісінен өтіп, бүгінгі күннің шындығымен астаса баяндалуы, халықтың ұмыт бола бастаған салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын жырға қосып, сананы қайта жаңғыртуына теориялық тұрғыдан баға бердік. Туған жерге деген сүйіспеншілігін, отанға деген адал махаббатын жырға қосқан ақынның лирикалық шығармаларына тоқталып, поэтикалық ерекшеліктерін талдадық. Бала мен ата-ана арасындағы нәзік қатынасты сұлу жырмен сипаттаған ақынның ой иірімдерінің ұтымды тұстары, баланың ата-ана алдындағы қарызы мен ата-ананың бала алдындағы парызын салт санамызбен байланыстыра жазуын құндылықтар тұрғысынан ашуға тырыстық.

Б. Бабажанұлының жалпы поэзиясын жіті талдамасақ та, өзекті деген тақырыптарын алып, көркемдік ерекшеліктеріне тоқталуға тырыстық. Зерттеу барысында ақынның отансүйгіштік қасиеті мен маңайын адалдығына, сол адалдық өлеңге сіңіп поэтикалық сипат алғанына куә болдық. Ақынның шығармашылық ерекшеліктеріне бірқатар баға беріп, көркемдік деңгейіне тоқталдық.

Әдебиеттер:

1. Әскербекқызы Ж. Көркемдік өріс: Есенғали Раушанов поэзиясы негізінде. Ғылыми зерттеу. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 296 б.
2. Бабажанұлы Б. Ниетқабұл / Б. Бабажанұлы. – Алматы: Хан Тәңірі, 2014. – 286 б.
3. Бабажанұлы Б. Уәде. Өлеңдер мен поэма: – Алматы: Жазушы, 2006. – 136 б.
4. Жәңгірұлы Ш. Назым сияр Шәриф. – Алматы: Сардар баспа үйі, 2016. – 608 б.
5. Қондыбай С. Арғы қазақ мифологиясы. Бірінші кітап. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004. – 512 б.
6. Қаратаев М. Эпостан эпопеяға. Әдеби-сын зерттеулер. – Алматы: «Жазушы» баспасы, 1969. – 444 б.
7. Негимов С. Шығармалары. Зерттеулер. Т.1. / С. Негимов. – Астана: Фолиант, 2015. – 424 б.
8. Солтанаева Е.М., Сағындық Н.Б. Қалихан Ысқақ драматургиясының көркемдік-идеялық ерекшелігі // ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ. Филология сериясы: Том 193 № 1 (2024). – 127-137 бб. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v193.i1.ph12>
9. Nurgali K.R., Gilea A.A. (2023) Intertextuality and Archetype Transformation as the Polysemy Basis of the Modern Reimagined Fairy Tale. *Studia Litterarum*, No8, Moscow. – 216 p. DOI: <https://doi.org/10.22455/2500-4247-2023-8-1-198-217>

References:

1. Askerbekkyzy Zh. (2008) Artistic field: based on the poetry of Yesengali Raushanov. Scientific research. – Almaty: «Taimas» publishing house. – 296 p (in Kaz)
2. Babajanuly B. (2014) Nietkabyul / B. Babazhanuly. – Almaty: Khan Taniri. – 286 p. (in Kaz)
3. Babajanuly B. (2006) A promise. Poems and poems: – Almaty: Zhazushi, 2006. – 136 p. (in Kaz)
4. Karataev M. (1969) From epic to epic. Literary-critical studies. – Almaty: «Zhazushi» publishing house. – 444 p. (in Kaz)
5. Kondybai S. (2004) Ancient Kazakh mythology. The first book. – Almaty: Dayk-Press. – 512 p. (in Kaz)
6. Negimov S. (2015) Works. Studies. T.1. / S. Negimov. – Astana: Foliant. – 424 p. (in Kaz)
7. Nurgali K.R., Gilea A.A. (2023) Intertextuality and Archetype Transformation as the Polysemy Basis of the Modern Reimagined Fairy Tale. *Studia Litterarum*, No8, Moscow. – 216 p. DOI: <https://doi.org/10.22455/2500-4247-2023-8-1-198-217> (in Eng)
8. Soltanaeva E.M., Sagynyk N.B. (2024) Artistic and ideological features of Kalikhan Ishak's dramaturgy // Bulletin of KAZNU. Philology Series: Volume 193 Number 1. – pp. 127-137. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2024.v193.i1.ph12> (in Kaz)
9. Zhangiruly Sh. (2016) Nazim Siyar Sharif. – Almaty: Sardar publishing house. – 608 p. (in Kaz)

A. Mursal^{1*}, A.R. Abdykadyrova², G.K. Myrzakhanova³

^{1,3}Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

²S. Asfendiyarov Kazakh National Medical University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹aigerimmursal@mail.ru, ²tauke04@mail.ru, ³gulzhan.myrzahanova@mail.ru

ORCID: ¹0000-0001-8035-4236, ²0000-0001-9551-2719, ³0000-0001-8125-4341

THE ORATORICAL DISCOURSE IN THE NOVEL «PANA» (THE REFUGE) BY QAZHYQUMAR SHABDANULY

Abstract. The presented article analyzes the novel “Pana” (The Refuge) by Qazhiquumar Shabdanuly, the founder of Kazakh written literature in China, from the point of view of rhetorical discourse. Since this is the first scientific article written about the novel “Pana” (A refuge), during the analysis, the plots related to the analyzed problem will be briefly described. In the artistic work, the pedagogy of the dialogues in the tradition of drawing out in the oratorical discourse, the dynamic nature of the question-answer structure based on opposition was clarified. In the work, the protagonist Zuka is portrayed with heroism and eloquence, blending the imagery of words and thoughts, imbuing them with mystery and charm, thus engaging the reader’s intellect and imagination. The novel conveys the profound artistic integrity that resonates powerfully through the artist’s words. Shabdanuly’s writings therefore demonstrate the mindset and perspective of the XIX-century Altai bi-orators and Zuqa Batyr. Using particular approaches, this study looks at the aesthetic role that narrative and representational elements have within the rhetorical framework. The distinctive attributes of rhetorical discourse are delineated through theoretical differentiation of rhetorical structures and comparative analysis with other examples of oral literature. Our study delves deeply into the main characters of the narrative, particularly exploring Zuqa’s inner thoughts and his relationship with the external environment. Through various analytical methods, we explore how the writer harmoniously employs artistic techniques within his work to address the issue of eloquent discourse. The article highlights the writer’s adept depiction of aitys-dialogues between Zhake bi-orator and Zuqa, strife over someone who was engaged but left for someone else, societal situations, and the historical context of their era. During the analysis, rhetorical expressions are categorized into five groups based on G. Kosymova’s classification of thematic and content groups, supported by specific examples. During the reign of the four biys and tor (descendant of khan) of the Kazakh people who inhabited Altai on Chinese territory, the story of Zuqa Batyr, who was characterised both by his oral sickle-tongued eloquence and his valiant heroism in caring for the country, is widely narrated. The narrative explores Zuqa’s heroic exploits and his significant contributions to the community. Additionally, Zuqa Batyr’s eloquent words, exemplary deeds passed down to future generations, and his visionary leadership are discussed. Furthermore, his role in addressing social and familial issues, particularly his adeptness in resolving disputes involving orphans and widows, is highlighted. Finally, the conclusion emphasizes the importance of oratorical discourse and its enduring impact on contemporary generations.

Keywords: discourse, rhetorical discourse, literary text, rhetorical speech, Qazhyqumar

A. Мурсал^{1*}, А.Р. Абдыкадырова², Г.К. Мырзаханова³

^{1,3}Абай атындағы Қазақ Ұлттық Педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

²С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹aigerimmursal@mail.ru, ²tauke04@mail.ru, ³gulzhan.myrzahanova@mail.ru

ORCID: ¹0000-0001-8035-4236, ²0000-0001-9551-2719, ³0000-0001-8125-4341

Қажықұмар Шабданұлының «Пана» романындағы шешендік дискурс

Аңдатпа. Ұсынылған мақалада Қытай мемлекетіндегі қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Қажықұмар Шабданұлының «Пана» романына шешендік дискурс тұрғысынан талдау жасалған.

Бұл «Пана» романы туралы жазылған тұңғыш ғылыми мақала болғандықтан талдау барысында, талданып отырған мәселеге байланысты сюжеттері қысқаша баяндалады. Көркем шығармада шешендік дискурстағы суырып салма дәстүріндегі тілдесулердің сабақтастығы, сұрақ-жауап құрылымының қарама-қарсылыққа негізделген динамикалық табиғаты айқындалды. Шығармада суреткер Зуқа образын батырлығына, сұңғыла шешендігіне сәйкестендіріп, сөзі мен ойының суреттілігін бір-бірімен жымдастыра өріп, сыры мен сымбатына тең түсе отырып, оқырманның ойы мен қиялын тербетіп, сөзімен тебіренге алған көркемдік тұтастықтың ерекше күш-қуатын сезіндіре алады. Сөйтіп Шабданұлы шығармасы XIX ғасырда өмір сүрген Алтайдағы би-шешендер мен Зуқа батырдың дүниетанымы мен ой-өрісінің деңгейін көрсетіп береді. Бұл зерттеу жұмысында, шешендік сөздердің көркемдік жүйесін құрайтын баяндау және бейнелеу тәсілдерінің көркемдік қызметі нақты талдаулар негізінде байыпталды. Шешендік дискурста тән ерекшеліктер шешендік сөздер құрылымын теориялық тұрғыдан саралау және ауызша әдебиеттің басқа да үлгілерімен салыстыра талдау арқылы айқындалады. Зерттеуімізде аталған еңбектің негізгі кейіпкерлері Зуканың ішкі ойлары мен сыртқы ортамен байланысы туралы терең сипатталады. Жазушының көркем туындысында шешендік дискурс мәселесін қарастырудың сантүрлі әдістері мен тәсілдерін қолдану негізінде шығармашылығында көркемдік құралдарды үйлесімді қолданғаны анықталады. Мақалада қаламгердің Жәке би мен Зуканың айтысы, жесір дауы, әлеуметтік тұрмыстық жағдайы, олар өмір сүретін дәуірді шебер сипаттауы көрсетіледі. Талдау барысында шешендік сөздерді Г.Қосымованың тақырыптық-мазмұндық топтарға жіктеуі бойынша бес топқа бөліп қарастырып нақты мысалдармен дәлелденеді. Қытай жеріндегі Алтайды мекендеген қазақ халқының төрт би мен төре басқарған дәуірінде, өз заманында от ауызды орақ тілді шешендігімен де елдің қамын ойлайтын ержүрек батырлығымен де көзге түскен Зуқа батыр жайында кеңірек тоқталады. Зуканың ерлік істері мен өзі өмір сүрген кезеңдегі ойып алар орны туралы сөз қозғалады. Сонымен бірге Зуқа батырдың шешен сөздері мен кейінгі буынға қалдырған кемел істері, көрегендік қасиетіне шолу жасалады. Сондай-ақ, әлеуметтік-тұрмыстық мәселелерді шешудегі рөлі мен жетім-жесір дауының шешімін шығарудағы кемеңгерлігі турасында айтылады. Қорытындысында шешендік дискурстың маңыздылығы мен бүгінгі ұрпаққа тигізер әсері туралы сөз қозғалады.

Кілт сөздер: *дискурс, шешендік дискурс, көркем мәтін, шешендік сөз, Қажықұмар.*

А.Мурсал^{1*}, А.Р. Абдықадырова², Г.К. Мырзаханова³

^{1,3} *Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

² *КазНМУ имени С.Д.Асфендияров, Казахский национальный медицинский университет, Алматы, Казахстан*

E-mail: ¹aigerimmursal@mail.ru, ²tauke04@mail.ru, ³gulzhan.myrzahanova@mail.ru

ORCID: ¹0000-0001-8035-4236, ²0000-0001-9551-2719, ³0000-0001-8125-4341

Ораторический дискурс в романе Кажықұмар Шабданұлы «Пана (Бежество)»

Аннотация. В представленной статье с точки зрения риторического дискурса анализируется роман «Пана» (Прибежище) Кажықұмара Шабданұлы, основоположника казахской письменной литературы в Китае. Поскольку это первая научная статья, написанная о романе «Пана», в ходе анализа будут кратко описаны сюжеты, связанные с поставленной задачей. В художественной работе педагогика диалогов в традиции вытягивания в ораторском дискурсе выясняла динамический характер вопросно-ответной структуры, основанной на противопоставлении. В произведении главный герой Зука изображен с героизмом и красноречием, смешивая образность слов и мыслей, наполняя их тайной и очарованием, задействуя тем самым интеллект и воображение читателя. Роман передает глубокую художественную целостность, которая мощно находит отклик в словах художника. Таким образом, творчество К. Шабданұлы освещает мировоззрение и интеллектуальную среду алтайских би-ораторов, героического деятеля Зука батыра XIX века. Это исследование рассматривает художественную функцию повествовательных и репрезентативных элементов в рамках риторики,

используя специальный анализ. Отличительные признаки риторического дискурса выявляются посредством теоретической дифференциации риторических структур и сравнительного анализа с другими примерами устной литературы. Наше исследование глубоко углубляется в главных героев повествования, в частности, изучая внутренние мысли Зуки и его отношения с внешней средой. С помощью различных аналитических методов мы исследуем, как писатель гармонично использует художественные приемы в своем произведении для решения проблемы красноречивого дискурса. В статье подчеркивается умелое изображение писателем айтыс-диалогов между Жаке бием и Зукой, споров по поводу вдов, социальных ситуаций и исторического контекста их эпохи. В ходе анализа риторические выражения разделены на пять групп на основе классификации тематических и содержательных групп Г. Косымовой, подкрепленной конкретными примерами. Эта дискуссия углубляется в историческую эпоху, когда казахами, проживавшими на Алтае часть которого входит в состав Китая, управляли четыре биев и торе, а так же подробно рассматривается знаменитый Зука батыр, прославившийся своим пламенным красноречием и мужественным героизмом в защите своей родины. Повествование исследует героические подвиги Зуки и его значительный вклад в жизнь общества. Кроме того, обсуждаются красноречивые слова Зука батыра, подвиги, переданные будущим поколениям, и его дальновидное руководство. Кроме того, подчеркивается его роль в решении социальных и семейных проблем, особенно его умение разрешать споры с участием сирот и вдов. Наконец, в заключении подчеркивается важность ораторского дискурса и его непреходящее влияние на современные поколения.

Ключевые слова: дискурс, риторический дискурс, художественный текст, риторическая речь, Кажикумар.

1. Introduction

The characteristics of Kazakh oratorical discourse, focusing on the role of narrative and representational elements within its artistic structure, have emerged as a pressing topic in contemporary research on discourse. Kazakh people have historically placed significant value on eloquence. Skilled bi (adjudicating disputed issues on Kazakh customary law) and orators demonstrated mastery in the systematic articulation of ideas and the artful construction of language. This proficiency is vividly evident in memorable phrases, reflections, and oral traditions that have been passed down through generations.

In the past, Kazakh orators have been recognized as leaders who played crucial role in establishing and maintaining the country's steppe governance, resolving disputes, and preserving national unity. Every nation possesses its own unique worldview and life perspective, grounded in established national values. National consciousness represents a collection of enduring perspectives, principles, values, experiences, and knowledge about the world. Primarily, it encompasses a set of ethical and aesthetic principles that define the significance of human existence and the dynamic between society and the individual. Examples of eloquence serve as vivid reflections of the nomadic worldview, showcasing their profound understanding and perception of the world.

Professor S. Asylbekuly states that "Oratorical discourse also played a significant role in shaping Kazakh written literature" in his book "Qazaq Povesi" (Kazakh Novel) (Asylbekuly, 2021:56).

Indeed, the art of oratory passed down from Kazakh bi-orators holds great value in preserving ethnographic traditions. Protection of the country, national unity, traditions, and solidarity were key themes addressed by these bi-orators.

Oratory is regarded in national literature as the highest of the arts. A. Zhumagulova, R. Abdikulova, K. Kurkebayeva, Zh. Smagulova, and others have studied Kazakh eloquent discourse from ontological, pragmatic, and epistemological perspectives.

Eloquence is the highest form of speech culture. A person who knows that “the art of speech” strives to learn oratory, but not everyone can become a famous orator. The level of education, intelligence, common sense is different for everyone, as well as the level of language culture in general and the art of speech in particular. Oratorical art has been given great importance since ancient times. An example of the wisdom of our people is a valuable heritage, a precious treasure that has withstood public criticism for centuries. The eloquent speech culture of the Kazakh people, its development begins from the ancient Sakic period, from the monuments of Orkhon, Yenisei, Talas, and all written monuments of the Middle Ages of the Turkic people represent a historical heritage passed from generation to generation (Narenova, 2015: 250).

The development of Kazakh oratorical culture began in the XII-XIII centuries and is connected with the names of Maiqy Bi and Ayaz Bi, and in the XIV-XV centuries with the names of Zhirenshe orator and a wiseman Assan Kaigi. In the XV-XVIII centuries, Shalkiiz, Bukhar, Dulat, Tole bi, Kazbek bi with his piercing voice and Aiteke Bi continued this path and made their invaluable contribution to the development of oratorical art (Ernazarova, 2017:168-172).

According to scholars, the notion of rhetorical discourse should be considered in terms of a problem common to such sciences as multicomponent psychology, philosophy, ethnolinguistics, and literary studies (Smagulova, 2008:17). Kazakh literary scholar Ye. Khuatbekuly specifies that oratorical discourse is the cultural context of language. It includes the speaker’s view and worldview. In a narrow sense, with meaning, it speaks about the real linguistic reality of a valuable act. Philologist Ye.A. Nikolayeva believes that “oratorical speech is carried out in the course of oral communication between the speaker and listeners. In the course of oratorical speech, the speaker is required to possess oratorical skills. In this case, the speaker preserves himself as a subject and shows his personality in front of the group as much as possible” (Nikolayeva, 2017: 315). As the object of our research, we decided to consider the problem of rhetorical discourse in the novel “Pana” (The Refuge).

Since Q. Shabdanuly’s novel “Pana” (The Refuge) has not yet been widely circulated in scientific discourse, and no literary analyses have been conducted, our aim is to summarize each episode to make it accessible to the academic community.

In terms of analysing the novel, one of the main characters in the novel, Nazipa is depicted as a young woman of striking beauty who has reached maturity. She grew up in a middle-class family of modest means. Mardan Bi, who is Nazipa’s maternal cousin wants Nazipa to marry the lame rich man Tautan, whose third wife has recently died, and has asked for instead of a girl. As bridal payment Mardan Bi demands two prized stallions known for their swift galloping. Upon discovering that she is essentially being sold off, Nazipa escapes with her beloved boyfriend. However, on the way, the couple is apprehended by Mardan’s mercenaries. The mercenaries beat the boy to death, and Mardan gouged out his sister’s eyes with whips. The young girl’s hands and feet are shackled to prevent her from running away again. On the pretext of medicine, Mardan Bi burns Nazipa’s eyes and blinds them completely. Thus, the novel begins with the unjust and corrupt Bee, who for personal gain heartlessly traffics a defenceless Kazakh girl who pays for her deed with her eyesight.

2. Methods and materials

2.1. Research methods

The current investigation employed the discursive method, the method of conceptual analysis in the textual analysis of oratorical discourse, the method of complex analysis in the division of texts into thematic groups.

2.2. Material description

The novel "Pana" by Q. Shabdanuly served as the primary material for this research study. Scientific methodologies including comparative analysis, systematic-complex analysis, and literary-historical differentiation were employed. Also, as a theoretical basis of the study, literary-scientific, critical works and monographs by K.Z. Elshibayeva and R. Abdykulova on oratorical discourse were studied.

3. Discussion.

Oratorical discourse within the content of everyday life reflects significant historical events and cultural practices. The period of reign of the Abak Kerei family was almost a century. At that time they brought Kogedai, a descendant of Khan, from the Uly Zhuz (Senior Juz or Horde - the eldest tribal division within the ethnic group of the Kazakhs) and elected him as their Khan. Zuqa did not like the customs of the horde that had been formed since that period. At that time, Zuqa was a teacher who taught the children of the Khan Horde. The grandson of Kogedey khan - Zheniskhan having received the title "descendant of Khan" from Yezhen Khanate in Beijing called Abak Kerei as "Abakiya" and established in the Horde Khan's orders. Every Kazakh was obliged to call even the youngest children as "Aldiyar" (an honourable address to a Khan, Bi or a representative of the Khan's dynasty). The passage through which the outsiders were addressed was even painful. As soon as they crossed the threshold, they fell to their knees. And only after having crawled to the ground and having struck their heads three times, the Khan allowed them to sit down and address him. Zuqa's father, Sabit Molda (Islamic priest), took Zheniskhan Khan as his apprentice and raised him, so Zuqa does not obey the rules of the Horde, followed by Zheniskhan Khan. The fact that Zuqa is not afraid of the Khan angered the ladies of the court. One day the women decided to desecrate his honor and came up with a way to do it. Once when Zheniskhan Khan was heading to Sarysumbe, a woman on her way to the restroom noticed Zuqa standing alone outside the madrasa. She discreetly sent her maid away on another errand and then gestured towards a bowl placed on the ground near Zuqa. The dialogue between the court woman and Zuqa begins with the following sentence:

– *Hey, priest man, carry this bowl! (Shabdanuly, 2004: 30) — exclaimed the woman, addressing Zuqa.* No matter how much you turn your nose up, you are my slave, and you are one of my slaves who carry my ablution jug after me, sensing that the woman wants to insult him, at that moment he comes up with a mockery of that insult. He saw a stallion crowing behind the fidgety stallion heading into the evening field, Zuqa remarked the following:

– *Woman, you need a real man who is your equal to carry your bowl; please call that big figure! (Shabdanuly, 2004: 30),* and then swiftly walked away. The woman, taken aback and anxious, feared that others might overhear the exchange. The lady, aiming to humiliate Zuqa by implying he was a servant who should carry her bowl, received a pointed

response from Zuqa asserting that everyone should be with their equals. Zuqa emphasized this by gesturing towards the stallion, implying it was the lady's equal, which was a clever and subtly more insulting retort. In the novel "Pana" the hero Zuqa distinguishes himself not only through acts of heroism but also through his exceptional oratorical abilities. The dialogues highlighted above showcase Zuqa's quick-wittedness, eloquence, and capacity for forward and backward thinking.

Oratorical discourse of religious content in the composition features passages from the Koran and religious sermons that serve as beacons of justice. The plight of a young girl from a modest family being traded into marriage as a third wife to an elderly, crippled man deeply troubled Zuqa, prompting him to advocate for justice. This led to a confrontational dialogue with the village priest man during the wedding ceremony. Subsequently, the young beauty, Nazipa, who felt that she had been betrayed ran away with her lover, only to be apprehended by Mardan Bi. Tragically, the lover, Doszhan, was beaten to death and Nazipa was blinded. The rationale behind this brutality was that a one-eyed bride would suit a one-legged groom, as who else would desire a share of the bridal price for such a bride. Upon hearing of this injustice, Zuqa, driven by his sense of justice, intervened in the matter, despite not being invited to the bride's side wedding. He challenged the religious teachings of an elder priestman named Kazhymolla, expressing his objections. Hereby, we can delve deeper into the religious discourse of this narrative and examine the dialogue between priestman and Zuqa:

Kazhimolla: - *"It is said that if a blessed sheep is slaughtered and a marriage is blessed with approval, then if one violates it, God will not forgive that person in both worlds"*.

Zuqa: *well, if the marrying couple themselves initiate slaughtering the blessed sheep and asked blessing their marriage? Two individuals cannot enter into marriage without expressing their own consent. Forced marriage is strictly prohibited by Sharia rule.* The old priestman replied:

- *How absurd!.. The husband and wife did not spring forth from the ground like animals; they cannot bless themselves! – They are not creatures devoid of parents, siblings, so cannot get engaged by their own. Oh, you foolish, Zuqa!* - Haji priestman's beard slightly furrowed with anger.

Zuqa: - *Well, my dear ones, what kind of Sharia allows a poor girl to be sold off by strangers, becoming a pawn for cattle-bridal payment without her prior knowledge or consent, and then faces condemnation and anger for supposedly being 'blessed' by these strangers?! How can it be that simply because she refuses to accept the marriage made without her consent, she is cursed by the Divine and labeled immoral in both worlds, destined for hell?! Above all, faith should reside in everyone's heart! Faith recoils from an unjust heart; let us reason with justice! Furthermore, explain to us again the "justice" in gouging out the bright eyes of a very young girl who has just begun to understand the world and see its light.*

Zuqa's words, "faith should reside in everyone's heart!" and "Faith recoils from an unjust heart" (Shabdanuly, 2004:18-19), served as a strong admonition against the position of the priestman, who was accused of disrespecting their noble religion and compromising justice by accepting a bribe from Mardan Bi. This exemplifies how eloquent speech can

deeply influence the minds and consciousness of the audience. Every word uttered by the orator, filled with profound sentiment, resonates with the hearts of the listeners and stimulates thought among those present.

Oratorical discourse within the content of the widow's dispute in the novel is characterized by the enthusiastic reception of Kazhymolla and Zuqa's protest sermons. Once at night following the slaughtering of the white sheep and the blessing of the marriage, Doszhan arrived on two galloping horses and eloped with Nazipa, escaping far away due to Mardan Bi's carelessness and the horses' speed, making them untraceable. When Nazipa's future husband, Tautan, arrived to collect her and learned of her disappearance, the widow's dispute intensified. Feeling unable to marry a widow, Tautan returned to Mardan Bi, blaming him for facilitating the elopement. Shortly after, Tautan seized all of Mardan village's livestock except sheep as hostages and slaughtered them, escalating the conflict to the judicial level. Zheniskhan Khan delegated the resolution of this case to four bi-orators. Zuqa was dissatisfied with the decision rendered by the four bi-orators. According to their ruling, Mardan Bi, deemed the primary instigator of the events, regained possession of all his cattle except those received from Tautan as bridal payment. Nazipa's father, Sarsek, was found guilty and faced a penalty whereby all the cattle from Sarsek's village were confiscated. The condition imposed for the return of the cattle was that Sarsek must surrender the two fugitives to Tautan. Dissatisfied with the judgment of the four bi-orators, Zuqa sought justice from Zheniskhan Khan. However, Zheniskhan Khan declined to make a decision, instead advising Zuqa to seek justice from the four bi-orators again. Determined to pursue justice, Zuqa decided to approach Zhake Bi renowned for his eloquence and dignity, who greeted Zuqa with a smile.

- *Who are you, my son?*

- *I am from Iteli tribe, Sabit priestmans son. My name is Zuqa.*

- *Well... I know, you're the "robust priestman" who teaches children in that village!*

- *It's true that I am teaching children, dear orator, but my being "robust" is probably a false rumor.* The orator meant by saying "robust" blamed Zuqa for the incident in Mardan's village.

- *Well, what's the trouble then?*

- *You were "Zhake from Kerei tribe, and Merkit's father", I came to ask you for fatherly care of a village generation that was starving on the slopes of Abak mountains. Both the charge against the village and the taken hostage were slandered by the powerful Mardan and Tautan, and the sentence was completely reversed.*

- *And how can I help here, as it has no connection with me?!*

- *A countryman needs the integrity of the country. You can be a refuge, so that your Abak people don't roam, degraded, starve to death! We need your parental and fair advice and persuade the four bi-orators to reconsider the verdict (Shabdanuly, 2004:40).* Zhake Bi's answer was surprising and unexpected to Zuqa:

- *One lion, two tigers, four bears ruling in Altai, and you're trying to turn me against them, igniting the fire with my hands, aren't you?! Before you test me, first you should undergo the test. Find me these two fugitives! If Mardan truly gouged out the sister's eyes with his whip, then I must see it! Therefore, since you're also complicit in the destruction*

of that village, you are obligated to participate in rectifying it and finding those who fled!" (Shabdanuly, 2004:41) In this manner, he refutes Kazhymolla's preaching and asserts that Zuqa, who genuinely preached to the country, he is primarily responsible for the famine in Sarsek village and the youth's fled. According to Zhake Bi, people wouldn't have fallen into such calamity if they hadn't provoked it themselves, and it's not a big deal if the elders agreed to bring joy by marrying a young girl as the fourth wife to an old man, justifying it with "one can't fight the fate". As a result of the religious preaching, which left Sarsek village without cattle and people starving, Zuqa alone was deemed responsible. When he mentioned "one lion" he hinted at Zheniskhan, "two tigers" are two leaders, and "four bears" are four bi-orators. Zuqa responded to these accusations with motivation:

7. Жүнісов С. Ақан сері. Роман. Шығармалары. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2013. – 320 бет.
8. Карбозов Е.К., Шегебаев А.М., Қырғызбаева. А.Д. Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі сакральдылық ұғым-түсініктердің көркемдік қызметі // «Keruen» ғылыми журналы 76(3) 2022. – 216-231 бб. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.3-19>
9. Қоңыратбаев Ә. Фольклортану мәселелері. Т.1. – Алматы: МерСал, 2004. – 270 б.
10. Нұрғали О. Жылқының көз жасы. – Алматы: Қайнар, 2012. – 310 б.
11. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). – Алматы: Алаш, 2003. – 328 б.
12. Toynbee, A. J. (1954). *A Study of History: Volume III*. Oxford University Press.

References:

1. Abdezuli K. (2006). T. Alimkulov and Kazakh prose. – Almaty: Arys. – 174 p. (in Kaz)
2. Alimkulov T (2003). Telkonur. Selected stories. – Almaty: Raritet. – 192 p. (in Kaz)
3. Baltabaeva G. (2016). Artistic world of Kazakh prose at the time of independence. – Almaty: Dastur. – 285 p. (in Kaz)
4. Dautayuly N. (2008). Aigyr kisi. Selected works in two volumes. T.1. – Almaty: AnArys. – 272 p. (in Kaz)
5. Dorré, G. M. (2002). Horses and Corsets: Black Beauty, Dress Reform, and the Fashioning of the Victorian Woman. *Victorian Literature and Culture*, 30 (1). pp. 157-178. DOI: <https://doi.org/10.1017/S1060150302301086> (in Eng)
6. Karbozov Y.K., Shegebayev A.M., Kyrgyzbayeva A.D. (2022). The artistic function of the concepts of sacredness in modern Kazakh stories. *The Scientific Journal «Keruen» 76 (3)*. pp. 216-231. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.3-19> (in Kaz.)
7. Konyratbaev A. (2004). Problems of folklore studies. T.1. – Almaty: MerSal. – 270 p. (in Kaz)
8. Literary studies. Dictionary of terms (1996). (compiled by: Z. Akhmetov, T. Shanbaev). – Almaty: Ana tili. – 240 p. (in Kaz)
9. Nurgali O. (2012). Zhylykynyn koz zhasy. – Almaty: Kaynar. – 310 p. (in Kaz)
10. Piraliyeva G. (2003). On issues of psychology in artistic prose (dreaming, non-verbal gestures, material world). – Almaty: Alash. – 328 p. (in Kaz)
11. Toynbee, A. J. (1954). *A Study of History: Volume III*. Oxford University Press. (in Eng)
12. Zhunisov S. (2013). Akan seri. A novel. Works. – Almaty: Taimas. – 320 p. (in Kaz)

Б.Б. Келгембаева

Сәрсен Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан

E-mail: baha_fil@mail.ru

ORCID: 0000-0003-2919-7639

ШӘКӘРІМ ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫНЫҢ «АР» ІЛІМІ МЕН АДАМ БОЛМЫСЫ ТУРАЛЫ ТОЛҒАМДАРЫ

Аңдатпа. Мақалаға қазақ халқының ірі гуманист ақыны, ғұлама-ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ар ілімі» мен Адам болмысы туралы философиялық танымы арқау болған. Автор Шәкәрімнің Ар ілімі» мен Адам болмысы туралы философиялық ойларының рухани бастауларын іздеу мен ақынның ұлттық сөз өнерінің философиялық-эстетикалық қуатын арттырудағы еңбегін танытуды мақсат етеді. Зерттеу еңбектеріне сүйене отырып, ақынның Адам болмысына қатысты сыншыл идеялары мен «Ар ілімін» құрайтын «Ар», «Ұждан», «Жан» т.б. философиялық ұғымдары оның лирикасымен сабақтастықта талданады. Көне дәуір ойшылдары Әл-Фарабидің «парасатты адам», Қожа Ахмет Ясауидің «хал ілімі», Абайдың «толық адам» философиясына қатысты айтылған отандық және шетелдік ғалымдардың ілкі және тың пікірлеріне шолу жасалады. Шәкәрімнің «Ар ілімі» қазақ топырағындағы Адам болмысы жайлы ежелгі ілімді толықтырып, жаңа идеялармен байытқаны тұжырымдалады. Бүгінгі күні оның данышпан ойлары ұлтымыздың рухани-адамгершілік келбеті мен жеке адамның құндылықтарын қалыптастырудың философиялық негізі болуға лайықты қазына екені көрсетіледі. Зерттеуде шолу, тарихи-салыстырмалы, талдау, сипаттау, жинақтау әдістері қолданылады. Зерттеу нәтижелері ғұлама ойшылдың гуманистік пайымдары бүгінгі қазақстандық қоғамды рухани-адамгершілік тұрғыдан жаңғыртудың философиялық негізі, әрі қуатты рухани күш бола алатындығына көз жеткізеді.

Кілт сөздер: Шәкәрім Құдайбердіұлы, «Ар ілімі», Адам болмысы, философиялық лирика, антропологиялық философия.

Б.Б. Келгембаева

Восточно-Казахстанский университет имени Сарсена Аманжолова,

Усть-Каменогорск, Казахстан

E-mail: baha_fil@mail.ru

ORCID: 0000-0003-2919-7639

Учение о «совести» и человеческое бытие Шакарима Кудайбердиұлы

Аннотация. Статья посвящена учению о совести («Ар» ілімі) и философскому познанию о человеческом бытие, крупнейшего поэта-гуманиста, ученого-мыслителя казахского народа Шакарима Кудайбердиұлы. Целью автора является поиск духовных истоков учения о совести и философского познания, о человеческом бытие Шакарима, а также определение его творческого успеха в развитии философо-эстетической мощи национального словесного искусства. Опираясь на научные труды, автор пытается растолковать идеи поэта о человеческом бытие и сложные философские понятия, такие как «Совесть», «Нравственность», «Душа» использованные в учении о совести во взаимосвязи с философской лирикой. Делается обзор начальных и последних научных исследований и взглядов отечественных и зарубежных ученых о «благородном человеке» Аль-Фараби, «хал ілімі» Ходжи Ахмеда Ясави и «полноценный человек» Абая. Обозначена важность использования учения о совести Шакарима

Кудайбердиұлы, как философско-методологической основы возрождения духовно-нравственного облика нации и духовных ценностей отдельной личности. Для достижения этой цели в статье использованы методы: обзор научной литературы, сравнительный анализ текстов, обобщение, описание данных. Результаты исследования убеждают читателя в духовной мощи гуманистических идей мыслителя как философской основы процесса духовно-нравственного возрождения казахстанского общества.

Ключевые слова: Шакарим Кудайбердиұлы, учение о совести, человеческое бытие, философская лирика, антропологическая философия.

B.B. Kelgembayeva

Sarsen Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

E-mail: baha_fil@mail.ru

ORCID: 0000-0003-2919-7639

The teaching of «conscience» and human existence of Shakarim Kudaiberdiuly

Abstract. The article is devoted to the study of the doctrine of conscience ("Ar" ilimi) and the philosophical views about human existence of the greatest poet-humanist, scientist-thinker of the Kazakh people Shakarim Kudaiberdiuly. The interpretation of complex philosophical categories related to human existence were expressed by the poet in his philosophical works. The author explores the historical and social background of Shakarim's idea of the necessity of a person's moral improvement to ensure the renewal and development of society. The importance of a profound study of the origins of the poet's worldview, the influence of the philosophy of Al-Farabi, Khoja Ahmed Yasawi and Abai upon him, as well as the epoch and the realities of the society in which the great thinker lived and worked is noted. The article outlines the poet's creative success in the poetic interpretation of human existence and the ways of a person's spiritual growth. Such methods as review of scientific literature, historical and comparative analysis of texts, generalization and description of data are used to achieve the goal. According to the researcher, the humanistic views of a scientist-thinker can become the philosophical basis and powerful force for the spiritual and moral modernization of nowadays Kazakhstanian society.

Keywords: Shakarim Kudaiberdyuly, doctrine of conscience, human existence, philosophical lyrics, anthropological philosophy

1. Кіріспе

Қазіргі қоғам мүшелерінің рухани қайшылықтары мен адасуларына, күйзеліске түсуіне ықпал ететін сыртқы факторлар көп. Адам болмысы да, ол өмір сүріп отырған уақыт та, қоғамдық орта да күрделене түсуде. Осындай күрделі кезеңде Шәкәрімнің «Ар ілімін» ғылыми зердеге салу, қазіргі қоғам мен адам игілігіне жарату бүгінгі гуманитарлық ғылымдардың биік нысанасы деп санаймыз. Өмірдің қайшылықтары мен қоғам дамуының күрделі сипаты адамның өмірден өз орнын таба алмай адасуына, сол себептен өз мүмкіндіктерін толық жүзеге асыра алмауына әкеледі. Жаңа сипатты өзгермелі замандағы Адам болмысының, қоғам келбетінің өзгеруі, ертеңгі өмірдің болжаусыздығы адамды рухани жалғыздыққа душар етеді. Осындай өліара кезеңдерде өмірдің мәні мен қайшылықтарына жауап табуға рухани сұраныс, қоғам мүшелерінің танымдық ізденісі кең өріс алады. Адам болмысы мен өмірінің мәнін біржақты, үстірт түсіну, оған жауапты қазақтың табиғатына жат мәдениеттерден іздеу, өзгеге еліктеу ұлттық бірегейлігімізге қатер төндіреп анық. Сондықтан да өткен заманның ойшылдарына ерекше көңіл бөліп, қоғамның жаңадан пайда болған проблемаларына жауапты дәстүрлі философиядан іздестіру қажет.

Дәстүрлі қазақ философиясы ғасырлар бойы сөз өнері арқылы өрістеп, ерекше көркемдік қисын тапты. Соның бір дәлелі – ақын, аудармашы, философ, ұлы Абайдың немере інісі, әрі ақын шәкірті – Шәкәрімнің мұрасы.

Шәкәрімнің ой-өресі, дүниетаным кеңдігі жағынан сирек кездесетін феномен. Ол – дала даналығының жемісі. Оның қалыптасуына Абай поэзиясы, Шығыс, Батыс философиясы және өзі өмір сүрген заман мен қоғам шындығы ықпал етті. Қазақ топырағында туған Адам болмысы жайлы идеялардың үзіліп қалған сабақтастығын іздеу, толықтыру мен оның рухани бастауларына үңілуде Шәкәрім Құдайбердіұлының философиялық ілімінің қыры мен сырын танудың маңызы зор. Өйткені ойшыл әлемдік философиялық мұраға ден қойып, мол ізденіс жүргізе отырып, қазақ топырағындағы бірегей антропологиялық философия «Ар ілімін» өмірге әкелді.

Адамзатқа ойы ортақ тұлғалардың тағлымы қашан да жұмбақ. Оның сырын шешуге, адамзаттың игілігіне жаратуға талаптанушылар санының қай дәуірде де кемімейтіні сондықтан. Шәкәрімнің «Ар ілімі» – XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басындағы қазақ философиялық ойының шоқтығы, антропологиялық философиясының заңды жалғасы ретінде әрбір жаңа ұрпақтың тың зерттеулеріне арқау бола бермек. Бұл мақалада Шәкәрімнің «Ар ілімі» мен Адам болмысы туралы философиялық пайымы оның бастау алған рухани көздерімен салыстыра талданады. Кемел ақыл, шалқар шабыт иесінің ұлттық жантану философиясын дамытудағы еңбегіне ғалымдар пікірі негізінде баға беруге талпыныс жасалады. Ақынның «Ар ілімі» айшықты жыр тілімен безбенделіп, сыршыл поэзия түрінде сахараны ой бесігінде тербегені, қазақ жырын ойшылдық сана, ерекше түрмен байытқаны сөз болады. Оның артында қалған мол мұрасының қазақ қоғамында ерекше серпіліс туғызып, адамға кемелдену жолын көрсетті.

Абайтанушы М. Мырзахметұлының: «Жантану ілімі саласында Абай дәстүріне сүйене отырып, Шәкәрім бұл күрделі де, терең мәселеге біржолата мән бере қарауы себепті ұзақ жылдар бойы сарыла іздену жолына түсті... Жантану іліміне Абайдың ақын шәкірттерінің арасынан Шәкәрім ғана жеке-дара Абай дәстүріне айналған философиялық лириканы дамыту, жаңарту жолына бет бұрды», (Мырзахметұлы, 2008: 59) – деген пікіріне ден қоямыз. Абайдан кейінгі дәуірдегі қазақ философиясын тың идеяларымен дамытып, өзгеше үн, айшықты тілмен өрістеткен бірегей ақынның философиялық лирикасы – көркемдік-эстетикалық, діни-теологиялық, әлеуметтік-тарихи мәнге ие күрделі көркемдік құбылыс. Ол сөз еткен философиялық ұғымдар мен тұжырымдар жаңа заманның келуімен түрленіп, бұрынғыдан да тереңдеп, тың мағына иеленіп, тамырланып барады.

Ұлттық рухтың жанартаудай алапат қуатынан нәр алған ойшылдың философиялық лирикасында өзін-өзі іздеуге және тануға, іштей түлеу мен өсуге бейім бірегей Адам тұжырымдамасы дами түседі. Сол себепті де ақынның философиялық лирикасын «Үш анық», «Мұтылғанның өмірі» сынды күрделі туындыларынан, күллі шығармашылығынан бөліп-жармай, жанрларға жіліктемей, бір-бірімен өзектес, үзілмейтін арналы ой жүйесі ретінде тұтас қарастыру қажет. Ақынды толғандырған «Адам болмысы деген не? Оның өмірін қалай түзеуге болады? Адам қайткенде тату тұра алады?» - деген нақты сұрақтардың төңірегіне топтастыра қараған жөн.

Бұл сұрақтарға ақын шарқ ұра жауап іздеп, өзіне дейінгі әлеуметтік-қоғамдық теорияларды ақыл таразысына салып, тіпті «Айқапта» оқығандарға сауал да жолдайды. Өз ізденістерінің соңында адамзаттың рухани қалпын, оның тұрмысы да, мәдениеті де, әдебиеті де түзеуге қауқарсыз, оны түзету үшін адамның жанына азық болатын, тура жолдан адастырмайтын рухани ілім, «Ар ілімі» қажеттігіне тоқтайды.

Шәкәрімнің «Ар» ілімін терең талдай отырып, оның негізгі ұстанымдарын ұлттың рухани-адамгершілік болмысын жаңғырту үшін практикалық тұрғыдан пайдалану, сол арқылы ұлттық бірегейлігімізді сақтап қалу – әдебиеттану, философия, психология, әлеуметтану ғылымдарының тоғысындағы маңызды ғылыми міндеттердің бірі. Біз өз мақаламызда «Ар ілімін» құрайтын негізгі тұжырымдар мен ақынның философиялық лирикасындағы Адам болмысы туралы сыншыл идеяларын талдауды мақсат етіп қойдық.

Бұл мақсатқа жету үшін Шәкәрімнің «Үш анық», «Мұтылғанның өмірі» туындылары мен философиялық лирикасын Әл-Фараби трактаттары, Қожа Ахмет Ясауи хикметтері, Абай Құнанбайұлының философиялық ойларымен сабақтастықта қарастыру, Шәкәрім шығармашылығын зерттеген М. Әуезов, Қ. Мұхаметханов, Ғ. Есім, М. Мырзахметұлы, М. Мағауин, Б. Әбдіғазиев т.б. ғылыми тұжырымдарына шолу жасау міндеттерін орындауды көздедік.

2. Зерттеу әдістері мен материалдар

2.1 Зерттеу әдістері

Шәкәрімнің «Ар» ілімі мен Адам болмысы туралы философиялық танымын сөз еткенде ақынның әр жылдары жарық көрген шығармалар жинағына, «Үш анық», «Мұсылмандық шарттары» еңбектеріне жүгіндік.

Зерттеудің негізгі теориялық (әдіснамалық) тәсілі – ақын шығармаларын Әл-Фарабидің трактаттары, Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани Хикметі» мен Абай туындыларын Шәкәрім шығармаларымен салыстыра талдау болды.

Зерттеу мәселесіне байланысты жоғарыда аталған ғалымдардың теориялық еңбектеріне шолу, олардың «Ар ілімінің» негізгі тұжырымдары мен ақынның философиялық лирикасына қатысты текстологиялық сипаттамаларын, туындыларының қоғамдық-әлеуметтік астарына қатысты түсіндірмелерін жинақтау және ақынның өз шығармаларындағы идеяларды салыстыра талдау, сипаттау әдістерін қолдандық.

2.2 Материалға сипаттама

Шәкәрім Құдайбердіұлының шығармашылығы сыншылар мен ғалымдар назарын өзіне ерте аударғанымен, «Ар» ілімі мен Адам болмысы туралы философиялық лирикасын зерттеу кешеуілдеп қолға алынды. Оған себеп Кеңес дәуіріндегі саяси-идеологиялық қысым, ғылыми танымның тұрпайы социологизммен, дінсіз көзқарастармен бұғаулануы болғаны белгілі.

Ой еркіндігі мүмкін болмаған заманда Шәкәрімнің дүниетанымы мен Адам болмысы пәлсапасын тануға амалын тауып, дұрыс бағыт сілтеген ғалым М.О. Әуезов болды. Академик-жазушы «Абай ақындығының айналасы» мақаласында Шәкәрімді Абайдың толық мағынадағы шәкірті деп атай отырып, оның өлеңдерінің ішкі мәніндегі Абай поэзиясымен үндестікті көрсетті (Әуезов, 1985: 325). Ғалымның осы

мақаласындағы пікірлері – Шәкәрімнің пәлсапасын зерттеуге талпынушылар үшін бүгінгі күні де адастырмайтын темірқазық болып келеді.

Шәкәрім қажы жөнсіз жалаға, жолсыз жазаға ұшырағаннан кейінгі кезеңдерде, М. Әуезовтің шәкірті, ғалым Қ.Мұхаметхановтың «Абайдың ақындық мектебі» концепциясы жоққа шығарылғанда философ-ақын туралы қандай да бір зерттеуге барудың жолы кесілгені белгілі.

Ақын есімі ақталып, мол мұрасы туған халқымен қайта қауышқан сәттен бастап, оның дүниетанымы мен философиялық көзқарастарын, «Ар» ілімін зерттеу ісі кең арнаға түсті. Бұл ретте, әдебиеттану, философия, тіл білімі, мәдениеттану саласындағы іргелі зерттеулер мен мақалалар авторлары Қ. Мұхаметханұлы, М. Мырзахметұлы, Ғ. Есім, Т. Жұртбай, М. Мағауин, Б. Әбдіғазиев, Ә. Нысанбаев, Д. Омаров, Е. Садықов, Т. Шаңбай т.б. еңбектерінің ғылыми маңызы зор. Әсіресе, философ-ғалым Ғ. Есімнің Шәкәрімнің «Ар» іліміне жасаған терең талдаулары ұлттық антропологиялық философия ғылымымен қатар әдебиеттану үшін үлкен жаңалық болды. Сондай-ақ, Шәкәрім Кұдайбердіұлы философиясындағы адам мәселесін арнайы зерттеген Г. Әбдірасылова (Әбдірасылова, 1996:15) және ойшылдың адам жайлы пәлсапалық ойларын Шығыс философиясындағы кемелденген адам мәселесімен сабақтастықта қарастырған Н.Ж. Байтенова, А.С. Қабылова, А.Қ. Ромашовалардың еңбегінің бұл мәселедегі ғылыми танымымызды кеңейтуге ықпалы зор (Байтенова, Қабылова, Ромашова, 2006: 180-221). Дегенмен Шәкәрім Кұдайбердіұлының «Үш анық», «Мұсылмандық шарттары» еңбектері мен Адам болмысы жайлы толғаған философиялық лирикасы әлі де зерттей түсуді қажет етеді.

Шәкәрім дүниетанымының рухани көздері қазақтың маңдайалды ғалымдарының еңбегіне өзек болып келеді. Осы ретте, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, жазушы Мұхтар Мағауин ақын дүниетанымының арналары жайлы: «Арнайы оқу орнын бітірмесе де, Абайдың басшылығымен және өз бетінше іздену нәтижесінде Шәкәрім сол замандағы қазақ арасындағы – қазақ қана емес, бүкіл Түркістан өлкесіндегі ең ғұлама адамдардың бірі болып шығады. Түрік, араб, парсы тілдерімен қатар орыс тілін де жетік біледі, классикалық шығыс поэзиясын, орыс және Европа әдебиетінің озық үлгілерін терең түсіне оқумен шектелмей, философия мен дін тарихына қатысты еңбектерді де қадағалап отырады», - дейді (Мағауин, 2006: 10). Шын мәнінде, әлемдік өркениеттен шалғайда, қазақ сахарасында туып, өз ізденісімен, ақылының ерен қуатымен адамзатқа ортақ даналық қазынасын игеру, Батыс пен Шығыстың алыптарымен ой жарыстыру – таңқаларлық құбылыс.

Ақынның философиялық ой-тұжырымдары қазақ топырағында туған Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Абайдың гуманистік пайымдарымен үндесіп жатады. Абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлы «Абай және Шығыс» еңбегінде рухани кемелденген тұлға ұғымы жетінші ғасырда бастау алғанын атап көрсетеді. Бұл ұғымның әл-Фарабидің «парасатты адам» пәлсапасына ұласқанын, кейінгі дәуірлерде Қожа Ахмет Ясауи сопылық дүниетаным негізінде хал ілімін қалыптастырғанын дәлелдейді. Аталған рухани бастаулар ХІХ ғасырда ұлы Абайдың «Толық адам» ілімінде ерекше көркемдік таныммен жалғастық тапқанына терең талдаулар арқылы көз жеткізеді (Мырзахметов, 1994: 225). Бұл даналық бұлағынан қанып ішкен Шәкәрім де адамның рухани кемелдену жолдарына тың идеяларын қосады.

Шәкәрімнің «Ар» ілімінің бастау көздерін індетте зерттеген ғалымдар тұжырымына көңіл аударғанда Қожа Ахмет Ясауидің жан мен тән ғылымын ажырата қарауы, одан тереңде Әл-Фарабидің ғылымдарды жіктеудегі ұстанымының ақын дүниетанымының қалыптасуына тегеурінді ықпалы болғанын аңдаймыз. Мәселен, поляк ғалымы Томас Стефанюк «Ерте Ислам философиясындағы Адам: Әл-Кинди және Әл-Фараби» («Man in Early Islamic Philosophy: Al-Kindi and Al-Farabi») атты мақаласында Әл-Фарабидің эпистемиология, гностиология саласынан жазылған «Kitab al-burhan» («Дәлелдер кітабы» немесе «Аристотельге түсіндірме»), «Kitab shara'it alyaqin» («Сенімділік шарттары»), «Kitab al-siyasa al-madaniyuu» («Саясат мәдениеті туралы кітап»), «Mabadi' ara' ahl al-madinah al-fadilah» («Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары») және «Risalah fi al-'aql» («Ақыл туралы трактат») еңбектеріне талдау жасай келе, көне заман ойшылының «Адам – таным объектісі» деген тұжырымына тоқталады. Әл-Фарабидің Адам болмысын таным объектісі ретінде қарай отырып, ізгілікті төрт түрге жіктеп (теориялық, рефлексиялық, моральдық, және саяси), білімді игеру арқылы адам теориялық және рефлексиялық ізгілікке қол жеткізетінін айтады. Білімнің шыңы – Түп иені тану деген Әл-Фараби тұжырымын алдыға тартады. Сондай-ақ, Әл-Фарабидің дүниетанымы ислам философиясының аясынан шығып, Аристотель, Платон, басқа да грек ойшылдарының танымына жақындай түскеніне назар аударады (Tomasz Stefaniuk, 2022: 66-83).

Түрк дүниесінің ойшылы Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикметінде» негізделген хал ілімі кемелдікке жету жолы ретінде әлем ғалымдарының қызығушылығын туғызып, жоғары бағалануда. Мәселен, Түркия ғалымы Исмаил Білгілі (Bilgili, İsmail) «Диуани-хикметтің» адамның моральдық кемелденуіне бағытталған, моральдық қағидаларға негізделген мистикалық туынды екенін айтады (Bilgili, İsmail, 2019: 33-56). Келесі бір түрк ғалымы «Диуани хикмет» дастанындағы рухани құндылықтар «Құран» мен хадистерден бастау алатынын талдаулар арқылы дәлелдейді. Ясауидің Адамның кемелденуі үшін ғылымның ерекше маңызын атап көрсеткеніне тоқталады. Хикметтердегі рухани құндылықтар жүйесіне статистикалық талдаулар жасай келе, ойшыл негіздеген құндылықтарды білім беру бағдарламаларына енгізіп, практикалық тұрғыдан пайдаланудың жолдарын ұсынады (Nafize er Türküresin, 2021: 267-284). Аталған мақалада талданған Ясауи жырлаған әділдік, адалдық, мейірімділік, қарапайымдылық, сабырлылық сынды рухани құндылықтар Шәкәрімде де молынан сөз болатыны ден қойдырады.

Зерттеуші А. Балтабаеваның: «Ясауи туындыларындағы адамның ішкі рухани әлемімен тікелей айналысатын жан ғалымы және сыртқы ғылым салаларымен шұғылданатын тән ғалымы туралы тосын танымының шығу төркініне назар аударар болсақ, бұл танымдардың түп-төркіні әл-Фараби қалыптастырған ғылымды классификациялаудың негізіне соғатыны анық байқалады. Қожа Ахмет Ясауи шығармаларында ұшырасатын осы жайлы пікір ұшқыны:

Ілім екеудүр: жан мен тәнге басшы тұрар,

Жан ғалымы хазіретіне жақын тұрар...

Тән ғалымы залымдарға ұқсар-ерміс, – деген өлең жолдарында ұшырасатын жан ғалымы, тән ғалымы деп аталатын теологиялық және философиялық мағынадағы

терминдік мәні бар сөздердің орын алуы кімді болса да ойландырғандай», - деген пікірімен толық келісеміз (Балтабаева, 2020: 21).

Қазақ топырағындағы адамгершілік ілімінің тарихы жайлы тың ізденістерден «Абай Құнанбаев шығармаларындағы ұлттық мінездің метафоралық концепциясы» (Orynkhanova, Nurlanova, Sabyrbaeva, Amankulova, Tolegenov, 2020), «Қазақ даласындағы әдеби аудармалардың алғашқы білім беру бағыттары мен мәселелері» (Daurenbekova, Zhumatayeva, Kartayeva, Bekenova, Nurlanova, 2024: 12) ғылыми мақаларындағы тұжырымдар басшылыққа алынды.

Түйіндей айтқанда, мақалаға негіз болған ғылыми материалдар Шәкәрім Құдайбердіұлының «Ар ілімін», Адам болмысы туралы пәлсапалық пайымын түсіну және түсіндіру барысында Абайдың «Толық адам» ілімі мен Әл-Фарабидің трактаттары, сопылық әдебиетке тән таным-түсініктер мен Қожа Ахмет Ясауидің Хал ілімін назарға алу қажеттігіне көз жеткізеді. Шәкәрімнің «Үш анық» трактаты, «Мұсылмандық шарттары», «Мұтылғанның өмірі» және философиялық лирикасын аталған дүниетанымдық арналармен сабақтастықта қарау – философтың бұл мәселені тың идеялармен толықтырып, жаңа өріске шығарудағы табысын бағалауға мүмкіндік береді.

3. Талқылау

Шәкәрімнің қоғамды түзету үшін алдымен Адамды түзеу қажеттігі туралы асыл ойлары бүгінгі күні өзектілігін жойған жоқ. Өйткені, қазір адам болмысы қай замандағыдан да күрделі, қайшылықтарға толы болып отыр. Кез келген қоғамның сапалық жаңалығы, жетістіктері сол қоғамдағы әрбір тұлғаның имандылық, адамшылық деңгейімен өлшенуі заңды. Сондықтан қазіргі қазақстандық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар үшін Шәкәрім талқылауындағы Адам болмысын індетте зерттеп, оның идеяларын заман талаптарына сай өзектендіре, жаңғырта пайдалану қажет деп санаймыз.

Уақыт ағымына орай, бүгінгі оқырманның әдеби тілді қолдану мүмкіндігі, көркем мәтінді қабылдау қабілеті, әсерлену, тұшыну, елестету қуаты, жеке сөздерді түсіну дәрежесі де мүлдем өзгеріп барады. Қазіргі оқырманның ақын қолданысындағы күрделі ұғымдарды, образды сөздер мен тіркестерді түсіну үшін текстологиялық тәпсірлеу керек. Бұл ретте Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармаларының текстологиялық мәселелерін пәнаралық байланыстар аясында зерделеу мен ақын шығармаларының академиялық жинағын шығару қажеттігі туралы Б.Т. Мырзақұлов, А.О. Ақжігітовалардың айтқан пікірі өте орынды (Мырзақұлов, Ақжігітова, 2024). Шәкәрімнің «Ар ілімінің» ұғымдық аясының кеңдігі мен күрделілігі, ақын қолданған теологиялық, философиялық, психологиялық, әлеуметтік құбылыстардың тереңдігі бұл бағыттағы нақты ізденістерді қажет етеді. Мәселен, қазақтың дәстүрлі ұғымында «Ар» дегеніміз – рухани тазалық, жанның кірсіздігі. Шәкәрім осы дәстүрлі ұғымның аясын Адам болмысын Жаратушымен байланыста қарап, оған қатысты күрделі категориялар мен ұғымдарды поэзия тілімен терең тәпсірлей келітеді. Қаламгер:

«Тәңірің – таза,

Болып бақ, сен де кірсіз», – деп өсиет айтады.

Ақынның бұл идеясы Әл-Фарабидің «Ғылым шыңы – Түп иені тану» деген тұжырымына жақын келеді. Шәкәрімнің «Ар» ілімі мен жантану саласындағы ізденістері де түпиені танумен сабақтасып жатыр.

«Үш анық» еңбегінде ақын түсіндіретін күрделі философиялық ұғым – Ұждан. «Адам, – дейді Шәкәрім, – ақиқатты бас көзімен көрмейді, ақыл көзімен көреді. Өлімнен соң бір түрлі тіршілік бар. Екі өмірге де керекті іс – ұждан. Ұждан дегеніміз – ынсап, әділет, мейірім». Ал, бұл не нәрсе деген сұраққа Шәкәрім «жанның азығы» деп жауап береді (Шәкәрім, 2008: 115). Демек, ұжданды адамның бойында ынсап, әділет, мейірім тәрізді қасиеттер жарасым тауып, жанын қуаттандырады. Ал «жан азығын» табу адамның өзіне байланысты болмақ. Осы орайда философ-ғалым Ғарифолла Есімнің: «Шәкәрім рухани патшалықты, өмір мәнін адамның өзінен іздейді және табады. Қозғалыс сыртқа емес, субъектің өз ішіне бағытталады. Не табиғаттағы эволюция не тарихи немесе элеуметтік прогресс адамшылдықтың кепілі бола алмайды. Тек қана ұждан! Шәкәрім діндар емес. «Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты» - дегенде де ең алдымен ислам дінін имандылық тәрбиесінің басты элементі деп бағалады» (Есім, 2006: 440), – дейді. Ғалым тұжырымына сүйенсек, Шәкәрім пайымында адамның арлы болуы оның Жаратушы иесіне, Аллаға ұқсауында, мұсылмандықтың шарттарын сақтауында болмақ. Имандылық тәрбиесі адамның өзін тануы мен Жаратушыны тануы, оған жақындауы арқылы жүзеге аспақ. Ойшылдың «Мұсылмандық шарттарын» жазуының ең үлкен себебі де адамды Жаратушы иесіне жақындату арқылы кемелдендіру талабында жатса керек.

Шәкәрім «Үш анығында»: «Өлген соң жан өміріне нана алмай, ұждан, ар, жан екі өмірге бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған иесінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір заң жолы тазарта алмайды. Егер адам жанының өлген соңғы өмір мен ұждан соның азығы екендігіне әбден нанса, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де, жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты», – деп тұжырымдайды (Шәкәрім, 2008: 6).

Философ «Үш анық», «Мұсылмандық шарттары» еңбектерінде айтылған ойларын «Жаралыс басы – қозғалыс», «Қасыңа қылыш қайратқан», «Табиғат неше түрлі жан жаратты», «Ұждандыны мақтайды тамам адам», «Шымды жерде көресіз қара топырақ», «Күн аязда терезе», «Келді, кетті», «Талап деген бір жүйрік тұлпар сынды», «Тиім біреуге нақақ демесе», «Басында жан мен дене екі басқа», «Баяғыда жас бала едің сен», «Ғылымсыз адам – айуан», «Құмарлық деген бір ит бар» тәрізді өлеңдерінде Адам болмысы хақындағы толғамдарымен жалғастырады.

«Үш анық» еңбегіндегі ұждан жайлы пікірлеріне өлеңдерінде қайта оралып, таратып, толықтырып отырады. Ғұламаның ойынша, «Ұжданды адам» - *ынсап, әділет, мейірім, шыдам, харакет пен шыншылдық иесі:*

«Мейірім», «Ынсап», «Әділет»,
«Шыдам», «Шыншыл», «Харакет»
Түп қазығы: «Ақ ниет».
Бұл жетеуін ел қылу,

Ешкімге зиян тигізбей,
Көптің көңілін күйгізбей,
Сайтанға беттен сүйгізбей,
Жүрегінді нұрмен жу, – дейді ақын (Шәкәрім, 2008: 122).

Философ атап отырған жеті қасиеттің адам бойынан табылып, бекуі, адамның өмірлік ұстанымына айналуы оның өзіне байланысты. Дүниеге адам жақсы не, жаман болып келмейді. Жақсылыққа, арлылыққа ұмтылу арқылы адам өмірдің келбетін өзгертеді, өз тағдырына ғана емес, қоғамның даму сипатына да ықпал ете алады.

Шәкәрім түсіндіруінде Адамның тәні, яғни «сауыты» табиғи жолмен «айуаннан өсіп жаратылса», танымдық, психологиялық қабілеті жанның қуаты арқасында қалыптасады:

Табиғат неше түрлі жан жаратты,
Не үлкен, не кішкентай тән жаратты.
Керексіз, жансыз нәрсе жаратқан жоқ,
Есепсіз қанша мың мен сан жаратты.
Өсімді ең күшті жан адамда тұр,
Алдында жақсы да тұр, жаман да тұр.
Өзгенің бәрі жалғыз адам үшін,
Жаралып орны-орнымен ғалам да тұр (Шәкәрім, 2008: 12).

Ақынның «Жан» туралы пайымы Әл-Фараби, сопылық философия, Қожа Ахмет Ясауидің гуманистік көзқарастарымен үндеседі. Мәселен, Әл-Фараби Аристотельдің «Жан туралы» трактатын түсіндіргенде жанды өсімдік жаны, хайуан жаны, адам жаны деп үшке жіктейді. Шәкәрім өлеңінде де адам жанының табиғаттағы басқа жандардан қуаттылығы туралы пайым айтылады.

Шәкәрімше, Адам – заманды да, қоғамды да түзетуге қабілетті. Ақынның рухани ұстазы Абай да заман адамын тезге салуға ұмтылды. Ақын Абайдан үлгі алып, өз замандастарына, дәуір шындығы туғызған рухани дерттерге сын айтып, қоғамдық құбылыстардың мәнін талдап-түсіндіруді мақсат етті. Д.Омаров «Шәкәрім шыңы» еңбегінде ақынның «Адамды түзету арқылы қоғамды түзету» идеясының шығу төркінін: «Табиғаттың әділет заңын ескермейтін имансыздар, тіпті қарапайым адам ғана емес, мемлекет деңгейінде де адам құқына шек қойып, өз биліктерін жүргізгісі келеді. Осылай қоғам өмірінің үйлесімділігі бұзылып, адамдар зардап шегеді. Шәкәрім осы мәселелердің шешілу жолы – ар түзейтін ғылым табу деп шешеді» (Омаров, 2008, 75), - деп түсіндіреді.

Шәкәрім пенде бойындағы сауатсыздық, салақтық, жалқаулық, мақтаншақтық, араздық пен арамдық, көрсеқызарлық пен күншілдік, надандық сияқты келеңсіз әдеттерді өткір тілмен сынады. Өзін қоршаған қоғамдық ортадағы кемшіліктер мен халықты өрге бастырмас кеселдерді сипаттап, олардың үкімін айтушы да бола білді. Ақын атаған кемшіліктер – шын мәнінде адамның ойы мен санасын топастандырып, рухани дамуына тұсау болар, қоғамды кері кетіретін рухани кембағалдық еді. Осыны

терең сезіне білген ақын «шедірейіп, шекиіп, қасын керіп кекикіп» жүрген сәнқойлар мен ақылын ашуға билеткен ызақорларды, еріншектер мен салақтарды ақылсыз мақұлыққа теңейді. Ондай пенделерге ақынның қарсы қоятын кемелдікке жеткен тұлғасы – «арлы азамат». Шәкәрімнің арлы азаматы – жақсы мен жаманды ажырата білетін, сөзі де ісі де тұзу, әділдік жолын ұстанатын, намысты азамат. Ол заман талабын, әлеуметтік қажеттілікті сезінуші, еңбекшіл кәсіпкер, рухани қазығы мықты, ішкі дүниесі біртұтас әрі азат, өмір жолын өзі таңдап, тағдырын өзі жасаушы, әділет, ынсап, мейірім иесі, жамандыққа жол бермес білімқұмар тұлға.

Ақынның бұл көзқарасы өзінің рухани ұстазы Абаймен үндесіп келеді. Абай адамды рухани кемелдендіретін құндылықтар мен жалған өмірдің қажеттіліктерінің айырмасын көрсетеді. Жақсылыққа ұмтылған адамның болашағы жарқын болмақ. Әрбір адам ақылын, зияткерлік қуатын махаббатпен байланыстыра отырып пайдалы іске жұмсағанда ғана кемелдікке жетпек. Ұлы ойшылдың пайымдауынша, әрбір адам өз дарыны, қабілетін барынша дамытуға тырысуы және ол жолда қажымай, талмай еңбек етуі, қиындыққа шыдамдылық танытуы қажет.

Шәкәрімше, рух бостандығына жету үшін: еңбек, өнер, жалпы білім, ар білімі қажет. Тек соңғысы ғана қарым-қастынастағы, іс-әрекеттегі қажетті және мөлшерді көңіл көзімен көріп, берік ұстануға үйретпек. Осылайша, Шәкәрім адамның құндылығы, әлеуметтік орны оның моральдық белсенділігі мен дүниені өзгертуші күшінде деп біледі. Ал оған тек білім арқылы, өзін-өзі тану арқылы жетуге болады деп қорытындылайды. Адамның түзелуі адам құқығының сақталуына, әділ биліктің орнығуына, қоғамның ізгіленуіне қол жеткізеді.

Ақынның өткір тіл, ұшқыр қаламына замандастарының бойындағы қисық-қыңыр мінездер, сауатсыздық, салақтық, жалқаулық, мақтаншақтық, араздық пен арамдық, көрсеқырлық пен күншілдік, надандық сияқты келеңсіз әдеттер жиі ілігеді. Шәкәрім сөз еткен адам болмысындағы кемшіліктер – адамның жүрегін кірлетіп, ойы мен санасын топастандырып, рухани дамуына тұсау боларлық кертартпа қасиеттер. Ақын өз шығармаларында пендешілікті, көре алмаушылықты көп сынайды, адамдарды сондай қасиеттерден сақтандырады. Мәселен, «Шын бақ қайсы? Күншіл кім?» өлеңінде:

Жарқанат жек көреді күннің нұрын,
Күншінің ұқсатамын соған түрін.
Өзге жанға біткенін ұнатпайды,
Өлгі айтылған бақтардың бірде-бірін.
Өзімшілдің іші – тар, ойы – шартық,
Ала алмас ол біреудің бағын тартып.
Күндеймін деп күн нұры жоғалғанша,
Мың жарқанат соқыр болып қалғаны артық (Шәкәрім, 2008; 215).

Өмірде бақ деп айтуға болатын үш-нәрсе бар дейді, ол кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек. Бұл үшеуі бір адамның басына қонса, оны көре алмайтын өзімшіл, күншілдер пайда болады. Сол күншілді ақын жарқанатқа балайды. Жарқанат күннің жүзін жек

көреді, сол сияқты күншіл адамдар, ақылды, білімді адамдардың жарыққа шығуын көре алмайды. Бірақ, ақын түптің түбінде кірсіз ақыл, мінсіз сөз, адал еңбек жеңіп шығады дейді.

Ақын аллегориялық сипаттағы өлеңдерінде екі нәрсені қатар алып, жалпы адам мінезіндегі жағымсыз әрекеттерді бейнелі түрде береді:

Жалын кетіп, аздан соң шоқ болды құр,
Отын бітті, үрсем де жана алмай тұр.
Жалынды оттай жайнаған, қайран өмір
Шоқ сөнген соң қап-қара болды көмір (Шәкәрім, 2008; 121).

Қаламгер поэзиясында адамдыққа кереғар ұғым надандық әр қырынан суреттеледі. Надандықтың басы – сауатсыз болу дей келе, одан құтылудың жолын нұсқайды. Енді бір тұста Шәкәрім сыншыл реализм әдісімен ел жағдайын жырлайды. Елдің жайы ақынға мәлім:

Шәкәрім жас өскіндерді ойсыздықтан, ақылсыздықтан, талапсыздықтан, көрсеқызар құмарлықтан аулақтауға шақырады.

«Ғылымсыз адам – айуан» атты өлеңінде:
Ғылымсыз адам – айуан,
Не қылсаң да, ғылым біл.
Ғылымға да керек жан,
Ақылсыз болса, ғылым тұл.
Ақылға еркін ой керек,

Матаудан ойды азат қыл (Шәкәрім, 2008; 273), – деп барлық істің бастауы жан қуатында екенін айта келе, ғылым мен тіл үйренуге, өз ортасын құрметтеуге, өзгелердің пікірімен санаса білуге шақырады. Бұл арада кейіптеудің ерекше түрін пайдалана отырып, «матаулы ой» деген ұғымға назар аудартады. Жалпы түсінікте ой еркін, оның шегі жоқ деген ұғымды білсек, Шәкәрімде ол ой матаулы, байлаулы, еріксіз ой. Ойдың құлдыққа түсуі, адамның мәңгірттенумен тең.

Суреткер «Адамшылық», «Адамнан артық жәндік жаралмаған», «Адам немене?» деген өлеңдерінде Адам болмысын талқылауға қайта айналып келеді.

Ғұлама ойшылдың «Ар ілімі» Адам болмысын терең түсіндіріп, өмір мәнін ұғынуға жол сілтейтіндіктен әрбір адамның күнделікті өмірінде пайдаланып, іс-әрекетіне басшылық етуі арқылы рухани кемелденуіне жол ашады. Сондықтан қазіргі рухани тапшылық белең алған заманда Шәкәрімнің «Ар» ілімінің салмағы арта түспек.

4. Зерттеу нәтижесі

Зерттеу барысында Шәкәрімнің «Үш анық», «Мұтылғанның өмірі» туындылары және философиялық лирикасында негізделген «Ар» ілімі талданды.

Шәкәрім дүниетанымының рухани бастаулары Әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Абайдың туындыларындағы гуманистік идеялардың, философиялық тұжырымдардың үндестігіне көз жеткізілді. Ақынның философиялық лирикасы

қазақ жырын ойшылдық сана, тақырыптық-мазмұндық жағынан байытып, Адам болымысы туралы танымды тереңдеткені дәлелденді.

Шәкәрімнің «Ар» ілімінің негізгі ұстанымдары қазақ халқының рухани-адамгершілік болмысын жаңғыртудағы практикалық маңызы атап көрсетілді.

5. Қорытынды

«Ар» ілімі – Шәкәрім Құдайбердіұлының зор ізденісінен туған рухани жетілу туралы бірегей ілім. Бұл ілімге барар жолында пәлсапашы ақын төл халқының даналық қазынасына, Абай мұрасына, Шығыс пен Батыстың философиялық іліміне ден қойды. Оларға терең талдау жасайды. Нәтижесінде адам баласын тура жолдан адастырмай, бақытқа жетелейтін, рухани жетілдіретін ізгілік тұнған ілімін қалыптастырды. Бұл ізгілікті ілімді талдап, түсіндіру – аса күрделі іс. Оны бір ғылымның аясында қарастыру мүмкін емес. Бүгінгі күні ақынның философиялық лирикасындағы Адам болмысы туралы көркемдік ойлары мен «Ар ілімін» қоғамды ізгілендіру жолындағы тәрбие құралы ретінде пайдалану үшін философия, әдебиеттану, теология, педагогика, психология, әлеуметтану салаларының кешенді зерттеулері қажет.

Шәкәрімнің ойынша, пенденің рухани адасулары мен қайшылықтары оның түп иесін танымаудан, Адам болмысы мен өмірінің мәнін жетік білмегендіктен орын алады. Ақын пайымында Адамның кемелденуі, бақытқа жетуі үшін алдымен жанды, соңынан түп иені танымақ керек. Ғылым іздемек ләзім. Жаратушысын таныған адамның бойында ынсап, әділет, мейірім, шыдам, характер, шыншылдық тәрізді құндылықтар орнайды. Осы асыл қасиеттерді игеру, өз бойын түзеу Адамның өз қолында. Аталған құндылықтар Адам бойынан үйлесім тауып, ғылым игерер болса, Адам өзін де, дүние дидарын да өзгерте алады.

Әдебиеттер:

1. Әбдірасылова Г. Шәкәрім Құдайбердіұлының философиясындағы адам мәселесі. Автореферат. – Алматы, 1996. – 15 б.
2. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 20 т. – 496 б.
3. Байтенова Н.Ж., Қабылова А.С., Ромашева А.Қ. Шығыс философиясындағы кемелденген адам мәселесі // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 19-том. – Астана: «Аударма» баспасы, 2006. – 536 б.
4. Балтабаева А.Ю. Қожа Ахмет Ясауи философиясындағы рух мәселесінің қарастырылуы // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2020. – No1 (115). – 21-31 бб.
5. Bilgili İ. (2019). *Türkistan'da İlmihâl Kültürünün İlk Örneği Ahmed-i Yesevî'nin Divân-ı Hikmet'indeki İbâdet İlkeleri*. FSM İlmî Araştırmalar İnsan ve Toplum Bilimleri Dergisi 13, 33-56. <https://doi.org/10.16947/fsmia.582341>
6. Daurenbekova L.N., Kartayeva A.M., Zhumatayeva Z.N., Bekenova G.Sh., Nurlanova A.N. (2024) The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe // *Edição de Fluxo Continuo*. v. 44 n. 1, <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583>
7. Есім Ф. Адам-Зат // Қазақ халқының философиялық мұрасы. 19-том. – Астана: «Аударма» баспасы, 2006. – 536 б.
8. Мағауин М. Ақын, тарихшы, философ // Шәкәрімтану мәселелері. – Семей-Новосибирск: «Талер-Пресс», 2006. – 440 б.
9. Мырзақұлов Б.Т., Ақжігітова А.О. Шәкәрім Құдайбердіұлы шежіресінің текстологиялық мәселелері // *"Keruen"* 81 (4) 2023. – 235-243 бб. <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583>
10. Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б.

11. Мырзахметұлы М. Алыптар армандаған Ар ғылымы // Шәкәрім Құдайбердіұлының 150 жылдық мерейтойына арналған «Шәкәрім шығармашылығы қазақ және әлем мәдениеті контексінде» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Семей, 2008. – 354 б.

12. Омаров Д. Шәкәрім шыңы. – Алматы, 2008. – 224 б.

13. Orynkhanova G., Nurlanova A., Sabyrbaeva R., Amankulova L., Tolegenov T. (2020) The metaphoric conception of national character in Abay Kunanbayev's works // Opción. 36 (91). pp. 622-638. <http://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/31871>

14. Stefaniuk Tomasz. (2022) Man in Early Islamic Philosophy: Al-Kindi and Al-Farabi // Ruch Filozoficzny. 78(3). pp. 65-84. DOI: <http://dx.doi.org/10.12775/RF.2022.023>

15. Hafize er Türküresin. Pir-i Türkistan Hoca Ahmed Yesevî ve Divan-i hikmet'te bulunan değerler // Turkish culture and haci bektash ve research quarterly, 2021. pp. 267-284. <https://dx.doi.org/10.34189/hbv.99.011>

16. Шәкәрім. Екі томдық шығармалар жинағы. 2-том. – Алматы: «Ел-Шежіре», 2008. – 480 б.

17. Шәкәрім. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: «Ел-Шежіре», 2008. – 480 б.

References:

1. Abdirasyllova G. (1996) Man in the philosophy of Shakarim Kudaiberdiuly. Abstract. – Almaty. – 15 p. (in Kaz).

2. Auezov M. (1985) Collection of works in twenty volumes. – Almaty: Zhazushy. – 20 Vol. – 496 p. (in Kaz).

3. Bajtenova N.Zh., Qabylova A.S., Romasheva A.Q. (2006) The problem of a mature person in Eastern philosophy // Philosophical heritage of the Kazakh people. Volume 19. – Astana: Publishing house «Audarma». – 53p. (in Kaz).

4. Baltabaeva A. (2020) Consideration of the problem of spirit in the philosophy of Khoja Ahmed Yasawi // Bulletin of Yassawi University. No 1 (115). pp. 21-31. (in Kaz).

5. Bilgili İ. (2019) The First Example of Catechetical Culture in Turkestan is the Principles of Worship in the Divan-ı Hikmet of Ahmed-ı Yesevi. FSM Scientific Research Journal of Human and Social Sciences 13, - pp. 33-56. (in Turk).

6. Daurenbekova L.N., Kartayeva A.M., Zhumatayeva Z.N., Bekenova G.Sh., Nurlanova A.N. (2024) The first educational directions and issues of literary translation in the Kazakh steppe // Edição de Fluxo Contínuo. v. 44 n. 1, <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583> (in Eng).

7. Hafize er Turkuresin. (2021) Pir-i Turkistan Hodja Ahmed Yesevi and the values found in the «Divan-i hikmet» // Turkish culture and Haci bektash and research quarterly. pp. 267-284. (in Turk)

8. Magauin M. (2006) Poet, historian, philosopher // Problems of Shakarimology. – Semey-Novosibirsk: «Thaler-Press». – 440 p. (in Kaz).

9. Myrzaqulov B.T., Aqzhigitova A.O. (2023) Textological problems of the Chronicle of Shakarim Kudaiberdiuly // *The Scientific Journal* «Keruen» 81 (4). pp. 235-243. <https://doi.org/10.5007/2175-7968.2024.e95583> (in Kaz).

10. Myrzahmetuly M (2008). The teaching of conscience, dreamed by giants // Materials of the international scientific and practical conference «Shakarim creativity in the context of Kazakh and world culture», dedicated to the 150th anniversary of Shakarim Kudaiberdiuly. – Semey. – 354 p. (in Kaz).

11. Myrzahmetuly M. (1994) Abai and the East. – Almaty: Qazaqstan, 1994. – 208p. (In Kazakh).

12. Omarov D. (2008) Shakarim's peak. – Almaty. – 224 p. (in Kaz).

13. Orynkhanova G., Nurlanova A., Sabyrbaeva R., Amankulova L., Tolegenov T. (2020) The metaphoric conception of national character in Abay Kunanbayev's works // Opción, 2020. 36 (91). pp. 622-638. <http://produccioncientificaluz.org/index.php/opcion/article/view/31871>(in Eng).

14. Stefaniuk Tomasz. (2022) Man in Early Islamic Philosophy: Al-Kindi and Al-Farabi // Ruch Filozoficzny. 78(3). pp. 65-84 DOI: <http://dx.doi.org/10.12775/RF.2022.023> (in Eng).

15. Shakarim. (2008) Collection of works in two volumes. Volume 2. – Almaty: «Yel-Shezhire». – 480 p. (in Kaz).

16. Shakarim. (2008) Collection of works in two volumes. Volume 1. – Almaty: «Yel-Shezhire». – 480 p. (in Kaz).

17. Yessim G. (2006) Humanity // Philosophical heritage of the Kazakh people. Volume 19. – Astana: Publishing house “Audarma”. – 536 p. (in Kaz).

B.K. Olzhabayev^{1*}, O. Soylemez²

¹*K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan*

²*Kastamanu University, Kastamanu, Turkey*

E-mail: ¹olzhabayev.beka@mail.ru, ²soylemezo@yahoo.com

ORCID: 0000-0001-7749-5417, 10000-0001-8382-3173

THE CONCEPT AND CONCEPTUAL FIELD OF “HOMELAND” IN KAZAKH FOLKLORE

Abstract. The article reveals the theoretical meaning of the concept and gives the definition of the conceptual field for a comprehensive analysis of the topic concept and conceptual field of homeland in Kazakh folklore. Also, the meaning of the concept of homeland in Kazakh knowledge was determined, the concept and conceptual field “homeland” in works of Kazakh folklore were considered. To consider the concept of “homeland” in Kazakh knowledge, which has become the core of our research work based on the heritage of folklore, we turn to the rich heritage of Kazakh people’s culture. The main core of any culture is language, revealing the essence and content of word concepts in the Kazakh language is the main problem of today. For this reason, the relevance of the topic requires the consideration of Kazakh folklore, which includes the cultural code of our people, to analyze the concept of Motherland in Kazakh knowledge and its conceptual field. The purpose of the study is to determine the peculiarity of the concept “homeland” reflected in Kazakh folklore, value attribute deeply reflected in the concept “homeland”. The objectives of the study are to examine the meaning of the concept of homeland in Kazakh knowledge, to consider the concept of native land in Kazakh folklore works and to determine the conceptual field of the concept “homeland”. For the Kazakh people, the concept of homeland is synonymous with the symbol of unlimited power in the people’s understanding. From the conceptual field of the concept of the homeland, we understand the heroism, courage, freedom-loving, free nature of the Kazakh people and the character of the people who lived in prosperity and abundance. The results of the work can be used for research work of students in the humanitarian direction.

Keywords: concept, conceptual field, homeland, Kazakh folklore, heroic epics.

Б.К. Олжабаев^{1*}, О. Сойлемез²

¹*Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова, Актобе, Казахстан*

²*Университет Кастамону, Кастамону, Турция*

E-mail: ¹olzhabayev.beka@mail.ru, ²soylemezo@yahoo.com

ORCID: 0000-0001-7749-5417, 10000-0001-8382-3173

Концепт и концептуальное поле «Родная земля» в казахском фольклоре

Аннотация. В статье раскрыто теоретическое значение понятия концепт и дано определение концептуального поля для комплексного анализа концепта «родная земля» и концептуального поля в казахском фольклоре. При этом определено значение концепта родина в казахском познании, рассмотрен концепт и концептуальное поле «родная земля» в казахских фольклорных произведениях. Для того чтобы рассмотреть понятие «родная земля» в казахском познании, ставшее стержнем нашей исследовательской работы, мы обратимся к богатому наследию культуры казахского народа. Если говорить о том, что язык является основой любой культуры, то главная проблема сегодняшнего дня состоит в том, чтобы раскрыть значение и содержание словесных понятий в казахском языке. По этой причине актуальность темы

требует рассмотрения казахского фольклора, включающего в себя культурный код нашего народа, для анализа концепта «родная земля» в казахском познании и его концептуального поля. Цель исследования - определить особую черту концепта «родная земля», отраженную в казахском фольклоре, ценностную черту, глубоко отраженную в данном концепте. Научно-исследовательские задачи: изучить значение концепта «родная земля» в казахском познании; рассмотреть концепт «родная земля» в казахских фольклорных произведениях; определить понятийное поле концепта «родная земля». Для казахского народа понятие «родная земля» является синонимом символа безграничной мощи в народном понимании. Под концептуальным полем концепта «родная земля» мы понимаем героизм, отвагу, свободолюбивый, свободный характер казахского народа и характер народа, жившего в достатке. Результаты работы могут быть использованы для научно-исследовательской работы студентов гуманитарного направления.

Ключевые слова: концепт, концептуальное поле, родная земля, казахский фольклор, героические эпосы.

Б.К. Олжабаев^{1*}, О. Сойлемез²

¹Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан

²Кастамону университеті, Кастамону, Түркия

E-mail: ¹olzhabaev.beka@mail.ru, ²soylemezo@yahoo.com

ORCID: 0000-0001-7749-5417, 10000-0001-8382-3173

Қазақ фольклорындағы «Туған жер» концепті және концептілік өрісі

Аңдатпа. Мақалада қазақ фольклорындағы туған жер концепті және концептілік өрісі тақырыбын жан-жақты талдау үшін концепт ұғымының теориялық мәні ашылып, концептілік өрістің анықтамасы берілді. Сонымен қатар туған жер концептісінің қазақ танымындағы мән-маңызы анықталып, қазақ фольклор еңбектеріндегі «туған жер» концептісі мен концептілік өрісі қарастырылды. Зерттеу жұмысымыздың өзегіне айналған қазақ танымындағы «туған жер» концептісін фольклор мұраларына сүйене отырып қарастыру үшін қазақ халқының бай мұралы мәдениетіне көз жүгіртеміз. Кез келген мәдениеттің негізгі діңгегі – тіл десек, қазақ тіліндегі сөз ұғымдарының мәні мен мазмұнын ашу бүгінгі күннің басты мәселесі болып саналады. Сол себептен де, тақырыптың өзектілігі қазақ танымындағы туған жер концепті мен оның концептілік өрісін талдау үшін ұлтымыздың мәдени кодын қамтитын қазақ фольклорын қарастыру мәселесін талап етеді. Зерттеудің мақсаты «туған жер» концептісінің қазақ фольклорындағы көрініс табатын ерекшелігін, «туған жер» концептісімен терең көрінетін құнды қасиетін айқындау. Зерттеу міндеттері: туған жер концептінің қазақ танымындағы мән-маңызын зерделеу; қазақ фольклор еңбектеріндегі туған жер концептін қарастыру; «Туған жер» концептісінің концептуалдық өрісін анықтау. Қазақ халқы үшін туған жер концептісі халық түсінігіндегі шексіз құдіреттің белгісімен пара-пар. Туған жер концептінің концептуалдық өрісінен қазақ халқының батырлық, ерлік, азаттық сүйгіш, еркін болмысы мен халықтың бай-бақуатты, береке мен молшылықта құмыр кешкен сипатын аңғарамыз. Жұмыс қорытындыларын гуманитарлық бағытта білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына пайдалануға болады.

Кілт сөздер: концепт, концептілік өріс, туған жер, қазақ фольклоры, батырлық дастандар.

1. Introduction

In modern linguistics the term “concept” is one of the main concepts considered in the direction of linguocognitive, cultural studies. In the science of modern linguistics there is a great interest in the study of conceptual concepts relevant to modern society. One of the effective ways to systematize and describe lexical means verbalizing conceptual notions, as well as to study their semantic possibilities in the linguistic consciousness of native speakers is to represent them in the form of a conceptual field formed by a content plan.

Мен ұқыпты баламын (Қалиев, 2023: 19), – деп келетін жолдар да тәрбиесіз берілетін білімнің зая кететінін аңғартса керек. Қазақ балалар поэзиясын арнайы зерттеп, докторлық диссертация қорғаған ғалым Аманжол Әлтай та өз еңбегінің қорытындысында келтіретін тұжырымдардың ең бірінші ретінде, балалар поэзиясында эстетикалық-көркемдік талап пен педагогикалық мақсат терең ұштасуы керек деп көрсетеді (Әлтай, 2009: 264-265). Балалар поэзиясындағы тілдік-бейнелік тәсілдер екі түрлі мақсатта қызмет етуі керек: бірі – көркем образ жасау, екіншісі – тәрбиелік міндет арқалау. Ақын шығармашылығындағы тәлім-тәрбие, оқу-білім тақырыбын қамтыған өлеңдері осы міндетті толық орындаған деуімізге негіз көп.

Балалар қаламгерлерінің қай-қайсысында болмасын кездесетін тақырып, әрине Отан туралы жырлар. Серік Қалиев қаламынынан туған «Қорғаның болар ұлыңмын», «Шаңырақ», «Тәуелсіздік», «Көк байрақ», «Астана», «Еркін елдің ұрпағымыз», «Ел бірлігі», «Тәуелсіз елім», «Кетпесін бақ, құт Алаштан», «Өлкем менің», «Түркістан», «Ата Заң», «Ұлы дала тамыры» (поэма) өлеңдері жыр жинағынан кездестірген сегізінші тақырыпты толықтырады. Қаламгердің «Отан» тақырыбының өзге әдебиет өкілдеріндегі «Отан» тақырыбынан ерекшелеп тұрған – егемен елдің жырлануы, тәуелсіздіктің түрленуі, көк байрағымыздың желбіреуі, Ата заңымызбен мақтануы. Бұл тақырыпта, балалар поэзиясында қалыс қалып келе жатқан поэма жанрында жазылған «Ұлы дала тамыры» шығармасының берілуі. Бұл шығарманы ХХ ғасырдың басынан пайда болған балалар поэмасы жанрының жіктелуі бойынша поэма-диалогқа жатқызуымызға болады. Поэма – атасы мен немересінің диалогы арқылы өрбиді (Қапасов, 2000: 76). Балалар поэзиясына қойылатын талаптардың бірі – диалогтық сөйлесулер, автордың кейіпкермен сөйлесуі сияқты тәсілдердің болуы керектігін ескерсек, автор мұнда да бұл тәсілді ұтымды қолданғанын көреміз.

Тоғызыншы тақырыпқа біз ақынның мысал өлеңдерін топтастырдық. Негізі жинақта автор «Күшік» атты бір ғана шығармасын мысал өлең деп көрсетеді. Дегенмен

біз мысал жанрының мазмұны мен түріне қойылатын талаптарды ескере отырып, «Жеміс-жидектердің айтысы», «Шекербек», «Ақылды робот», «Қарындаш пен өшіргіш», «Мақтаншақ доп», «Мысық», «Көрші үйдің тауығы», «Кішкентай пойыз» туындыларын да мысал өлеңдер қатарына жатқыздық. Академик З.Қабдолов «Мысал – эпостық шығармалардың ішіндегі ең қысқа түрі. Өрқашан сатиралық сипатты, көбіне аң, хайуанат, кейде зат түрлері жазылады да сол арқылы адам бойындағы мін, әлеуметтік ортадағы кемшілік, күлкіге, келекеге, мазаққа айналдырып, сықақпен сыналады. Мазмұны бүкпелі болғанымен, идеясыз, астарсыз, ашық, тура, тілі мірдің оғындай өткір, шымшыма, шымыр келеді» – дейді. Десе дегендей ақынның «Мақтаншақ доп» шығармасында:

Секең-секең, секеңдеп,
Маған кім бар жетер деп.
Мақтанды доп асыққа,
Бәріңдікі бекер деп.
– Халің қалай, асығым,
Өлшей алмас қашығын.
Таныдың ба доп деген,

Футболшының «асылын»?! (Қалиев, 2023: 76) – деп басталатын

жолдардың өзінен-ақ, көне заманнан баланы ой мен ептілікке, мергендік пен төзімділікке тәрбиелейтін асық ойынын өзінше «менсінбей, кекетіп» тұрған ала допты көреміз. Жоғарыда мысал жанрына жататын шығармалар деп берген әр мысал бір нәрсе бере алады, бірдене үйрете алады, онда белгілі бір шындық, белгілі бір сабақ, біз өмір сүріп жатқан әлемнің кіші немесе үлкен заңдылықтары бар.

«Ұқыпты бала» жинағындағы ең ерекше, оныншы тақырып – тұлғатану. Бұл топтамаға, атауынан-ақ белгілі болып тұрған «Тұлғатану», «Тоқтар атам – ғарышкер», «Мұхамеджан Тынышбаев», «Әлкей Марғұлан», «Жұмабек Тәшенов», «Әнуарбек Байжанбаев», «Нұрғиса Тілендиев», «Жақсылық Үшкемпіров», «Қайрат Рысқұлбеков», «Жүмекен Нәжімеденов» өлеңдерін жатқыздық. Бұл тақырыпта жазылған өлеңдерде әрбір тұлғаның өзіндік ерекшеліктерін көркем суреттей білген, өскелең ұрпақтың үлгі алуына тұрарлық тұлғалық қасиеттерін айрықша сипаттап берген. Қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер – Тоқтарды, алғашқы қазақ инженері – Мұхамеджанды, Қазақстан археология мектебінің негізін салушы – Әлкейді, көп ескеріле бермейтін дикторлық мамандықтың тарихында ізі қалған – Әнуарбекті, қазақтан шыққан тұңғыш олимпиада чемпионы – Жақсылықты т.б. көркем поэзия тіліне қосып танытқан шеберлігін ерекше атап өткен жөн. Тарихи тұлғалардың үлгілі еңбек жолын оқып-білген бала ағалары сияқты болғысы келетіні хақ. Болашақта қазақ елін әлемге танытатын тұлға болу үшін көп ізденіп, көп білу кергін түсінетіні рас. Сол себепті де мектепті жақсы оқып, ата-анасы мен мұғалімдерінің тілін алатын ұқыпты бала болып өсетіні кәміл.

4. Зерттеу нәтижесі

Серік Қалиевтің «Ұқыпты бала» жыр жинағы балалар аудиториясына бағытталған қазақ әдебиетіне елеулі әдеби үлес болып табылады. Бұл жинақтың негізгі

тақырыптық ерекшеліктерін жоғарыда бөліп қарастыра келе, келесідей нәтижелерді ашып көрсетуімізге болады: Балалық шақ және жасөспірімдер өмірі: Калиев балалық шақ пен жасөспірімдердің тәжірибесі әлеміне жүгінеді, жас кейіпкерлер кездесетін күрделі эмоционалды және моральдық дилеммаларды зерттейді. Отбасылық қатынастар және құндылықтар: өлеңдер көбінесе отбасылық қатынастар, ұрпақтар арасындағы өзара түсіністік, ата-анадан балаларға берілетін моральдық және мәдени құндылықтарды қамтиды. Ұлттық бірегейлік және мәдени дәстүрлер: Автор осы аспектілердің жас балалардың жеке басын қалай қалыптастыратынын зерттей отырып, қазақ халқының мәдени дәстүрлері мен ұлттық бірегейлігіне назар аударады. Әлеуметтік мәселелер: кейбір өлеңдер бала тәрбиесі, білім беру сияқты әлеуметтік мәселелерді көтереді, бұл жинақты әртүрлі білім беру контексттерінде талқылау үшін өзекті және пайдалы етеді. Балалық және жастық шақ: Ақын жас кейіпкерлердің сезімдерін, эмоциялары мен тәжірибелерін зерттей отырып, балалық және жастық шақ тақырыбына жүгінеді. Ол балалардың ішкі әлемін, олардың қиялын, ойындары мен армандарын ашады. Табиғат және шытырман оқиғалар әлемі: Автор өз өлеңдерінде әлемнің табиғи сұлулығы мен ұлылығын, сондай-ақ бізді әдеттегіден тыс күтетін шытырман оқиғаларды бейнелейді. Тарихи және мәдени мотивтер: кейбір өлеңдерде қазақ халқының ұлттық сана-сезімі мен мәдени мұрасын бейнелейтін тарихи сюжеттер мен мәдени мотивтер байқалады. Бұл ерекшеліктер «Ұқыпты бала» жинағын әр түрлі жастағы балалар мен оқырмандар назарын аудара отырып, қазіргі қазақ әдебиеті қорына енген маңызды еңбектің бірі деуімізді негіздейді.

5. Қорытынды

Қазіргі балалар поэзиясының тақырыптық ерекшеліктерін зерттей, әсіресе Серік Қалиевтің шығармаларына назар аудара отырып біздің байқағанмыз, жас оқырманның ақыл-ойын қалыптастырудағы поэзияның тұрақты мәні мен күші өте зор екенін көрдік. Достық, оқу-білім, отбасы, тұлғатану, табиғат ғажайыптары т.б. тақырыптарына ерекше назар аударған Қалиев поэзиясы әдебиеттің шабыттандыру және тәрбиелеу қабілетінің дәлелі болып табылады. Оның өлеңдерінің арқасында балаларға табиғат әлемінің сұлулығын зерттеуге, достық байланыстарын қорғауға және шындықтан тыс шығармашылық саяхаттарға баруға шақырылады. Осы мәңгілік тақырыптарды зерттей отырып, Калиев әдеби пейзажды байытып қана қоймайды, сонымен қатар әртүрлі ұрпақтардың жас оқырмандарымен резонанс тудыратын баға жетпес сабақтастық пен идеяларды ұсынады. Сайып келгенде, оның поэзиясы балалар әдебиетінде қалыптасқан трансформациялық әлеуетті еске түсіретін шығармашылық пен шабыттың қайнар көзі болып табылады.

Қорыта келгенде Серік Қалиевтің «Ұқыпты бала» жыр жинағындағы шығармалардың мазмұны мен идеялары бала дүниетанымына сай, шумақтар ұзын емес және жолдардағы сөз санының, буын санының қысқа, ұғынықтықелуі, *көркем-эстетикаға құрылуы*, тілдік-бейнелік тәсілдердің шебер қолданылуы, өлеңдерінің тәрбиелік сипатының басым болуы, көркем пейзаж бен лиризмнің көрінісі және ең маңыздысы тілдің синтаксистік құрылымының дұрыс қолданылуталаптарының сақталғандығы кітаптың нағыз балалар поэзиясына арналған еңбек екендігін дәлелдей түседі.

Әдебиеттер:

1. Akhmetova A. (2022) "Tursinhan Zakenoğlu'nun Mangitas (Bengütaş) Romanındaki "Mangilik El" (Ebedî Ülke) Kavramının Sanatsal Sunumu." bilig, no. 100, pp. 77-97. <https://doi.org/10.12995/bilig.10004>
2. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: Мектеп, 1965. – 328 б.
3. Әлтай А.Д. Қазақ балалар поэзиясы: генеалогия, типология, поэтикалық даму. Фил.ғыл.док. ...дисс. / А.Д.Әлтай; Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті; ғыл.жет. Нұрғали Р.Н. – Астана, 2009. – 285 б.
4. Қалиев С. Жасынның оты [Мәтін] / С. Қалиев ; [алғы сөзі: Е. Жаппасұлы]. – Алматы : Атамұра, 2022. – 135 б.
5. Қалиев С. Көзайым. – Алматы: Атамұра, 2007 – 145 б.
6. Қалиев С. Толқыннан толқын туады. – Алматы, 2007. – 150 б.
7. Қалиев С. Уақыт керуені [Мәтін] : өлеңдер / С. Қалиев. – Алматы : Атамұра, 2012. – 143 б.
8. Қалиев С. Ұқыпты бала [Мәтін] : [әдеби-көркем басылым] / С. Қалиев. – Алматы : Атамұра, 2023. – 103 б.
9. Қапасова Б.Қ. Қазақ әдебиетіндегі балалар лирикасы (60-90жж). Фил.ғыл.канд. ...дисс. / Б.Қ. Қапасова; Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университеті; ғыл.жет. Жүсіп Қ.П. – Астана, 2000. – 116 б.
10. Құдайбергенов Н. Қазіргі балалар поэзиясындағы көркемдік ізденістер (А. Асылбек шығармаларының негізінде). «Keruen» ғылыми журналы 79(2) 2023. – 164-176 бб. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.2-13>
11. Сүлейменов А. Жастар сыналсын, бірақ сойыл жемесін. Жарық көрмеген жазбалардан. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/2814>
12. Чуковский К.И. От двух до пяти. – М: Детская литература, 1970. – 705 с.

References:

1. Akhmetova A. (2022) "The Artistic Presentation of the Concept of "Mangilik El" (Eternal Country) in Tursinhan Zakenoglu's Novel Mangitas (Bengütaş)." bilig, no. 100, pp. 77-97. <https://doi.org/10.12995/bilig.10004> (in Turkish).
2. Akhmetov Sh. (1965) Essay on the history of Kazakh children's literature. – Almaty: School. – 328 p. (in Kaz).
3. Altay A.D. (2009) Kazakh children's poetry: genealogy, typology, poetic development. Phil.science. Doc. ...diss. / A.D. Altay; Eurasian National University named after L. N. Gumilyov; science.reach. Nurgali R. N.-Astana, 2009. – 285 p. (in Kaz).
4. Chukovsky K.I. (1970) From two to five. – Moscow: Children's Literature. – 705 p. (in Russ).
5. Kaliyev S. (2022) Zhasyn fire [text] / S. Kaliyev ; [preface: E. Zhappasuly]. – Almaty: Atamura. – 135 p. (in Kaz).
6. Kaliyev S. (2007) Kolayam. – Almaty: Atamura. – 145 p. (in Kaz).
7. Kaliyev S. (2007) From the wave a wave is born. – Almaty. – 150 p. (in Kaz).
8. Kaliev S. (2012) Time caravan [text]: poems / S. Kaliev. – Almaty: Atamura. – 143 p (in Kaz).
9. Kaliev S. (2023) Neat child [text]: [literary and artistic publication] / S. Kaliev. – Almaty: Atamura. – 103 p (in Kaz).
10. Kapasova B.K. (2000) children's lyrics in Kazakh literature (60-90 years). Phil.science.Kand. ...diss. / B.K. Kapasova; L.N. Gumilyov Eurasian National University; Science.reach. Zhusup K. P. – Astana. – 116 p. (in Kaz).
11. Kudaibergenov N. (2023) artistic searches in modern children's poetry (based on the works of A. Asylbek). *The Scientific journal «Keruen»* 79(2). pp. 164-176 <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.2-13> (in Kaz).
12. Suleimenov A. Let the youth be tested, but do not eat clubs. From unreleased records. <https://adebiportal.kz/kz/news/view/2814> (in Kaz).

Н.Е. Усенова^{1*}, Г. Дүйсенбай², И.А. Жеменей³

^{1,2,3}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

E-mail: ¹usenova_nur@bk.ru, ²duisenbay.gulzhanat@gmail.com, ³jemeneyislam@yahoo.com

ORCID: ¹0000-0003-2349-8166, ²0000-0001-5883-6319, ³0000-0002-6622-0757

ЗӘХИРЕДДИН МҰХАММЕД БАБЫРДЫҢ «БАБЫРНАМА» ЕҢБЕГІНДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада ұлы патша әрі ақын, дана қолбасшы Зәхиреддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» атты еңбегіндегі психологиялық көзқарастары кеңінен қарастырылған. «Бабырнама» – тарихи-әдеби естелік болумен қатар, өмірбаяндық шығарма. Олай дейтініміз шығарма оқиғаларының ортасында Бабыр тұлғасы тұр. Бұл кітаптың тілі жеңіл, түсінікті болуымен қатар мазмұны маңызды тарихи оқиғаларға, философиялық-дидактикалық ойға, көркем образды бейнелеу сөздерге өте бай. Бабыр қарапайым сөздер мен терең ойлар арқылы тілдің құдіретін көрсетіп, әрі беделін асырып отырады. Аталған еңбек мәтінінің сәтті өрнектелуі бірқатар психикалық процестерді бейнелеуімен де ерекшеленеді. «Бабырнама» еңбегін негізге ала отырып, Бабырдың әлеуметтік, әскери, жалпы психологиялық көзқарастарын анықтау барысында, мақаламызда тарихи-салыстырмалы әдіс, сипаттау, қорытындылау, психологиялық талдау әдістері қолданылды. Автор өзі берген кейіпкерлердің келбетімен қатар ішкі жан дүниесіне де үңіліп, тарихи тұлғалардың жақсы жақтарын суреттеп қана қоймай, олардың сызбаларында жағымсыз қасиеттерін де атап көрсетеді. Соны негізге ала отырып, мақаланың негізгі бөлімінде билеуші әмірлерінің жағымды және жағымсыз психологиялық қасиеттеріне диаграмма бойынша психологиялық талдау жасаймыз. Ал зерттеу нәтижесінде автордың шығармадағы психологиялық көзқарастарын негізгі үш топқа бөліп қарастырдық: тұлғалық психологиялық көзқарас, әлеуметтік (қоғамдық) психологиялық көзқарас және әскери психологиялық көзқарас. Зәхиреддин Мұхаммед Бабырдың төл туындысы «Бабырнаманың» зерттелуі мен ғылыми тұрғыдан жан-жақты талдануы қай ғасырда болмасын өзектілігін жоғалтпайды. Сол себепті қорытынды бөлімде «Бабырнаманың» жоғарыда келтірілген шағын үзінділеріне сүйене отырып, ондағы психологиялық ақпараттың маңыздылығын ғана емес, сонымен қатар Зәхиреддин Мұхаммед Бабыр тұлғасының жана қырларын ашуға мүмкіндік беретінін атап өттік.

Кілт сөздер: Зәхиреддин Мұхаммед Бабыр, Бабырнама, портрет, психологиялық көзқарас, психологиялық талдау, тарихи тұлға, әдебиет.

N.E. Usenova^{1*}, G. Duisenbay², I.A. Zhemenej³

^{1,2,3}Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: ¹usenova_nur@bk.ru, ²duisenbay.gulzhanat@gmail.com, ³jemeneyislam@yahoo.com

ORCID: ¹0000-0003-2349-8166, ²0000-0001-5883-6319, ³0000-0002-6622-0757

Psychological perspectives of Zahiruddin Muhammad Babur in the work «Baburname»

Abstract. This article examines in detail the psychological point of view of the great king, poet and wise commander Zahiruddin Muhammad Babur in his work «Baburname». «Baburname» is not only a historical and literary memoir, but also a biographical work. That is, Babur's personality is at the center of the events of the work. The language of this book is easy and understandable, but the content is very rich in important historical events, philosophical and didactic thoughts and words depicting an artistic image. Through simple words and

deep thoughts, Babur shows the power of language and increases his authority. The successful expression of the text of this work is also distinguished by the depiction of a number of mental processes. Based on the work of "Baburnama", in the process of determining the social, military and general psychological views of Babur, our article uses the historical-comparative method, descriptive, generalizing and psychological methods of analysis. The author looks not only at the appearance of the characters he gives, but also at the inner world, and not only describes the good sides of historical figures, but also emphasizes their negative qualities in his drawings. Based on this, in the main part of the article we will conduct a psychological analysis of the positive and negative psychological qualities of the ruling emirs according to the scheme. As a result of the study, we divided the author's psychological views in the work into three main groups: personal psychological view, social (public) psychological view and military psychological view. The study and comprehensive scientific analysis of the original work of Zahiruddin Muhammad Babur «Baburnama» has not lost its relevance in any century. Therefore, in the final section, based on the above-mentioned small passages of «Baburnama», we noted not only the importance of the psychological information contained in it, but also the fact that it allows us to discover new sides of the personality of Zahiruddin Muhammad Babur.

Keywords: Zahiruddin Muhammad Babur, Baburnama, portrait, psychological approach, psychological analysis, historical figure, literature.

Н.Е. Усенова^{1*}, Г. Дүйсенбай², И.А. Жеменей³

^{1,2,3} *Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан*
E-mail: ¹usenova_nur@bk.ru, ²duisenbay.gulzhanat@gmail.com, ³jemeneyislam@yahoo.com
ORCID: ¹0000-0003-2349-8166, ²0000-0001-5883-6319, ³0000-0002-6622-0757

Психологические перспективы Захиреддина Мухаммада Бабура в произведении «Бабур-наме»

Аннотация. В данной статье подробно рассматриваются психологические точка зрения великого царя, поэта и мудрого полководца Захиреддина Мухаммада Бабура в его произведении «Бабурнаме». «Бабурнаме» – это не только историко-литературный мемуар, но и биографическое произведение. То есть личность Бабура находится в центре событий произведения. Язык этой книги легок и понятен, но содержание очень богато важными историческими событиями, философско-дидактической мыслью и словами, изображающими художественный образ. Посредством простых слов и глубоких мыслей Бабура показывает силу языка и увеличивает свой авторитет. Удачная экспрессия текста этого произведения отличается также изображением ряда психических процессов. На основе труда «Бабурнаме» в процессе определения социальных, военных и общепсихологических взглядов Бабура в нашей статье использованы историко-сравнительный метод, описательный, обобщающий и психологический методы анализа. Автор смотрит не только на внешний вид данных им персонажей, но и на внутренний мир, и не только описывает хорошие стороны исторических личностей, но и подчеркивает в своих рисунках их отрицательные качества. Исходя из этого, в основной части статьи мы проведем психологический анализ положительных и отрицательных психологических качеств правящих эмиров по схеме. В результате исследования мы разделили психологические взгляды автора в произведении на три основные группы: личностно-психологический взгляд, социальный (общественный) психологический взгляд и военно-психологический взгляд. Изучение и всесторонний научный анализ оригинального произведения Захиреддина Мухаммада Бабура «Бабурнаме» не теряет своей актуальности ни в одном столетии. Поэтому в заключительном разделе на основе упомянутых выше небольших отрывков «Бабурнаме» мы отметили не только важность содержащейся в нем психологической информации, но и то, что она позволяет открыть новые стороны личности Захиреддина Мухаммада Бабура.

Ключевые слова: Захиреддин Мухаммад Бабир, Бабурнаме, портрет, психологический подход, психологический анализ, историческая личность, литература.

1. Кіріспе

Тарих – бүгінге және болашаққа бағдар бере алатын бірегей шамшырақ. Өміріміздің даму барысын дұрыс түсіну мен ғылымның бүгінгі мен ертеңін тану үшін және оларды бағдарлап отыруда ғылым тарихында маңызды орын алады. Осы күнге дейін өрені өскен сан-салалы ғылым мен мәдениетті жасауға талай елдің, талай ұрпақтың таңдаулы өкілдері қатысты. Солардың бірі – Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр. Шығыстың классикалық ортағасырлық араб-мұсылман ойшылдарының арасында әлемдік шығыстанудағы ең ерте белгілі ғалым болған Бабыр деңгейінде белгілі тұлғалар өте аз. Бабырдың өмірі мен шығармашылығы ғасырлар бойы әлемдік ғалымдардың назарын аудартып келеді. Оның классикалық акын ретіндегі мұрасын мойындай отырып, оны бүкіл әлемге танымал еткен әйгілі «Бабырнама» шығармасының әлемнің көптеген тілдеріне аударылғанын атап өткен жөн. «Бабырнама» дүние жүзіндегі оқырмандар тарапынан жоғары бағаға ие болып қана қоймай, бұл парсы, орыс және ағылшын тілдерін қоса алғанда, 31 тілге жасалған аудармалармен расталады» (Хеги, 2022: 204).

«Бабырнама» – мемуарлық жанрдың тамаша үлгісі, тарихи және көркем дереккөз. Бұл жұмыс сонымен қатар әдебиеттанушылар, тарихшылар, лингвистер, өнертанушылар, этнографтар және мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығы өкілдері үшін әртүрлі тілдерде зерттеу көзі болды.

Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр – тарих, этнография, астрономия, география, биология, әдебиет, психология т.б. сынды ғылымдарды жете меңгерген шығыс ғұламасы. Бұған дәлел оның – «Бабырнамасы». Шығармада өзінің өміріне байланысты өткен XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басындағы Түркістан (бүгінгі Орталық Азия, Ауғанстан, Үндістан және Иран) туралы түрлі тарихи, жағрафиялық, қоғамдық-мәдени, саясат, психология сынды көптеген жайттар жайлы берген мәліметінің арасында өз дәуірінде өмір сүрген әр түрлі қауым мен тайпалар атын атап кеткен, сондай-ақ өз заманының қоғамдық-саяси өмірінің көрнекті қайраткерлері, олардың мінезі, сенімдері, рухани әлемі, психикасындағы күрделі жағдайлар қарастырылады. Шығармадағы психологиялық процестер көркем және психологиялық тұрғыдан ерекше суреттеледі.

«Әрбір халықтың жалпыға ортақ және ұлттық ерекше құндылықтарға негізделген дүниенің өзіндік тілдік бейнесі бар. Сонымен қатар, халық тілі дүниені қабылдау мен ұйымдастырудың белгілі бір тәсілін көрсетеді. Көрсетілген мағыналар белгілі бір көзқарас жүйесіне қосылғандықтан, бұл барлық өз ана тілінде сөйлейтіндер үшін міндетті. Әртүрлі ұлттардың әлемінің суреттері бір-біріне біршама ұқсас, бірақ басқа жағынан ерекшеленеді» (Абдықадырова, 2021: 142). Осы күнге дейінгі зерттеулерде Бабырдың тарихшылық, ақындық, саясатшылық, ел билеушілік қасиеттері айтылып келсе, бұл зерттеу мақаламызда ұлы тұлғаның адам тану мен адам жанын түсінетін психологиялық қырын сөз етеміз.

Кез келген көркем шығарма бойыннан өміршиндығының негізі іспеттес психология және оны жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы – психологизм, яғни кейіпкерлердің іс-әрекеті мен ойы, мінез-құлқы, сана қақтығысындағы кереғарлықтар барлығы да шығармада кездеседі. Сол секілді Зәһиреддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама»

еңбегінде мемлекеттік басқару жүйесінің өкілдері – мырзалар, билер, жазушылар, әдебиеттанушылар, күйшілер, шабандоздар, суретшілер және басқа да тарихи тұлғалар портреттері, психологиялық мінез-құлық ерекшеліктері оқырманның көз алдында жанды образдарша елестей алады. Сонымен қатар қалалар, ауылдардың бейнесі, оқиғалардың егжей-тегжейлері, соғыс кезіндегі шайқастарды жай баяндап қоймай, көркем бейнелеу құралдары арқылы өрнектеп, шығарманың оқырманға түсінікті болуын қамтамасыз етеді. Автор өзі берген кейіпкерлердің келбетімен қатар ішкі жан дүниесіне де үңіліп, тарихи тұлғалардың жақсы жақтарын суреттеп қана қоймай, олардың сызбаларында жағымсыз қасиеттерін де атап көрсетеді. Оларды шынайы бейнелегені сонша, өзі кеңінен тоқталған тұлғалардың сыртқы және ішкі портреттері шебер сызылған, олардың саптық іс-әрекеттері, іс-әрекеттері аясында мінез-құлық қасиеттері ашылған. Шығармада берілген тарихи тұлғалардың психологиялық портреттері мен өздеріне тән ерекшеліктерін беруде автор олардың өмір сүру салты мен жағдайына сүйене отырып, объективті қарауға тырысқан. Өзінің әкесі яки жақын туыстары болсын, оларға психологиялық анықтама бергенде ең маңызды да қысқаша түйіндеулер жасаған. Автордың өмір жолында тоғысқан талай адамға моральдық көмек көрсеткені және адамгершілік принциптері, ел басқарудағы тәжірибесі, көзқарасы, дүниетанымдық ерекшеліктерін ескере отырып, Бабыр тоқталып өткен ерекше тұлғаларға жағымды және жағымсыз қасиеттері бойынша психологиялық талдау жасап, мақаламыздың негізгі мақсат-міндетіне жүйелі түрде жетуге тырысамыз.

2. Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу мақаламыздың тақырыбын ашу үшін және оны жан-жақты зерттеу мен мәселенің шешімін табуда орыс және өзбек тілдеріндегі аударма бойынша «Бабырнаманың» қысқартылған қазақ тіліндегі аудармасын жасаған Байұзақ Қожабекұлының еңбегі мен Ауғанстанның Мазар Шәріп қаласында «Ұлықбек» баспасынан Һедайәтолла Һедайәт дайындаған түпнұсқалық қолжазба негізінде тікелей қазақ тіліне аударма жасаған шығыстанушы ғалым Ислам Жеменейдің «Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама» атты еңбегін басты назарымызға алдық. Сонымен қатар Ташкентте жарық көрген «Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр энциклопедиясы» мен психология ғылымдарының кандидаты, доцент Аслонов Илхом Низомовичтың «Бабырнама» еңбегі мен отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері мен ғылыми-мақалалары пайдаланып, тиісті тұстарда сілтемелер беріліп отырды.

2.1 Зерттеу әдістері

Бабырдың элеуметтік, әскери, жалпы психологиялық көзқарастарын ашу барысында тарихи-салыстырмалы әдіс, сипаттау, қорытындылау, психологиялық талдау әдістері қолданылды.

2.2 Материалға сипаттама

«Бабырнамада» келтірілген оқиғалар тарихи фактілерге сәйкес келсе де, олар автордың көзқарасы мен оның іске қатынасы тұрғысынан айтылады. Бабыр қандай да бір жер, оқиға немесе адам туралы объективті мәлімет береді, содан кейін осы мәселеге қатысты өз пікірін, көзқарасын айтады. Шығарма мәтіні арқылы автордың болмысын, оның психикасын анық сезінуге болады. Бұл автордың баяндау

мәнерінен, кейіпкерінің қасиеттері арқылы заттар мен оқиғаларға қатынасынан көрінеді. «Бабырнама» мәтінінің сәтті өрнектелуі кейбір ой жолдарының жеткілікті дәл бейнеленуімен ерекшеленеді. «Бабырнама» оқиғаның аса тыңғылықты, терең интеллектке, терең білімге, теңдесі жоқ жадқа ие автордың санасы арқылы айтылуы шығарманың мәтініне бірегейлік береді. ... Шындық тікелей Бабыр тілімен айтылғандықтан, ол ең алдымен, автордың психикасын көрсетеді (Шәмсиев, 1989: 158).

«Бабырнамада» жазушының бітім-болмысы, өмірбаяны, мінезі-құлқы, қызығушылықтары, адамдарға деген көзқарасы бейнеленген. Шығарма беттерінен Бабыр тұлғасындағы адалдық, батылдық, әділдік, мейірімділік, қаталдық, сезімталдық көріністерімен танысамыз. «Бабырнаманы» оқып отырып, Бабырдың ойынша сегіз қасиет асыл адам үшін тұрақты болатынын атап өтуге болады: біріншісі – бейімділік, оның дәулеті жоғары болды (яғни оның жағдайы жоғары болды); екіншісі – жаратушысына деген адалдығы; үшіншісі – провинцияны басып алуға деген ұмтылыс (ол Ферғана облысына риза болмады, өйткені ол әкесі сияқты жоғары дәрежелі адам болды, ол Самарқандқа барды, онда ол Шайбаниханнан жеңіліп, Кабулға келді, содан кейін Үндістан сияқты үлкен елдің билеушісі болды); төртінші – провинцияны сақтау; бесінші – басқару; алтыншы – Алланың құлдарына амандық ниеті; жетінші – халықтың жүрегін жаулап алу; сегізінші – әділдік орнату. Сонымен қатар бұл қасиеттер ел басқаруда үлкен маңызды рөл ойнайтынын да айта кеткен жөн.

Егер біз Бабырнамадағы шығарманың композициялық құрылымына назар аударатын болсақ, онда оқиғалардың барысы Бабырдың өмірінде болған оқиғаларға байланысты баяндалады. Шығармадағы алғашқы түйін – Бабырдың Ферғана өңірінің патшасы болғандығы туралы әңгіме. Бабыр маңызды тарихи фактіні ашып, оның орны, табиғаты, жануарлары мен өсімдіктері, содан кейін жеке тұлғалар, олардың шежіресі, мінезі, отбасы, балалары, тарихи тұлғалардың әмірлері, олар қатысқан шайқастар, соғыстар және т.б. туралы баяндайды.

«Бабырнама» еңбегінде 1551 адамның есімдері айтылған. Олардың арасында көптеген тарихи тұлғалардың (билеушілер, әскери шенеуніктер, ғылым мен өнер өкілдері) бейнелері мен мінез-құлқы шебер суреттелген және олардың іс-әрекеті мен қызметін талдау арқылы тұлғалық ерекшеліктері ашылады. Тарихи тұлғалардың бет-әлпеті мен қасиеттерін айқындай отырып, Бабыр оларға әділ қарауға, олардың мінез-құлқының маңызды аспектілерін олардың өмір салты мен жағдайларына байланысты жағдаяттарды барынша ықшам түрде жеткізуге тырысқан.

«Бабырнама» еңбегінің мазмұны негізгі үш бөлімнен тұрады:

Біріншісі – Ферғана (899-908 (1494-1503 жылдар аралығындағы оқиғалар);

Екіншісі – Кабул (909-926 (1503-1520 жылдар аралығындағы оқиғалар);

Үшіншісі – Үндістан (932-936 (1525-1529 жылдар аралығындағы оқиғалар).

Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр өзінің ең үлкен еңбегінде тарихи шығармаларды бақылаушы ретінде ғана емес, тікелей қатысушы ретінде де көрінеді. Шығыс елдері тарихы философиясының ерекшелігі әр кезеңде билік құрған патшалықтар мен олардың әулетінің жүргізген саясаты тарихи кезең ретінде қабылданып, барлық

оқиғалар, рухани-адамгершілік өлшемдер, мәдени-әлеуметтік прогрестің өзіндік көзқарасы тұрғысынан зерделенеді. Әрине, бұл дүние де Бабыр шығармашылығында көрініс тапқан. Бабырдың елеулі саяси билеуші ғана емес, сонымен қатар жан дүниесі өте кең тұлға болғаны бәрімізге белгілі. Яғни, «Бабырнама» көп жерінде оның тұлғасының осы бір жарқын тұсын көп байқауға болады. Бұл мәселе ең алдымен Бабырдың тарихтан хабардар болуымен байланысты. Бабырдың өмір сүрген кезеңі тарихи аренада өте күрделі, ірі және қайшылықты оқиғаларға толы кезең болды. «Бабырнама» 1494 жылдан бастап Мауереннахр мен оның айналасындағы басқа аймақтардың тарихын қамтығанымен, оның оқиғаларының динамикасы өткен және болашақ кезеңдерді қамтиды.

Шығарма авторы Бабырдың пікірі әдеттен тыс кең және терең эрудиция бар. Ол ғаламдағы және табиғаттағы барлық нәрселерге қызығушылық танытты және ол шынымен де көп дүниелер жасап кетті. Ол әрдайым кемелдікке, жаңалыққа, атап айтқанда, кезең тарихын көрсетуге ұмтылды. XV ғасыр мен XVI ғасырдың басындағы ең маңызды қоғамдық-саяси оқиғалар Хорасан мен Мауереннахрдағы тақ үшін күрестің төңірегінде өрбіген кезеңде 12 жасар Бабыр әкесі Омар Шейхтің қайғылы қазасынан кейін Ферғана облысының билеушісі атанды. Бұл жаста Бабырды билеуші болады деп ешкім күтпегенімен, бұл жайт оның ақыл-ойының ерте жетілуіне, адами қасиеттері мен діни сенімінің салыстырмалы түрде ертерек жақсаруына айтарлықтай серпін берді. Алайда Бабырдың таққа аса қиын саяси-әлеуметтік және тарихи жағдайда отырғаны белгілі.

«Көркем-теориялық шығармадағы Бабыр тұлғасын зерттейтін болсақ, оның психологиясы мен көркемдік стилінің даралығы ашылады. Сонымен қатар оның философиялық және саяси жетістіктері мен кемшіліктерін білеміз. Біз Бабыр тұлғасы арқылы өз заманының шебер әскери-тактикалы қолбасшы, стратегиялы саясаткер болғанын және лирикасы мен шығармаларындағы адамгершілік-эстетикалық көзқарастары мен биік адамгершілікке жетелеген бірегейлігіне жоғары баға береміз» (Жураева, 2021: 1975).

3. Талқылануы

Жазушының психологиялық қырын анықтау барысында шығармадағы тұлғалық психологиялық көзқарас, әлеуметтік (қоғамдық) психологиялық көзқарас және әскери психологиялық көзқарас деп үш топқа бөліп қарастырдық.

Біріншіден, қалам қайраткері шығармашылық процесс кезінде де, өз жазбасына ақпараттарды жинау барысында да адамды әр қырынан, әсіресе, психологиялық тұрғыдан жете зерттеп оның іс-әрекетіне, мінез-құлқына өзіндік ерекшеліктеріне жіті көзбен үңіледі. Өйткені жазушы еңбегінің жемісі – тарихи-әдеби көркем шығармадағы өмірдің мәні айқын бейнелі формада түсіндірілетін адамдардың типтік мінездері, талап-ниеттері, суреттелініп отырған дәуір адамдарының ішкі жан дүниесі ашып көрсетілетіндей болуын басты назарда ұстаған. Тарихи тұлғалар туралы бастапқы мәліметтер (хижраның 899 жылғы оқиғалары), яғни Бабырдың әкесі Омар Шейх мырза мен оның айналасындағы әмірлердің болмысы және шығарма мәтініндегі адамдардың мінез-құлық ерекшеліктері мен моральдық-психологиялық қасиеттері ақпаратты толықтырып қана қоймай, оның құндылығы мен тартымдылығын арттыратынын көрсетеді.

«Бабырнамада» автор тұлғалардың жағымды қасиеттерімен қатар жағымсыз қасиеттерін де дәл суреттеген. Мысалы, әкесі Омар Шейх мырзаның мінезі туралы: «Өте жомарт еді, мінезі де жомарттығындай болатын еді. Жарқын мінезді, көп сөйлейтін, шешен және тілі тәтті кісі еді. Батыр және ер мінезді кісі еді... Елдерді жаулап алушылық уайымынан көбіне татулық – ұрысуға, достық – дұшпандыққа ауысып тұратын еді» (Жеменей, 2023: 30).

Сонымен қатар Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр берік иманға ие бола отырып, адамдардың мінез-құлқын, ең алдымен олардың иманына, тақуалығына және исламның үкімдерін орындауына қарай оң немесе теріс баға беріп, осы мәселе бойынша өзінің берік көзқарасын білдіреді. Мысалы, әкесі Омар Шейх мырза туралы: «Қанапия мәзһабты, таза сенген кісі еді. Бес уақыт намазын тәрк қылмайтын. Өмірінде қазаларын түгендеген. Көп уақытын құран оқумен өткізетін», – дей келе, тағы бірде «Бұрынғы кездерде көп ішімдік ішетін еді, кейінірек аптада бір не екі рет ішетін болды. Кейінірек есірткіні көбірек қолданатын еді. Есірткіден кәйіп болған кездері миы істемей қалатын еді. Жетімнің жебеушісі еді. Өмір қасіретін көп көрген, ұдайы нард ойнайтын еді, кейде құмар ойнап тұратын еді», – деп суреттейді (Жеменей, 2023: 29-30).

Көріп отырғанымыздай, Бабыр өз еңбегінде адамдарды мінезіне не іс-әрекетіне қарап айыптамайды, салыстырмалы талдау да жасамайды. Әр кейіпкерін жеке тұлға ретінде қалай бар солай суреттеп көрсетеді. Әкесінің психологиялық портретін толықтай ашу үшін оның сыртқы түр-келбетіне де тоқталады: «Қысқа бойлы, тік сақалды, ақ құба жүзді, жалғау кісі еді. Өте тар тон киетін. Сондықтан қарнын ішке тартқан түрде, белдікпен қабаттап байлап тастайтын еді», – дейді (Жеменей, 2023: 29). Байқап қарасақ, әкесінің қандай адам болғанын бүкпесіз оқырманына жеткізіп тұр.


Психология ғылымдарының кандидаты, доцент Аслонов Илхом Низомович «Бабырнама» еңбегіндегі тарихи тұлғаларға тән жағымды және жағымсыз психологиялық қасиеттерге өз зерттеу жұмысында салыстырмалы талдау жасаған (Аслонов, 2022: 370). (1-сурет).



Бірінші диаграммада Бабыр Омар Шейх мырза және оның 12 әмірі туралы тарихи деректермен бірге оларға психологиялық сипаттамалар береді. Егер диаграммада

келтірілген жағымды және жағымсыз психологиялық қасиеттерді салыстыратын болсақ, 7-де жағымды қасиеттері жағымсыз қасиеттерінен басым болған, 5-де жағымсыз қасиеттер басымдылық көрсетсе, 1-де екеуі тең түскен.

Осы тұста Сұлтан Үсейін мырзаға және оның әмірлеріне берілген сипаттамаларды талдау да назар аудартады (2-сурет).



Сұлтан Үсейін мырзаның әмірлері туралы деректерге сүйенсек, есімдері аталған кейбір адамдар туралы егжей-тегжейлі ақпарат береді, кейбіреулерінің бір немесе екі қасиеті туралы айтылады және олардың кейбіреулерінің есімдері ғана тізімделеді. Бұдан шығатыны, Бабырда Сұлтан Үсейін мырзаның айналасындағы билер туралы Омар Шейх мырзаның әмірлеріне қарағанда табиғи түрде аз мәлімет болғаны білінеді. Дегенмен, бұл деректер Сұлтан Үсейін мырзаның және оның айналасындағылардың өмірі мен мінез-құлқы туралы толық әсер қалдыруға жеткілікті. Сұлтан Үсейін мырзаның билерінің қасиеттерін бағалай отырып, олардың жеңістеріне қызғанышпен қарап, билердің арасында мырзаға адал адамдар, білікті қолбасшылар мен жауынгерлер көп екенін айтады. Бабыр әмірлер мен қолбасшыларға баға бергенде ең көп айтылатын тағы бір қасиет – олардың жауынгерлік қасиеттері, жүргізген шайқастары мен шайқаста жеткен жеңістері.

Екінші диаграммада Сұлтан Үсейін мырзаға және оның әмірлеріне жалпы саны 31 адамға берілген сипаттамалар көрсетілген. Мұнда жағымды қасиеттері басымы – 22, жағымсыз қасиеттері басымы – 5, тең нәтиже көрсеткендері – 4 (Аслонов, 2022: 370).

Жоғарыдағы диаграммдан Бабырдың өз шығармасында жеке тұлғаны бағалауда әділ, бейтарап болуға тырысқанын көруге болады. Сондай-ақ жағымсыз қасиеттердің салыстырмалы түрде көп болуы Бабырдың мінезінің айналасындағыларға да, өзіне де өте талапшыл болғандығын көрсетеді.

Бабыр еңбегіндегі тағы бір ерекшелік – автор белгілі бір билеуші не сұлтандар туралы ақпарат бергенде, олардың ең құрметті адамдарынан бастайды. Атап айтқанда, Омар Шейх мырза әмірлерінен – Құдайберді Теміртас, Хафиз Мұхаммед-бек Дүлдай,

ал Сұлтан Үсейін мырзаның әмірлерінің ішіндегі ең ықпалдылары – Мұхаммед Бұрындық, Мұзаффар Барлас және Әлішер Науаи. Енді қазақ әдебиеті және Науаи дастандары жайында зерттеген Өтеген Күмісбаев «Шығыс шайырлары» 3-томында Әлішер Науаи жайында былай дейді: «Әмір Хусрау Дехлеви, Низами парсы тілінде бес дастан жазса, түркі тілдес халықтардың ұлы шайыры Әлішер Науаи өзінің таңғажайып бес дастанын тым қысқа мерзімде жазып шығыпты... Сиясын кептірер кептірместен бес «перзентін» жөргекке орап, ұстазы Әбдірахман Жәмиге жеткізіпті. 1476 жылы парсы тілінде жазған «Ойлар сыйлығы» қағидасы – ұлы ұстазына арналған еді. «Сұлтан Құсайын мырзаның ақындардан көш бастары да, табынары да, пір тұтары да – Мәуләна Әбдірахман Жәми еді...» деп жазады Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр, өзінің атақты «Бабырнама» атты жәдігерінде», – дейді (Күмісбаев, 2015: 140). Байқағанымыздай, Бабыр Сұлтан Үсейін мырзаның бас әмірлерінің бірі Әлішер Науаи болғаны және оның ұстазы Мәуләна Әбдірахман Жәמידі де өзіне үлгі тұтқанын анық байқауға болады. Нақтылау үшін тағы да бір мысал келтірейік: «Сұлтан Үсейін таққа отырғанда он екі имамға сыйынатын шииттік мәзһабқа сәйкес құтпа оқытпақ болды. Бірақ Әлішер Науаи мен кейбіреулері оны бұл шешімінен бас тартқызды. Ол кейін барлық күш-жігерін сүнни мәзһабына сай жұмсады» (Жеменей, 2023: 185). Демек, ол заманда билеушілер өмірінде әмірлер өте маңызды орын алған.

Жалпы Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр «Бабырнамадағы» мына тарихи тұлғаларға жеке-жеке тоқталып, сонымен қатар оларға психологиялық мінездемелер береді. Олар:

1. Омар Шейх
2. Сұлтан Аһмет
3. Сұлтан Маһмұт
4. Байсұңқар
5. Сұлтан Үсейін

Омар Шейхтің портреті классикалық әдебиетіміздің тарихи прозасында тамаша суреттелген әмір мен әке портреті десек қателеспейміз. Жоғарыда келтірген мысалдардан байқағаныңыздай, автор әкесінің ішкі әлемі мен сыртқы келбетін, психологиялық күйін бүкпесіз шынай беруге тырысады. Ал келесі әкесі Омар Шейхтің ең үлкен ағасы Сұлтан Аһметтің кескін келбеті мен психологиялық портретін жасағанда: «Түр-келбеті: Ұзын бойлы, шоқша сақал, қызыл шырайлы, етжеңді, жалқау кісі еді. Екі жағында сақалы жоқ еді. Өте әңгімешіл кісі еді... Мінезі мен қылығы: таза сенімдегі қанапия мәзһабтағы кісі еді. Бес уақыт намазын қаза қылмастан өтеп жүретін еді. Ішімдік ішкен кездерінде де намазын қылатын еді. ...Өте әдепті еді. Адал кісі еді. Уәдесі мен берген сөзіне адал еді» (Жеменей, 2023: 40-41). Автордың нақты әрі қысқа айтылған психологиялық анықтамасы мен сыртқы түр-келбетіне қарап, Сұлтан Аһметтің өз сөзінен ешқашан айнымайтын, шариғаттық жолда да түзу жүруге тырысқан адал, әділетті адам екенін көре аламыз.

Бабыр әкесінің екінші ағасы Сұлтан Маһмұт жайында: «Түр-келбеті: қысқа бойлы, сирек сақалды. Жалқау және зердесіз кісі еді. Мінез-құлқы: мінезі жақсы еді, намазын қаза қылмайтын. Басқаруда, тәртіпте өте мұқият еді. Әр істің ғылыми жүйесін жақсы білетін. ...Сенімі нашар кісі еді. Әзірет қожа Ұбейдолланы кемсітіп

қарайтын. Сужүрек кісі еді. Ұяты да аздау болатын. Бірнеше масқара, ұстамсыз қалжыңдары да бар еді. Мемлекеттік қызмет басында, халық алдында дөрекі, жиіркенішті (жиренішті) әрекеттері бар-тын. Былапыт сөз иесі болды», – дейді (Жеменей, 2023: 48). Автор Сұлтан Маһмұттың толық бейнесін беріп қана қоймай, оның рухани дүниесінен де оқырманын хабардар етеді.

Ал келесі Байсұңқар мырза жайында былай дейді: «Түрі мен келбеті: көзі үлкен, жалпақ беті, орта бойы, түрікмен жүзді, жұмсақ мінезді жігіт еді. Мінез-құлқы, әдет-жүрісі: ол әділетті, адамдық қасиетті, жұмсақ табиғатты, парасатты шаһзада еді. Оның ұстазы шиит Сейіт Маһмұт болған, осы себептен Байсұңқар мырза да жиіркенішті еді. Кейінірек Самарқандқа ондай иман қағидадан бас тартып, пәк сенімді болған деседі. Ол өте шарапқорлыққа берілген еді, шарап ішпеген кезде намаз оқитын еді», – дейді (Жеменей, 2023: 89). Бабыр өз еңбегінде сипаттаған тұлғалардың ішкі және сыртқы портретін еркін бейнелеуде қысқалық, ықшамдық, көркемдік, таза түрік сөздерін тиімді пайдалану сияқты поэтикалық, тарихи, тілдік, интернационалдық құралдарды пайдаланған. Осының бәрі Бабыр прозасына тән жоғары шеберлікті айғақтайды.

Сұлтан Үсейін мырза жөнінде: «Түр-келбеті: қиық көзді, арыстан денелі, кіші бойлы еді. Белінен төменірек жіңішке еді... Мінез-құлқы: буындарының сырқатына байланысты намаз оқи алмайтын, ораза да ұстамайтын. Сөзқұмар, көңілді адам еді. Мінезі біршама жеңілтек болатын, әңгімесі де мінезіндей болатын. ...Батыр және ер мінезді адам болған, өзінің қылышы қолынан түспейтін, әр болған шайқаста қылышын қынынан бірнеше рет суырып алып, қылыштасатын еді», – дейді (Жеменей, 2023: 185). «Бабырнамада» осы аталған тұлғалардың дүниеге келуі мен шыққан тегі, сырт келбеті, мінез-құлқы қасиеті мен әдеттерінен бөлек соғыстары, иелігі, балалары мен әйелдері, отбасы мүшелері, кәнізактары, әкімдері, уәзірлері туралы да мәліметтер беріледі. Бұл автордың кеңінен, жан-жақты тоқталып өткен кейіпкерлері. Ал жалпы аты аталып, сырттай сипаттама беріп өткен қаншама кейіпкерлер бар. Біз оны 1 және 2-суреттерде психологиялық талдау түрінде атап өттік.

«Бабырнамадағы» жеке тұлғаларға берілген психологиялық сипаттамаларды зерделей келе автордың:

а) адам бойындағы жомарттық, тектілік, жоқшылық пен адамгершілік, жауыздық, ашкөздік, екіжүзділік, қулық-сұмдық, сараңдық сияқты моральдық-психологиялық қасиеттерге;

ә) батылдық, ержүректілік, еңбекқорлық, тәртіп немесе үмітсіздік сияқты ерік-жігерге;

б) сыпайылық, шешендік, әзіл сынды қарым-қатынас қасиеттеріне;

в) кішіпейілділік, қарапайымдылық, тапқырлыққа бейімділік, жағымпаздыққа бейімділік, қатандық сияқты қасиеттерге баса назар аударғанын аңғаруға болады.

Автордың жеке адамдарға деген көзқарасы олардың өлімі туралы айтқан кезінде де сезіледі. Ол жеке тұлға ретінде қарайтын және жай адамдарда «өлді», «өлімге ұшырады», «қайтыс болды» сөз тіркестерін қолданса, ал өзі құрметтейтін адамдарға қатысты «Тәңірінің рақметіне қауышты», – дейді. Атап айтқанда, 14 жерде ол өзі құрметтейтін адамдардың (Құдайберді Теміртас, Әлішер Науаи және т.б.) және

оның туыстарының (Құтлық Нигар ханым, Мәһсума Сұлтан бегім және т.б.) өлімі туралы «Тәңірінің рақметіне қауышты», – деп жалпы саны 11 адамға қаратып айтады (Хедаят, 2008: 241).

Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр «Бабырнамада» өзінің ықтимал қарсыласы Шейбани хан туралы көп айтады. Сондай-ақ қажет болған жағдайда оның оң жақтарын да атап өтеді. Бірақ оның қателіктері айшығырақ көрсетіледі. Соның нәтижесінде Шейбани ханның ішкі және сыртқы психологиялық портреті оқырманға жеке-дара емес, кең мағынада жан-жақты қырынан көрінеді. Мысалы, Мұхаммед Шейбани ханның өлімі туралы былай дейді: «Бәлх уәлаятын оған берген еді. Әкесі өлгеннен бір-екі жыл соңыра тәңірі рақметіне қауышты» (Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр энциклопедиясы, 2017: 349). Мұндай ұстанымдар Бабырдың жеке адами қасиеттерін бағалауда да маңызды рөл атқарады.

Екіншіден, жазушының әлеуметтік (қоғамдық) психологиялық көзқарастарын атап өтуге болады. Бабыр өз еңбегінде отбасының, ұжымның, таптың, ұлттың, тағы да басқа адамдардың тұрған жеріне, кәсібіне, қоғамдағы алатын орнына қарай жіктелетін топтарының психологиясын да көркем суреттеген. Жазушы әр өңірдегі жағдаяттарды баяндау барысында қоғамда болып жатқан саяси-әлеуметтік құбылыстардың сырын түсінуге, олардан қорытынды шығарып, қоғамның даму бағытын айқындауға, ірі топтарды және тұтас қоғамды басқаруға, бағыттарды, шараларды айқындай отырып, оны стратегиялы дұрыс жолға салып отыруға тырысқан. Мысалы, «Үндістан мемлекеттері кең, халқы мол, өнімі көп уәлаят болып орныққан. Шығыс пен оңтүстігі, бәлки, батысы да мұхитпен шектеседі. Солтүстігінде бір тау бар. Ол Үндікеш, Кәпірстан және Кешмир тауларымен жалғасып тұр. Солтүстік-батысында Кабул, Ғазна және Қандаһар бар», – деп қоғамдағы алатын орнына қарай жіктесе (Жеменей, 2023: 302), «Самарқанд ғажап көркем қала, бұл қаланың бір ерекшелігі өзге қалада кемде-кем болатын жайт. Онда әр кәсіпке арналған бір базар бар, кәсіп саласы бір-бірімен араласып жатқан жоқ. Бұл дәстүр түрі іспеттес. Жақсы наубайшы және аспаздық шаруалар қалыптасқан. Әлемде жақсы қағаз Самарқандтан шығады», – дей келе (Жеменей, 2023: 70) тұрған жерінің ерекшелігі мен кәсібіне терең мән берген, тағы бірде «Әндіжан уәлаятының көшпенділерінің бірі – Шегірек тайпасы. Олар қалың жұрт. Бес-алты мың шаңырақ ел. Олар Ферғана мен Кашғар арасындағы тауларда тұрады. Олардың жылқылары көп, қойлары қалың сан. Ол тауларда сиыр орнына қодас өсіреді. Қодас молынан бар еді. Таулары берік және шекарада болғандықтан мал өткізу дәстүріне ие емес», – деп даму бағытын айқындап берген (Жеменей, 2023: 54).

Үшінші сала – әскери психология. Бабыр билеуші, әмір, қолбасшы, әскерлердің психологиялық қасиеттерінің ерекшеліктерін (қызығушылық, дағды, қабілет, мінез, темперамент және т.б.), сондай-ақ жауынгерлердің санасы мен эмоциясын терең бағамдай білген. Ол әртүрлі әскери іс-әрекеттердің психологиялық мәселелерін, оның әлеуметтік тарихи жағдайларға сәйкес даму деңгейлерін, жауынгерлердің жеке басының даярлығын, әскери ұжымдардың жауынгерлік қабілетін, саяси қырағылығы мен әзірліктерін саралап отырған. Мысалы, «Хұсрау шаһтың інісі Уәлі өзеннен өткен кісілердің үстіне бармаққа ынталанса да, Сұлтан Мәсуд мырза Уәлидің жауы Бақи

Шағанианнан жүрексініп, өзеннен өткен кісілердің үстіне бармады. Содан Сұлтан Мәсуд мырзаның әскери тобы бытырап, Ғисар (Хисар) жаққа қарай бет алды», – деп басшының әлсіздігін сараптаса (Жеменей, 2023: 57), «Гәрдіз жұрты мықтылықтан кенде емес. Гәрдіз жұрты Насыр мырзамен шайқасқанда мырзаны әжептәуір әбігерге салды», – дей келе топтың мықтылығын көрсетеді (Жеменей, 2023: 172). Сонымен қатар Бабыр «Қазақ жігіттерінің» асқан батыл, ержүрек келетінін де бірнеше жерде баян етеді. Мысалы, «Әндіжан мен Ош өңірінде де қазақ жігіттер әиарлықпен тынбай шабуылдап, жылқыларын айдап, кісілерін өлтіріп, қатты әлсіреткен болатын», «Төлен қожа атты барынның ер, бетке ұстары қазақ жігіттерден еді. Әкем Омар Шейх мырза жанашырлық қылып еді, қазір де жанашыр болып жүр. Мен өзім тәрбиелеп, бек қылып едім. Ғажап ер және қазақ жігіт еді. Жанашырлыққа лайықты еді», – деп ерекше құрмет білдірген (Асантегі, 2002: 149).

4. Зерттеу нәтижесі

Бабырға арналған барлық байыпты зерттеулерде оның басқаларға деген көзқарасында шыншыл болғандығы, реалист екендігі баса айтылады. Бұл пікірмен келіспеу мүмкін емес. Расында, Бабыр туыстарының жағымсыз қасиеттерін айтудан ұялмаған және осы жағымсыз қасиеттерін еш бүкпесіз берген, сонымен қатар қарсыластарының да қасиеттерін айтудан қорықпаған. Сонымен қатар ешқашан қарсыласына әділетсіз позицияда болмаған. Біз оны жоғарыда Шейбани ханмен мысал ретінде атап өттік. Әділеттілікті үнемі жанына ту етіп ұстаған. Мұндай ізгі қасиеттеріне объективті баға беретін болсақ, біріншіден, Бабырдың исламдық этика негізінде тәрбиеленген иманды-мұсылман болғандығынан, екіншіден, оның жаратылысына тән кең пейілділік пен шыншылдықтан, әділдіктен туындайды деп ойлаймыз. Сөзімізге дәлел болу үшін Бабырдың өз сөзіне жүгінейік: «Ұшпу сөзді шағым жасайын немесе қайырымдылығымды білдірейін деп мақтан үшін жазбадым, шындықты, болған оқиғаны ешбір қоспасыз қағазға түсіріп отырмын. Естелікті жазуда алға қойған мақсатым, шындықты, болған оқиғаны ешбір қоспасыз қағазға түсіріп отырмын. Естелікті жазуда алға қойған мақсатым – ақиқатты, қандай да болмасын істі сол қалпында баяндап жазу. Сондықтан тумаларымның, бауырларымның жақсы-жаман істерін алыс-жақын адамдардың кемшілігін де, артықшылығын да бүкпесіз айтып отырмын. Жарандар, жамағаттар, меймандар кешірім етер деймін» (Қожабекұлы, 1993: 5).

Жалпы адам жаны өте нәзік және терең сезім иірімдеріне толы келетінін білеміз. Ал оқырманына кейіпкерді кеңінен таныту мен сол сезімдерді бере білу үшін авторлық шеберлік керек. Зәһиреддин Мұхаммед Бабыр ең құнды еңбегінде өзі тоқталған атаулы тұлғаларды психологиялық тұрғыдан нақты талдап өткен. Кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезов айтқандай, «...психология араласпаса өзгенің бәрі сылдыр су, жабайының тақ-тақ жол», – деді (Әуезов, 1991: 10). Ендеше Бабырдың әлемге әйгілі мемуарлық шығармасында психологиялық портрет пен психологиялық деталь көптеп кездеседі және оны жоғарыда мысалдар арқылы дәлелдеп өттік. Яғни автор кейіпкердің тек сыртқы келбетіне ғана тоқталмай, адамдардың мінез-құлқын сипаттап, оны кеңінен ашу үшін олардың иманына, тақуалығына және исламның үкімдерін орындауына қарай оң немесе теріс баға беріп, осы мәселе бойынша өзінің

берік көзқарасын білдіреді. Бабыр өз еңбегінде адамдарды мінезіне не іс-әрекетіне қарап айыптамайды, салыстырмалы талдау да жасамайды. Әр кейіпкерін жеке тұлға ретінде қалай бар солай суреттеп көрсетеді. Мысалы, әкесінің психологиялық портретін толықтай ашу үшін оның сыртқы түр-келбетімен қоса, батырлық, әділдік, адамгершілік, имандылық тұрғысынан да бүкпесіз шындықтарды жазады. Автор кеңінен тоқталып, жан-жақты талдау жасап өткен негізгі бес кейіпкер бойынша мақаламызда талдау жүргіздік. Аталған мақсат-міндетімізге жету барысында билеушілер әмірлеріне де психологиялық талдау бойынша диаграмма құрдық.

5. Қорытынды

Мақалада зерттеу нысанына алынып, нотаға түсірілген күйлер орындаушылық және музыкалық-теориялық тараптардан кешенді талданды. Хатталған халық күйлері мен авторлық күйлердің ұқсастығы мен айырмашылығын ажыратуда салыстырмалы талдау әдістері пайдаланылды.

2.2 Материалға сипаттама

Музыкатушы, өнертану ғылымдарының кандидаты В.Е. Недлинаның «Жоғалған мектептер мен дәстүрлердің қайта жандануы уақыттың маңызды белгісіне айналуға. Олардың арасында айтыс (музыкалық аспаптың, көбінесе домбыраның сүйемелдеуімен суырып салма әнші-ақындардың байқауы), Шығыс Қазақстан шертпе домбыра мектебінің мұрасы, бақсылық рәсімдері, сопылық зікір (зікір) сияқты дәстүрлі мәдениеттердің құбылыстары бар»¹ (Nedlina, 2016: 2-3), – деп жазғанындай, қазіргі таңда Шығыс Қазақстан күйшілік дәстүрін қайтадан терең зерттеу өзекті мәселелердің қатарында екені даусыз.

Шығыс өңірінің күйшілік дәстүрі аймақтық жағынан кең ауқымды қамтиды. Бұл дәстүрге еліміздің Шығыс Қазақстан, Семей, Алтай, Тарбағатай, Шыңғыстау, Шұбартау, Аягөз, Катон-Қарағай, Күршім өңірлерінің, сонымен қатар Қытай Халық Республикасының Шығыс Түркістан, Шыңжаң, Моңғолияның Баян-Өлгий аймағы қазақтарының күй мұралары жатады. Бұл туындылар өзінің көп тақырыптылығымен, әртүрлі нұсқаларының болуымен ерекшеленеді. Жоғарыда аталған өңірлерде аттас күйлер^{**2}, аңыз, тарихқа негізделген туындылар кең тараған. Шығыс Қазақстан, Алтай-Тарбағатай мектептерінің күйлері ертеден келе жатқан аңыз оқиғалар желісіне құрыла отырып, адам мен табиғат арасындағы байланысты көрсететіні белгілі.

¹ A revival of almost lost schools and traditions becomes an important sign of the times. Among them there are such phenomena of traditional cultures as aitys (competition of improvisational singer-poets with the accompaniment of a musical instrument, often dombra), the heritage of the East Kazakhstan shertpe dombra school, baqsylyq shamanic rituals, Sufi zikir (dhikr) (Nedlina 2016: 2-3).

² Қазақтың күйтану саласында аттас күйлер кеңінен қарастырылған. Мысалы, «Аққу» күйлері С.Аманованың, «Науысқы» күйлері П.Шегебаевтың, «Балбырауын» Г.Омарованың, «Қосбасар» С.Қалиевтің, «Қамбархан» Б.Мүптекеевтің, «Ақжелең» Д.Бактығалиеваның, «Арнау» А.Қазтуғанованың зерттеулерінде қарастырылған.

Осы ауқымды да үлкен күйшілік дәстүрді зерттеу мәселесі тек XX ғ. 60-70-жылдарынан бастап қолға алына бастады және сол кезеңдерде У. Бекеновтің, Қ. Ахмерұлының, Т. Бекхожинаның еңбектері жарыққа шыға бастады.

«Народная музыка в Казахстане» атты мақалалар жинағында Талиға Бекхожинаның «Кюи-легенды» мақаласы жарияланған. Автор мақалаға шағын кіріспе ретінде аңыз күйлердің зерттелу жолдарын баяндай отырып, Батыс және Шығыс Қазақстандағы аңыз күйлер формасының сақталуын салыстырады: «... в Западном Казахстане, где инструментальная, преимущественно домбровая, музыка достигла наивысшего расцвета, эта форма, по-видимому, исчезла, а сама программность кюев приобрела как бы лирико-эмоциональный характер...» (Народная музыка в Казахстане, 1967: 130).

Мақаланың негізгі бөлімінде 1962-63 жж. М.О. Әуезов ат. Әдебиет және өнер институтының Семей және Шығыс Қазақстан облыстарына жасаған экспедициясы кезінде жиналған күй аңыздары келтірілген. Атап айтсақ, олардың ішінде Бекбосын Сағадиев деген респонденттен жазылып алынған «Жорға аю», «Көк төбет», «Өрелі кер», «Тансаңшы», «Тезек батыр», «Телқоңыр», «Балжыңкер», «Жұмағұл күйі», «Бел асар», «Бозинген», «Қалмақтың қара жорғасы», «Көк бесті», «Бозайғыр күйі», «Ақсақ құлан», «Кер торы», «Қорамжанның күйі», «Тел киік», «Қосқақы», «Таукүдірет», «Қара атты мен торы атты» сияқты көне күй аңыздары берілген (Народная музыка в Казахстане, 1967: 130-138).

Шығыс Қазақстан күйлерін жинақтап, зерттеп, орындап, насихаттау жолында күйші, зерттеуші Уәли Бекеновтің еңбегі орасан зор. Ғалым осы дәстүрдің күйлері мен күйші-композиторлары жайында «Күй табиғаты», «Күй керуені», «Шертпе күй шеберлері» кітаптарында көптеген құнды деректер жазып, бірқатар ноталарын жариялады.

У.Бекеновтің «Күй табиғаты» атты кітабының «Тереңнен толғап сыр тартқан» атты тараушасында автор Қорқыт, Кетбұға заманында қалыптасқан күйшілік өнерді тілге тиек ете отырып, М. Өскінбаев арқылы жеткен «Ақсақ құлан» күйінің аңызын баяндайды. Күйлерді желісіне байланысты аңыз күйлері және қоғамның, халықтың тыныс-тіршілігінен сыр шертетін туындылар деп бөліп қарастырады. Әрі қарай шертпе күйдің негізін қалаушы Байжігіт жайында деректер келтіреді. Мұнда көбінесе Байжігіттің шәкірттерін өмір сүрген кезеңдеріне қарай бөліп қарастыруы өте құнды әрі маңызды болып табылады. Атап айтсақ, 1931 ж. дейін өмір сүрген Мүсәпірхан Доғалұлы, Кеней, Раш, Дүбіра, Мақажан, Бадау, Құлыншақ, Хаймолда сияқты шәкірттері. Солардың ішінде күйші Қаймолданың ұлы Омар Хаймулдиннің Мүсәпірханнан алған деректерін, соның ішінде Байжігіттің «Қоңыр қаз» күйінің шығу тарихын баяндаған.

О. Хаймулдин «Ақсақ құлан», «Қара жорға», «Жекейторы», «Қаракөк», «Көксерке», «Көк қаршыға», «Жалғыз жан», «Салқара», «Саршыған», «Кербалақ», «Сылаң торы», «Қайың сауған», «Алмажай», «Тепеңкөк» сияқты күйлердің жеткенін айтып, олардың бірсыпырасын өзі де орындап, Қ.Жүзбасовтың лайықтауымен нотаға жаздырған екен.

Әрі қарай автор Байжігіттің келесі ізбасарларының бірі күйші Жүнісбай Стамбаев жайлы деректер келтіреді. Байжігіттің күйлерін Бодау ақыннан, Қызай домбырашыдан үйренген Жүнісбай өз кезегінде оларды жиені Т. Әсемқұловқа үйреткен.

Мақаланы қазақ күйлерінің жалпылама даму тарихымен, зерттелу деңгейімен өрбіте отырып, қорытындысында шертпе күйлердің таралу аймақтарын, олардың насихатталуын, практикалық қолданысын баяндайды.

«Қазақ күйлерінің орындалу ерекшеліктері» атты тарауында автор композиторлық шығармашылыққа назар аударып, Батыс Қазақстан күйшілік дәстүрінен Дина, Үрістембек Омаров, Мұрат Өскінбаевтың шығармашылығын, Тәттімбет, Сүгір күйшілік мектептерін, сондай-ақ Шығыс Қазақстан күйшілік дәстүрінің өкілдері Раздық Ахметжанов, Шанақ Ауғанбаев, Бағаналы Саятөлеков сияқты күйші-композиторлардың өмірі мен шығармашылығынан деректер келтіреді.

Белгілі күйші Шотайбайдың шәкірті Раздық Ахметжанов туралы мақаласын Уәли Бекенов Раздықтың ұстаздығы, күй үйрету әдісі, шәкірттері жайлы естеліктерінен бастайды. Әрі қарай Раздықтың «Аңшының зары», «Шыңырау», «Сал күрең» күйлерінің шығу аңызын баяндап, олардың музыкалық-көркемдік ерекшеліктерін сипаттайды. Мақала Шығыс Қазақстан күйшілік дәстүрінде кең тараған сыбызғы өнерімен жалғасып, оның көрнекті өкілі, белгілі сыбызғышы, күйші-композитор Шанақ Ауғанбаевтың өмірі мен шығармашылығы жайлы айтылады. Сонымен бірге Бағаналы Саятөлеков, Закария сияқты күйшілер жайлы және олардың репертуары айтылады (Бекенов, 1981).

1976 ж. белгілі жазушы М. Мағауин «Жұлдыз» журналының 9-нөмірінде «Күй иесі – Байжігіт» атты мақаласын жариялаған. Мақаланың 1-бөлімінде Байжігіттің тікелей ұстазы, атақты күйші Сары Нияз төренің өнері, күй-тартыстары баяндалады. 2-бөлімінде Байжігіттің өмірі, ол ғұмыр кешкен дәуірдің тарихи оқиғалары (қалмақ шапқыншылықтары, «Ақтабан-шұбырынды»), сол тарихи оқиғалар желісіне туындаған «Ақтабан», «Қайың сауған», «Ақтабан-шұбырынды», «Азат» сияқты күйлерінің тарихы баяндалып, олардың музыкалық ерекшеліктері сипатталады. Автор мақаланың 3-бөлімінде Байжігіт күйлерінің тақырыптық ерекшеліктерін, олардың шығу тарихын жазады. Соңғы 4-бөлімі – Байжігіт күйлерінің таралу жолдары және шәкірттері жайында (Мағауин, 1976: 180-186).

Байжігіт туралы құнды деректер келтіретін мақалалар сондай-ақ 1991 ж. жазушы, әдебиет зерттеушісі, ғалым, филология ғылымдарының докторы А. Сейдімбектің «Орталық Қазақстан» газетінің 235-236-нөмірлерінде жариялаған «Байжігіт (XVI-XVII ғасырлар)» және 2003 ж. «Дидар» газетінің 33-нөмірінде жарық көрген Т.Баяқовтың «Күй құдіреті (Байжігіт туралы тарихи дерек)» атты еңбектерден жалғасын тапты.

1977 ж. Қ. Ахмерұлының «Баян-Өлгий қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері» атты еңбегі жарық көрді. 3 бөлімнен тұратын бұл жинақтың 1-бөліміне домбырада орындалатын халық күйлері мен олардың аңыздары енген. Олардың бірқатарын атап өтсек, көпнұсқалы «Ала байрақ», «Ақсақ құлан», «Ақсақ қаз», «Балжыңкерлермен» қатар, «Бұлбұл Торғай», «Жалғыз киік», «Ертіс толқыны», т.б. күйлер. 2-бөлімінде К. Құмақайұлы, Ж. Ыбырай, Байал, Б. Тарлаубай сияқты

сыбызғышылардан жазылып алынған көптеген авторлық және халық күйлері мен олардың аңыздары қамтылған. Жинақтың 3-бөлімінде домбыраға арналған авторлық күйлер бар (Ахмерұлы, 1977).

1996 ж. Т. Бекхожинаның «Даламның назды саздары» атты кітабы шыққан. Оған Шығыс Қазақстан күйлері мен жыр мақамдары енген. Кітаптың 1-бөлімі Шығыс Қазақстан өңірінің аспаптық музыкасы» деп аталады. Бұл тараудың ерекшеліктерінің бірі – автордың күйлерді тақырыптық мазмұнына байланысты жіктеуі. Ол күйлерді «Эпикалық жыр құрамына кірген және тарихи аңыздарға енген күйлер», «Хайуанаттар туралы күйлер», «Жаратылыс туралы күйлер» деп 3 бөлікке топтастырып, олардың әрқайсысына ғылыми түсініктемелер береді. «Домбыра күйлері» атты тарауында Шығыс Қазақстан күйлерінің қоғамдағы рөлін, олардың мелодиялық, көркемдік, орындаушылық ерекшеліктерін айта отырып, Бейсенбі, Әбділ, Бекбосын, Ақбұзау сияқты күйшілердің өмірі мен шығармашылығынан құнды деректер келтіреді.

«Сыбызғы күйлері» атты тарауында сыбызғы аспабының жасалу, қолдану жолдары, дыбыстық, диапазондық ерекшеліктері айтылады. Экспедиция нәтижесінде домбыра мен сыбызғы күйлерінің таралу аймақтарын салыстырады. Сонымен қатар Шығыс Қазақстан облысының Күршім, Катон-Қарағай аудандарынан шыққан Шерубай, Биқан Шерубаев, Шанақ Ауғанбаев сияқты күйшілердің өміріне, шығармашылығына, орындау ерекшеліктеріне, күйлерінің аңыздарына тоқталады (Бекхожина, 1996).

Шертпе күйді, оның ішінде Шығыс Қазақстан күйшілік дәстүрін зерттеуде С. Қалиевтің «Күйшінің шығармашылық ойлау контекстіндегі шертпе күйлердің өміршеңдік құрылымдары» («Формы функционирования кюев-шертпе в контексте творческого мышления кюйши») тақырыбындағы кандидаттық диссертациясын атап өту маңызды.

Автор осы көлемді зерттеу еңбегінде көптеген жаңа терминдер мен ұғымдарды ашқан. Диссертацияның 1-тарауы «Қазақ халқының дәстүрлі музыка мәдениеті контекстіндегі шертпе-күйлер» («Кюй-шертпе в контексте традиционной музыкальной культуры казахского народа») деп аталған. Мұнда жанр аралық байланысты зерттеу аясындағы халықтың аспаптық музыкасының заманауи ахуалдары қарастырылады. Шертпе күйдің орындаушылық, жанрлық-стильдік ерекшеліктерін және композициялық заңдылықтарын аша отырып, автор «қайта интонациялау» («переинтонирование») деген жаңа терминге назар аударады. Осы термин арқылы халық музыкасының шығармаларының өзінің табиғи контекстінен алынып, қала мәдениетіне, яғни жазба дәстүріне ауысып, ансамбль, оркестрлердің репертуарына қосылғанын тілге тиек етеді.

Диссертацияның 2-тарауы «Арқа дәстүріндегі шертпе күйлердегі суырып-салмалықтың және нұсқалықтың өміршеңдігі» («Импровизационность и вариативность как формы функционирования кюев-шертпе Аркинской традиции») деп аталады және ол 3 бөлімнен тұрады:

Күйдің болмысындағы нұсқалық әдістер (Вариантность как способ существования кюев);

Күй нұсқалығының үш түрі (Три формы вариантного функционирования кюев);

Күйлердегі бірінші «күйден» екіншіге ауысуының кейбір тұрғылары жайында (О некоторых принципах перехода кюев из одного «состояния» в другое).

Бұл бөлімдердің әрқайсысында күйдің нұсқалық сақталу формалары екі жақты қарастырылған. Біріншісінде автор бұл формаларды бір күйшінің әр кезде орындаған күйі, бір мектептің өкілі болып табылатын орындаушылардың нұсқасы, әртүрлі жастағы орындаушылардың нұсқасы, әртүрлі мектептердің өкілдері орындаған нұсқалар деп бөлсе, екінші жағынан нұсқалықты объективтік-технологиялық жағынан топтастырады. Оған «жанр», «күйдің тұрақталу деңгейі», «күйшінің беделі және эталон», «шеберлік пен кәсіпқойлық», т.б. ұғымдарды жатқызады. Сонымен қатар күйлерді алғаш рет «тұрақты форма», «импровизациялық форма» және «аспаптық шағын әуендер» деп 3 топқа жіктейді.

Диссертацияның 3-тарауы «Күйші шығармашылығының ауқымдылығы және нұсқалық мәселелері» («Зонность творчества кюйши и проблемы вариантности») деп аталады. Ол өз кезегінде шығармашылықтың суырып-салмалық қасиеті және күйлердегі мәтінаралық факторлардың тұрақтылығы» («Импровизационность творчества и внутритекстовые факторы стабилизации кюев») және «Күйшінің шығармашылық ауқымы туралы және «жеткізу әдісі»» («Принцип «доводки» и о зонах творчества кюйши») деп екіге бөлінген.

Біріншісінде «Қосбасар» күйлер тобынан күйшінің шығармашылығын, композициялық-формалық ерекшелігін бір жүйеге салатын және тұрақтандыратын ортақ мәтіндік элементтер таба білген.

Тараудың 2-бөлімінде күйді тыңдаушыға жеткізудің бірнеше әдіс-тәсілдері айтылған. Мұнда автор «жеткізу» («доводка»), микродеңгей («микроуровень») деген жаңа терминдерді ашады және композитордың шығармашылық дәстүрдегі белгілі бір заңдылықтарға бағынатын шекарасын анықтаған (Қалиев, 1996).

Тағы бір арнайы ғылыми зерттеу жұмысы ретінде Д. Бекеновтің «Іле қазақтарының күйлері» (1998) атты еңбегін атап өтуге болады. 2 тараудан тұратын бұл еңбектің 1.1-тараушасы «Шыңжаң қазақтарының тарихы» деп аталады. Мұнда Қытайдың Шығыс Қазақстанмен шекаралас жатқан аумақтарында (Шыңжаң, Іле қазақ автономиялық облысы, т.б.) өмір сүретін қазақтардың күйшілік өнері, фольклорлық мұрасы, күйшілері жайында мағұлмат беріліп, олардың зерттелу деңгейі жайлы айтылған. Сонымен бірге әр кезеңде болған қалмақ шапқыншылығы, қазақтардың өмір салты да баяндалған.

«Шыңжаң қазақтарының этнографиясы жөнінде» деп аталатын тараушада Қытай жерінде өмір сүретін қазақтардың таралу аймағын Іле аймағы (астанасы – Құлжа), Тарбағатай (орталығы – Шәуешек қаласы) және Алтай аймағы (орталығы – Алтай қаласы) деп бөліп қарастырады. Осы аймақтардың әрқайсысына кіретін аудандар атап өтілген. Олардың мал шаруашылығы, салт-дәстүрлері жайлы айтылған.

Кітаптың 2-тарауы «Шыңжаң күйшілері» деп аталады. Мұнда Қожеке Назарұлы, Әшім Дүңшіұлы, Камал Мақайұлы сияқты күйшілердің өмірі мен шығармашылық жолы қарастырылған.

«Іле қазақтары күйлерінің көркемдік ерекшеліктері» атты тарауда жоғарыда аталған күйші-композиторлардың туындыларына талдаулар келтірілген. Олардың тарихына тоқтала отырып, ладтық, құрылымдық ерекшеліктерін анықтаған. Автор бұл жерде күйлерді «Интонациялық комплекс» термині арқылы бөліп қарастырады (Бекенов, 1998).

XXI ғ. зерттеулерге келер болсақ, А. Қазтуғанованың «Моңғолия қазақтарының сыбызғы және домбыра күйлері» (2014) зерттеуін, Б. Игіліктің «Алыстағы шұғыла» (2011), «Өр-Алтай қазақтарының музыкалық қазынасы» (2020) монографияларын және А. Мәулетұлының «Шыңжаңдағы қазақ домбыра күйлерінің көркем-шығармашылық тәжірибесі – ұлттық бірегейлікті сақтау факторы ретінде» (2018) тақырыбында PhD дәрежесін алу үшін қорғаған диссертациясын айтуға болады.

А. Қазтуғанованың еңбегінде Баян-Өлгий қазақтарының аспаптық музыкалық мәдениетіндегі көне күйлердің сақталуы, яғни олардың бүгінгі күнде насихатталуы, олардың күйшілер шығармашылығында алатын орны сараланған. Сонымен бірге күй өнерінің (домбыра және сыбызғы) көне үлгілері тақырыптық жағынан жіктеліп, ортақ тақырыпта кездесетін күйлер топтастырылып, бір топқа жататын күйлер талданған. Осы өлкеде кең тараған ағайынды сыбызғышылар Әлен Сәметұлы, Арыстан және Еңбек Абдоллаұлының күйлері зерттелген. Оған қоса осы аймақтың домбыра өнерінің көрнекті өкілі Сейіт Жұмажанұлының шығармашылығы қарастырылған.

Күйлерді талдау бөлімінде аттас «Жорға аю» халық күйлеріне, Әлен Сәметұлының «Егемен», Арыстан Абдоллаұлының «Ел көшкенде», Еңбек Абдоллаұлының «Сағыныш», «Қайнар бұлақ», «Атамекен» күйлеріне ғылыми түсініктемелер мен талдаулар берілген. Зерттеу жұмысына қосымша ретінде күйші-композиторлардың репертуары, авторлық күйлері, тақырыптық бейнесі көрсетілген, сондай-ақ күйлерді жеткізушілер жайлы мәліметтер кесте түрінде берілген (Қазтуғанова, 2014: 267-334).

Б. Игіліктің «Өр-Алтай қазақтарының музыкалық қазынасы» монографиясы да Шыңжаң, Алтай қазақтарының күйшілік мұрасын зерттеуге бағытталған еңбектердің бірі. Бұл зерттеуі «Шыңжаң (ҚХР) өңірінің тарихи, этнографиялық және музыка мәдениетінің зерттеулері» және «Алтай (Шыңжаң) қазақтарының домбыра күйлерінің ерекшеліктері» деп аталатын үлкен екі тараулардан тұрады.

Кітаптың 1-тарауында Шыңжаң қазақтарының тарихы мен этнографиялық бейнесі, Шыңжаң (Алтай) қазақтары дәстүрлі музыка өнерінің отандық және шетел ғалымдарының зерттеу еңбектерінде алатын орны және Алтай қазақтарының аспаптары және аспаптық музыкалық сипаты сияқты мәселелер қарастырылған. Сондай-ақ бұл тарауда Қытай қазақтарының күйшілері арасында кең тараған релятивті, сандық нота жүйесінің алатын орны айтылып, оған қатысты деректер мен ғылыми түсініктемелер келтірілген.

2-тарауда Алтай (Шыңжаң) қазақтарының күйлеріне композициялық, жанрлық-стильдік талдаулар келтірілген. Талдау негізінде Бейсенбі Дөненбайұлы (1803-1872), Мүкей Әбілқайырұлы (1884-1916), Тайыр Белгібайұлы (1921-1984), Дәулет Халықұлы (1939-2008) сияқты күйшілердің шығармашылығы алынған. Бұл күйшілердің туындылары тақырыптық тұрғысынан, композициялық құрылымы, интонациялық, ладтық, ырғақтық, өлшемдік ерекшеліктері жағынан толықтай зерделенген. Олардың күйлерінің ноталары кітаптың қосымшасында берілген (Игілік, 2011).

А. Маулеттің «Шыңжаңдағы қазақ домбыра күйлерінің көркем-шығармашылық тәжірибесі – ұлттық бірегейлікті сақтау факторы ретінде» (2018) диссертациясы да Шыңжаң қазақтарының күйшілік мектебін зерттеуге бағытталған. «Шыңжаңдағы қазақ күйшілік өнері қалыптасуының тарихи-мәдени негіздері» тарауында «Ұлттық

бірегейлік» категориясын философиялық, этимологиялық талдау, XIX ғасырдағы Шыңжаң қазақтарының музыка өнері бастауларына жалпы сипаттама, Шыңжаң өлкесіндегі қазақтардың көшпенді өмір-салты және оның күйшілік-орындаушылық дәстүріне әсері сияқты мәселелер қарастырылған.

Диссертацияның 2-тарауы «Шыңжаң қазақтарының XIX ғасырдағы күйшілік мектептеріндегі көрнекті тұлғалардың ұлт ділін қалыптастырудағы рөлі» деп аталады және ол «Іле аймағындағы күйшілік дәстүр және Әшім Дүңшіұлы күйлерінің көпнұсқалылығы», «Алтай аймағының халық күйлері және Бейсенбі Дөненбайұлы шығармашылығындағы тақырыптық бейнелер» және «Тарбағатай аймағы күйшілік өнерінің көрнекті тұлғасы Қайрақбай Шәлекенұлы күйлерінің құрылымы» деп аталатын бөлімдерден тұрады.

«Шыңжаң өлкесіндегі қазақ күйлерінің көркемдік және орындаушылық сипаты мен оның қазіргі ұлттық бірегейлікті нығайтудағы ықпалы» деп аталатын 3-тарауда көбінесе «Кеңес» күйлері аймақтық және құрылымдық ерекшеліктері бойынша сараланған. Сонымен бірге Шыңжаң күйшілеріне тән орындаушылық әдіс-тәсілдер мен пернелік жүйелер қарастырылып, домбыраның бірнеше түрлері жайлы мәліметтер кездеседі. Сондай-ақ диссертацияда Бейсенбі Дөненбайұлы, Қайрақбай Шәлекенұлы, Әшім Дүңшіұлымен қатар, Мазак Жалғалбайұлы (1863-1937), Қоңқай Шоқырақұлы (1838-1914), Тілеміс Есенұлы (1863-1920), Тергеусіз Бәлекейұлы (1886-1947), Заманбек Әлжанұлы (1888-1944), Үрістем Дүйсенбайұлы (1895-1962), Жұмажан Сыдықұлы (1909-1982), т.б. күйшілердің шығармашылығы берілген. Олардың күйлерінің тақырыптық желісі, құрылымдық ерекшеліктері зерттелген (Маулет, 2018).

Бұл зерттеулер күні бүгінге дейін өзектілігін жоғалтпаған, әрі кең қолданысқа ие. Кейінгі жылдары Шығыс Қазақстан, Алтай-Тарбағатай күйшілік дәстүріне байланысты Қ. Абдоллаұлының «Бейсенбі күйлері» (2006), О. Кәсімбайұлының «Кәсімбай ән-күйлері» (2008), К. Мақайұлының «Күй пірі. Әшім Дүңшіұлының күйлері» (2008), М. Әбуғазы мен А. Маулеттің «Әшім және Іле аймағының күйлері» (2008), Д. Кенешұлы мен Б. Ысқақовтың «Алтай-Тарбағатай өңірінің домбыра күйлері» (2009), М.Әбуғазының «Шығыстың шыңырау күйлері» (2009), «Қазақтың домбыра өнері» (2016), Д.Кәсімбайұлының «Кәсімбай шығармалары» (2010), М. Таңғытұлының «Жайсаң» (2010), М. Хұсайынұлы мен Қ. Ахмерұлының «Алтай-Қобда қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері» (2018), А. Кәсімбайұлының «Өткен күндер-ай» (2016), т.б еңбектері мен күй жинақтары жарық көрген.

Шығыс Қазақстан, Алтай-Тарбағатай күйшілік дәстүрінде Бейсенбі Дөненбайұлының өнері маңызды орын алады: Бежең (Бейсенбіге халық берген есім) күйлерді орындаған композитор ғана емес, сонымен бірге ол сол кездегі қазақ даласында болған жер дауын, жесірлер дауын, мал дауларын әділ шешетін болған. 1836 жылы Алтайдағы төрт бидің бірі болып сайланды. Бейсенбі қазақ ұлтына қызмет еткен әділ де парасатты би және күйшілік өнерімен танылып, артынан көптеген мұра қалдырған өнерпаз³ (Zhamenkeyev, Y.Y., Medeubek, S.M., Sengirbay, G.S., Yerbol, M.Y.

³ Bezheng (the name given to Beisenbi by the folk) was not only a composer who performed the kuis, but he was also a by who accomplished fair judging of the disputes of lands, dispute of widows, cattle-stealing disputes that occurred on Kazakh steppes at that time. In 1836 he was elected as one of the four beys in Altay. Beisenbi

2016: 11438).

Шығыс Қазақстанның күйшілік дәстүрінде ұлы Абайдың мектебі де кең тараған. Кезінде Абай күйлерін белгілі домбырашы Ғайса Сармурзиннен Уәли Бекенов жазып алған. «Күйлерді 1983 жылы У.Бекенов Ғайса Сармурзиннің орындауында жазған. Ғайса бұл күйді Абайдың немересі Исраилден алған, ол оны Абайдың өзі орындаған кезде «қолынан» үйренген. «Май түні» күйінің музыкалық ерекшеліктеріне келетін болсақ, онда табиғат сұлулығы жеткізіліп, терең сезіммен орындалады. Күйдің сипаттамаларында натуралды және гармониялық минор салыстырылады. Бұл Абай әндеріне тән құбылыс. Атап айтқанда, «Есінде бар ма, жас күнін», «Татьяна сөзі» әнінің 4-нұсқасы. Күй әуенінің дамуы оның әндерінің сабақтастығын да көрсетеді. Мысалы, күйдің кіріспе бөлімінде бірте-бірте дамып келе жатқан әуенде «Бойы бұлған» әнінде кездесетін техникаға ұқсас өткір секіріс бар. Күй әуенінің бірте-бірте дамуы «Көзімнің қарасы» «Қараңғы түнде тау қалғып», «Қарашада өмір тұр» әндерін еске түсіреді*⁴ (Kaztuganova, Omarova, Turmagambetova, Kasimova, Kuzembay, 2019).

Т. Ибрагимов пен С. Малаев «Шыңғыстау өңірінің шертпелері» (Ибрагимов, Малаев, 2016) атты жинағын шығарды. Онда Абайдың, Шәкәрімнің, Берікбол Көпенұлының, т.б. күйшілердің туындыларымен қатар, бірқатар халық күйлері енді.

А. Есенұлы мен Г. Елеусізқызының «Күй керуені» (1997) жинағында «Сары өзен», «Ақсақ құлан» халық күйлерінің бірнеше нұсқасы берілсе, А. Райымбергенов пен С. Аманованың «Күй қайнары» (1990) жинағында Ш. Ауғанбаев пен К. Құмақайұлының орындауындағы «Бөкен жарғақ», «Есік алды балқурай», «Қош есен бол», «Қазақтың күйі», «Қалмақтың күйі», «Тепеңкөк», «Хан жұбату», «Бегім бер», «Қызылқан», «Жүндібайдың сазы», «Жорға аю» сияқты сыбызғыға арналған авторлық және халық күйлері қамтылған.

Дегенмен Қытай, Моңғолия қазақтарының күйші композиторларының шығармашылығына байланысты жоғарыда аталған біршама жинақтар мен еңбектер шығарылса, Қазақстанның ішкі аймақтарындағы Күршім, Зайсан Марқакөл, Шұбартау, Шыңғыстау, т.б. аудандарынан шыққан күйшілер жайлы жинақтар жоқтың қасы. Кей жағдайда олар жайлы деректер де табылмай жататын жағдайлар кездеседі.

Шығыс Қазақстан күйшілік аймағының зерттелу деңгейін анықтау барысында филологтардың, күйшілердің, музыканушылардың еңбектері назарға алынды. Бұл еңбектердің басым бөлігі Қытай және Моңғолия елдеріндегі қандастарымыздың күйшілік дәстүріне арналған болса, Шығыс Қазақстанның жергілікті аймақтары

was a fair and wise bey, who served the Kazakh nation and an artistic figure who fulfilled the kui heritage and passed down his art (Zhamenkeyev, Y.Y., Medeubek, S.M., Sengirbay, G.S., Yerbol, M.Y. 2016: 11438).

⁴ «The kuy was recorded in 1983 by U.Bekenov in performance of Gaisa Sarmurzin in 1954. Gaisa received this kuy from Issrail the grandson of Abai, who learned him from “the hands” when Abai himself was performing it. As for the musical characteristics of the kuy “Mai Tunj”, the beauty of nature is conveyed in it and performed with deep feeling. In the fret characteristics of the kuy, the natural and harmonic minor are compared, which is typical for the songs of Abai. In particular, in the song “Esinde bar ma, zhas kunin” (“Do you remember your youth”), “Tatiana sozi” (“Tatiana’s Letter”) 4th option. The development of the kuy melody also indicates the continuity with his songs. For example, in the introductory part of the kuy in the gradually developing melody, there is a sharp jump, which is similar to the technique which is found in the song “Boiy bulgan” (“Boaster, insolent”). The gradual melody of the kuy reminds the song “Kozimmin karasy” (“You are – the apple of my eye”), “Karangi tunde tau kalgyp” (“Mountain Peaks”), “Karashada omir tur” (“So autumn has come”) (Kaztuganova, Omarova, Turmagambetova, Kasimova, Kuzembay, 2019).

жайында жазылған еңбектерде ақпараттық мәліметтер, өмірбаяндық деректер жазылған. Зерттеу барысында мұрағат материалдарынан айқындалған жаңа есімдер туралы мағлұматтар ешбір басылым беттерінде жарық көрмеген. Олар туралы деректерді келешекте аймақтық мұрағаттардан қарастыру қажет. Дегенмен осы өңірлерде туған кейбір күйлер тұңғыш рет нотаға түсіріліп, 2020 жылы жарық көрген «Ұлы даланың көне сарындары» антологиясының 2-томына енгізу арқылы жаңғыртылды деуге болады (Ұлы даланың көне сарындары, 2020: 284-447).

3. Талқылау

Шығыс Қазақстан аймағынан табылған, бірақ көп жылдар бойы архивте жатып, баспа бетін көрмеген немесе өте сирек орындалатын күйлердің кейбіреулерін төмендегі кестеден көруге болады.

№	Күй	Автор	Орындаушы
	«Жасыл бақ»	Ибраев Ж. (Семей облысы, Шұбартау)	Ибраимов Ж.
	«Сарыарқа күйінің құлақ күйі»		
	«Боз айғыр»		Кәрменов Сарқыт
	«Қара атты мен торы атты»		
	«Шыңырау»	Халық күйі	Мотышев Манекс
	«Ақпан»		
	«Қара атты мен торы атты»		
	«Сайбақтың сары өзені»		
	«Мұңлы қыз»		
	«Сұр теке»		
	«Құлақ күйі»	Стамбаев Жүнісбай (Абай ауданы)	Стамбаев Жүнісбай
	«Аққу»		
	«Бозінген»		
	«Телқоңыр»		
	«Қазақтың қара жорғасы»		Смагулов Болат
	«Ақтабан Шұбырынды – Алқакөл сұлама»		
	«Өмір арманы»	Құсатаев Телман	Құсатаев Телман
	«Сайтан торы»		
	«Қос басқан»		
	«Сұржекей»		Мырзаханов Маман
	«Күй басы»		
	«Маңғабыл»		
	«Арнау»		
	«Шалап»		
	«Кеңес күйі»		

Мақалада Шығыс Қазақстан күйлерін ғана емес, сонымен бірге фольклорын терең меңгерген күйші, әнші Беделбек Әбілмәжинұлының орындауындағы «Шағидың зары» және «Алшаңгер» халық күйлеріне талдау жасамақпыз. Беделбек Әбілмәжинұлының репертуары әртүрлі тақырыпты қамтиды. Мәселен, жануар, құс атауларына байланысты «Бұлбұл», «Алшаңгер», батырлықты, ержүректікті дәріптейтін «Қамшыгер» (Моңғолия, Қытай елдерінде қазіргі күнге дейін жеткен өнер), аңыз-әңгіме желісіне негізделген «Тансаңшы» және қазақ күй өнерінде кең тараған аттас «Терісқақпай» тақырыбындағы туындылар.

Жалпы Беделбек Әбілмәжинұлының шертісінде Шығыс Қазақстандық стильден бөлек, Арқа, Жетісу дәстүрлерінің де орындау тәсілдері анық байқалады. Мысалы, күйші жеткізген «Шағидың зары» атты халық күйінде орындаушылық, кейбір әуендік жүріс тұрғысынан Тәттімбеттің «Азамат қожа» туындысына ұқсас тұстары бар. Бұл аталған екі туынды да теріс бұрауда жүреді. Әсіресе төмен қағыспен саға бөліміне өрбіп шыққан кіріспе бөлімі Арқаның ән дәстүріндегі «ақынның әуен құрылымы» (С.Елеманованың термині) іспеттес. Салыстырмалы талдауға алынған екі күйі де ауқымы жағынан көлемді, орындаушылық шеберлік тұрғысынан күрделі туындылар болып есептеледі. Әдетте көне күйлерде үстіңгі ішектің бурдон дыбысы сақталады, бұл ретте екі күйдің кейбір тарауларында үстіңгі ішекте әуендік әдістер пайдаланылған:

«Шағидың зары»



«Азамат қожа»



«Шағидың зары» күйінің формасы көлемді, диапазоны кең болып келеді. Бұл Шығыс Қазақстан күйшілік дәстүріндегі көне аңыз желісіне құрылған халық

күйлері үшін сирек кездесетін құбылыс. Күйдің формасын А-В-А₁В₁ бөлімдеріне бөліп қарастыруға болады. Бұл бөлімдер аздаған өзгеріске ұшырап қайталанады әрі олардың арасын қорытынды әуен жалғап тұрады.

А бөлімі:

Жүрдек, екпінін үдете

The musical score for section A consists of three staves. The top staff is the melody, starting in 4/4 time and changing to 2/4, 3/4, and 4/4. It begins with a forte (*f*) dynamic. The middle and bottom staves provide accompaniment, with the bottom staff featuring a bass line with some chords and rests. The piece concludes with a double bar line and repeat dots.

Қорытынды әуен:

The concluding phrase consists of two staves. The top staff is the melody, and the bottom staff is the accompaniment. The time signature changes from 2/4 to 3/4, then to 8/8, and finally to 7/8. The piece ends with a double bar line and repeat dots.

В бөлімі:

The musical score for section B consists of four staves. The top staff is the melody, and the bottom three staves provide accompaniment. The time signature changes frequently, including 3/4, 2/4, 8/8, 4/4, 3/8, 7/8, and 6/8. The piece concludes with a double bar line and repeat dots.

Бұл күйдің метроритмдік жүйесі де күрделі болып келеді, мұнда 2/4, 3/4, 4/4, 5/8, 6/8, 7/8, 8/8 сияқты өлшем түрлері кездеседі. Сондай-ақ мұнда күрделі әуендік жүріспен қатар, ырғақтық жүйе де маңызды рөл атқарады. Күйде бөлшектенген, пунктирлі, синкопалық, бірыңғай ырғақ түрлері бар. Күйдің ладтарынан трихордтық жүрістер, субкварталық секірістер жиі кездеседі. «Шағидың зары» күйін Беделбек Әбілмәжинұлының репертуарындағы күрделі, шеберлікті қажет ететін және күйшінің өзіндік орындаушылық қолтаңбасын көрсете алатын туындылардың біріне жатқызуға болады. Күйдің әуендік жүрісі бір регистр айналасында дамымай, бас буын, негізгі, орта, кіші саға аймақтарын қамтып отырады. Бұл да болса, Шығыс Қазақстанның жергілікті аймақтарына тараған халық күйлері үшін сирек құбылыс деген тұжырымға алып келеді.

Ал Беделбек Әбілмәжинұлының репертуарындағы «Алшаңгер» күйінің әуені негізінен бір интонациялық комплекс арқылы орындалады, сонымен бірге күйді шумақты формаға жатқызуға болады. Күйді АВАВА₁ бөлімдеріне бөліп қарастыруға болады. Метроритмдік жүйесінде 2/4, 3/4, 4/4, 3/8, 5/8, 7/8, 8/8 өлшемдері ауысып отырады. Күй шағын кіріспемен басталып, негізгі әуенге ауысады:

Алшаңгер

Халық күйі
Орындаған Беделбек Әбілмәжинұлы
Нотаға түсірген Жаманбалинов Ернат

Жүрдек ♩ = 164-190


The musical score for "Alshanger" is written in G major (one sharp) and consists of two staves. The first staff begins with a tempo marking of "Жүрдек ♩ = 164-190". The music features a variety of time signatures: 2/4, 3/4, 4/4, 3/8, 5/8, 7/8, and 8/8. Dynamics include *mf* (mezzo-forte) and accents (*acc.*). The score includes repeat signs and first/second endings.

А бөлімінің әуені d-g ладтық тірегінен басталып, үстіңгі ішектен астыңғы ішекке ауысып отырады және ол бірнеше рет қайталанып келіп, күйдің интонациялық негізін құрайды:

This musical score illustrates the melodic structure of the A section. It is written in G major and shows the transition between different time signatures and rhythmic patterns. The notation includes accents and dynamic markings to highlight specific melodic features.

Шумақты түрде екі рет қайталанған әуен В бөліміне ауысады да, сәйкесінше А және В бөлімдеріне қайтып келеді. Мұндай екі интонациялық комплексті кезектестіре қайталап отыру Сүгірдің «Жолаушының жолды қоңыры» (жігіттің тартқаны) күйінде кездеседі. Ал күйдің қорытындысы ретінде А бөлімі сәл өзгеріске ұшырап аяқталады.

В бөлімінің әуені d-g, g-h, h-d ладтық тіректері арқылы II октаваның соль нотасына секіріп, секвенция арқылы А бөліміне қайтып келеді:



Сондай-ақ Б. Әбілмәжинұлының авторлық «Шалқыма» туындысы да күй өнерінде кең тараған аттас күйлер тобына жатады. Автор өз естеліктерінде оның шығу тарихын төмендегідей баяндайды: «Өнерде шабыт деген қасиетті ұғым бар. Ұлың ұлы домбыраның тілін ұғып, құлағында ойнап жатса, қалай бойыңа шабыт келіп, шалқымайсың? «Шалқыма» деген күйімді 1984 жылы сол ұлыма арнап шығарып едім. Үйреткен күйлеріме көп қиналмады, десе де саусақтары қысқа болып қиналған жерлеріміз болды. «Шалқыманың» төменгі сағасын қиындатыңқырап ұлыма үйретіп едім».

Күй «атына заты сай» көңілді, жүрдек екпінде орындалады. Ауқымы кең бұл күйде бөлімдер арасы секвенциялық әуенмен жалғасып отырады:



Мұндай үрдіс осы Шығыс Қазақстан күйшілік мектебінің өкілі, композитор Рахымбек Ноғайбаевтың «Атамекен» күйінде кездеседі. Осыған орай заманауи Шығыс Қазақстан күйлері өзіндік бір эволюцияға ұшырау үстінде деген пікір қалыптасады.

4. Зерттеу нәтижесі

Бұл талдаулардан түйетініміз, Шығыс Қазақстанның Өскемен, Күршім, Зайсан аудандарында сақталған халық күйлерінде пентатоникадан бөлек басқа да халық ладтарының түрлері жиі кездеседі. Бұл үрдіс Шайқы Құсайынов пен Беделбек Әбілмәжинұлының репертуарынан анық көруге болады. Және осы екі күйшінің орындауында жеткен «Жортуыл күйдің бір термесі», «Алпыс тоғыздың бір бұтағы», «Қоңырдың бір бұтағы», «Көксері», «Шағидың зары», «Алшаңгер», «Терісқақпай», «Көкбесті», «Қамшыгер», т.б. күйлердің табылуы зерттеліп отырған аймақтарда сақталған күйлердің мол мұрасы сақталғанын көрсетеді.

Шығыс Қазақстанның жергілікті күйлерінің таралуы ареалдық жағынан өте кең аумақты қамтиды және осы аумақтардың көптеген күйшілерінің орындаушылық

ерекшеліктеріне байланысты олардың өнерін жекелеген мектептер ретінде қарастыруға болады. Бұл дәстүрдің күйлері тақырыптық жағынан өте ауқымды. Олар үшін көне аңыздар, тотемдік наным-сенімдер, нақтылы тарихи оқиғалар, белгілі тұлғалардың есімдері, т.с.с. факторлар әрдайым өзекті болып табылады.

Халық күйлеріне музыкалық-теориялық талдау жасау арқылы келесі ерекшеліктер анықталды: оң және теріс бұраудағы күйлер кең тараған; оң және теріс бұраудағы халық күйлерінің басым көпшілігіне тән маңызды үрдістердің бірі – оларда кенеттен үстіңгі ре ішегіне ауысып, бөлім арасын жалғайтын қорытынды әуендер кездеседі; салыстырмалы тұрғыдан аттас күйлерді қарастырғанда Шығыс Қазақстан күйлерінің өлшем бірлігі ауыспалы өлшемде жазылған; ладтық бояуында басым бөлігі ионийлік, миксолидийлік ладтар кездесе, локрийлік және пентатоника сирек ұшырасады. Күйлердің қағыс ерекшелігінде Арқа күйлерінің қағыстарына жақын келеді. Атап айтқанда, күреп қағу тәсілдері, екі ішекті алма-кезек ауыстыра отырып іліп орындау, теріп ойнау, төмен немесе жоғары қағыстардың қатар келуі, тұтып қағу тәсілдері орын алған. Әуендік ерекшелігінде тізбектелген дыбыс қатарымен берілген толқынды иірімдер, пентатоника дыбыс қатарына негізделген интонациялар, терция және секунда аралығында құбылмалы дамитын әуендер көрініс тапқан.

5. Қорытынды

Қорыта келе, Шығыс Қазақстан облысында орналасқан жергілікті аймақтарда тараған күйшілік өнерін болашақта әлі де кеңінен қарастырып, көптеген жаңа тұлғаларды тауып, олардың күйлерін нотаға түсіріп, баспа беттеріне жинақ, монография, т.б. ғылыми еңбектер түрінде шығару қажет. Сонымен бірге Шығыс Қазақстанның Зайсан, Марқакөл, Күршім, Катон-Қарағай, Шұбартау, Аягөз, Шыңғыстау аймақтарына тараған күйлерді Қытай, Моңғолия елдеріндегі туындылармен салыстырмалы талдау жұмыстарын жүргізіп, олардың күйшілік дәстүрден алатын орнын, өзіндік музыкалық тілін, орындаушылық ерекшеліктерін айқындау арқылы Шығыс Қазақстан, Алтай-Тарбағатай күйшілік дәстүрінде алатын орнын белгілеу де болашақтың еншісінде. Сондай-ақ бұл өңірлерде тараған күйшілік мұраны насихаттап, оқу бағдарламасына енгізіп, орындаушылардың репертуарын байыту арқылы ұлттық құндылықтардың сақталуына, дамуына және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуына септігін тигізеді.

Әдебиеттер:

1. Ахмерұлы Қ. Баян-Өлгий қазақтарының домбыра және сыбызғы күйлері. – Өлгий, 1977. – 173 б.
2. Бекенов Д. Іле қазақтарының күйлері. – Алматы: Өнер, 1998. – 143 б.
3. Бекенов У. Күй табиғаты. – Алматы: Өнер, 1981. – 176 б.
4. Бекхожина Т. Даламның назды саздары. – Алматы: Өнер, 1996. – 208 б.
5. Бекхожина Т. Кюю-легенды. // Дернова В.П. Народная музыка в Казахстане (сб.статей). – Алматы, 1967. – 267 с.
6. Ибрагимов Т., Малаев С. Шыңғыстау өңірінің шертпелері: күйлер. – Алматы: «Айғаным» баспа үйі, 2016. – 96 б.
7. Игілік Б. Алыстағы шұғыла. Шыңжаң қазақтарының күйлері. – Алматы: Инжу-маржан, 2011. – 311 б.
8. Калиев С. Формы функционирования кюев-шертпе в контексте творческого мышления кюйши: автореф. дис. ... канд. иск.: 17.00.02. – Алматы, 1996. – 25 с.
9. Kaztuganova A., Omarova A., Kasimova Z., Turmagambetova B., Kuzembay S. (2019). Kazakh music in the global context // Utopía y Praxis Latinoamericana; ISSN 1315-5216; ISSN-e 2477-9555 Año 24, n° Extra 5, 2019, pp. 90-102 sjr 0.10 Q2 Percentile 32. DOI:10.32014/2020.2224-5294.124

10. Казтуғанова А. Инновационные методы в изучении казахского домбрового искусства. «Keruen» ғылыми журналы, 74(1) 2022. – 295–306 бб. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-23>
11. Қазақтың музыкалық фольклоры. Казахский музыкальный фольклор. – Алматы: Ғылым, 1982. – 263 б.
12. Қазтуғанова А. Моңғолия қазақтарының сыбызғы және домбыра күйлері // Шетел қазақтарының өнері: музыка мәдениеті. 1-кітап. Ұжымдық монография. – Алматы: «Қазақ университеті», 2014. – 267-334-б.
13. Мағауин М. Күй иесі Байжігіт. // Жұлдыз журналы, 1976. – № 9. – 180-185-б.
14. Маулет А. Шыңжаңдағы қазақ домбыра күйлерінің көркем-шығармашылық тәжірибесі – ұлттық бірегейлікті сақтау факторы ретінде: Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация: 6D041600 – Өнертану / ғыл. кеңесшілер: А.С. Сабирова, Ж.Хуаң; Т.Қ. – Алматы: Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, 2018.
15. Nedlina V. Kazakh traditional music in the system of culture: the reinterpretation of heritage between 20th-21st centuries // От голоса к инструменту: феномен звука в культурном наследии тюркоязычного мира. 5-й симпозиум исследовательской группы «Музыка тюркоязычного мира» при ICTM (21-23 апреля, 2016). – Алматы: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, 2016. – С. 302–312.
16. Ұлы даланың көне сарындары: Антология. Үш томдық. – Т. 2: Аспаптық көне сарындар. Дәстүрлі күй өнері / Жауапты редактор Қазтуғанова А.Ж. – Алматы: «Brand Book», 2020. – 1184 б.
17. Zhamenkeyev Y.Y., Medeubek S.M., Sengirbay G.S., Yerbol M.Y. (2016). Jocose kuys of Kazakh dombra tradition (International Journal of Environmental and Science Education), 11 (18), pp. 11427-11448. Article number: ijese.2016.829.

References:

1. Ahmeruly K. (1977). Dombra and sybyzgy kuys of Bayan-Olgii Kazakhs. – Olgii. – 173 p. (in Kaz)
2. Ancient motifs of the great steppe. Antology. (2020). Three volumes. – V. 2: Ancient instrumental motifs. Traditional art of kuy / Managing editor Kaztuganova A.Zh. – Almaty: Brand Book. – 1184 p. (in Kaz., Russ., Eng)
3. Bekenov D (1998). Kuys of Ili Kazakhs. – Almaty: Oner. – 143 p. (in Kaz)
4. Bekenov U. (1981). The nature of the kuy. – Almaty: Oner. – 176 p. (in Kaz)
5. Bekhozhina T. (1996). Gentle clays of my steppes. – Almaty: Oner. – 208 p. (in Kaz)
6. Bekhozhina T. (1967). Kuys-legends. // Dernova V.P. Folk music in Kazakhstan (collection of articles). – Almaty. – 267 p. (in Russ)
7. Ibragimov T., Malaev S. (2016). Shertpe kuys of Shingistau region: kuys. – Almaty: Aiganym. – 96 p. (in Kaz)
8. Igili B. (2011). A distant glow. The kuys of Xinjiang Kazakhs. – Almaty: Inzhu-marzhan. – 311 p. (in Kaz)
9. Kaliyev S. (1996). The forms of shertpe kuys functioning in the context of kuyshe's creative thinking: abstract of diss. ... Cand. of Art: 17.00.02. – Almaty. – 25 p. (In Russ)
10. Kazakh musical folklore. (1982). – Almaty: Gylm. – 263 p. (in Kaz)
11. Kaztuganova A. (2014). Sybyzgy and dombra kuys of Mongolian Kazakhs // Art of foreign Kazakhs: music culture. Book 1. Collective monograph. – Almaty: Kazakh university. pp. 267-334. (in Kaz)
12. Kaztuganova A., Omarova A., Kasimova Z., Turmagambetova B., Kuzembay S. (2019). Kazakh music in the global context // Utopía y Praxis Latinoamericana; ISSN 1315-5216; ISSN-e 2477-9555 Año 24, n° Extra 5, 2019, pp. 90-102 sjr 0.10 Q2 Percentile 32. DOI:10.32014/2020.2224-5294.124 (in Eng)
13. Kaztuganova, A. (2022). Innovative methods in the study of kazakh dombra art. *The Scientific Journal "Keruen"*, 74(1), 295–306. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2022.1-23> (in Russ)
14. Magauin M. (1976). The owner of kuy Baizhigit // Zhuldyz journal. – № 9. pp.180-185. (in Kaz)
15. Maulet A. (2018). Artistic and creative experience of Kazakh dombra kuys in Xinjiang as a factor in preserving national identity: Diss. ... Doctor of Philosophy (PhD): 6D041600. – Art history / scientific consultants: A.S.Sabirova, J.Huañ. – Almaty: T.Zhurgenov Kazakh National Academy of Arts. (in Kaz)
16. Nedlina V. (2016). Kazakh traditional music in the system of culture: the reinterpretation of heritage between 20th-21st centuries // From voice to instrument: the phenomenon of sound in the cultural heritage of the Turkic-speaking world. The 5th symposium of the research group «Music of the Turkic-speaking World» at ICTM (April 21-23, 2016). – Almaty: Kurmangazy Kazakh national conservatory. pp.302–312. (in Eng)
17. Zhamenkeyev Y.Y., Medeubek S.M., Sengirbay G.S., Yerbol M.Y. (2016). Jocose kuis of Kazakh dombra tradition // International Journal of Environmental and Science Education, 11 (18), pp. 11427-11448. Article number: ijese.2016.829. (in Eng).

Журнал 24.03.2005 жылы
Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы куәлік N 5844-Ж.

Журнал зарегистрирован 24.03.2005 года
в Комитете информации и архива Министерства культуры,
информации и спорта Республики Казахстан.
Свидетельство №5844-Ж по регистрации средства массовой информации

The journal was registered on March 24, 2005
in the Information and Archives Committee of the Ministry of Culture,
Information and Sports of the Republic of Kazakhstan.
Certificate No. 5844-Ж for registration of mass media

Дизайн және беттеу: **Ж. Рахметова**

Басуға 24.06.2024 ж. қол қойылды.
Көлемі 70x100¹/₆. Офсеттік басылым.
24,43 баспа табақ. Таралымы 500 дана.